14	Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1941 жылғы 8 қазандағы «Грузин, Әзербайжан және Армян КСР-лерінен немістерді қоныс аудару туралы» қаулысын жүзеге асыру туралы	13.10.1941
15	Немістерді республиканың облыс орталықтарынан қоныс аудару туралы	16.10.1941
16	Арнайы көшірілгендерді орналастыру туралы	27.10.1943
17	Арнайы көшірілгендерді Қазақ КСР-інде орналастыру іс-шаралары туралы	15.01.1944
18	Арнайы көшірілгендерді еңбекпен қамту туралы	17.05.1944
19	ҚК(б)П ОК бюросының 1944 жылғы 17 мамырдағы «Арнайы көшірілгендерді еңбекпен қамту туралы» қаулысының орындалуы туралы	15.06.1944
20	Солтүстік Кавказдан келген арнайы көшірілгендерді шаруашылық орналастыру жағдайы туралы	17.11.1944
21	Қазақ КСР-не орналастырылған арнайы көшірілгендерді шаруашылық орналастырудағы кемшіліктер туралы	26.04.1945
22	Павлодар облысы Цюрупин ауданындағы арнайы көшірілгендердің аштықтан жаппай қырылуы туралы	21.05.1945

2-кесте – Қазақстан Коммунистік (б) Партиясы Орталық Комитетінің №708 қорындағы Қазақстанға күштеп қоныс аударылғандар туралы қаулылары

№	Қаулылары мен сауалнама жүргізу арқылы шығарылған шешімдері	Мерзімі
1	Корейлер туралы	02.02.1938
2	Корейлерді орналастыру туралы	28.02.1938
3	Қоныстанушы корейлерді шаруашылық орналастыру барысы туралы	26.07.1938
4	Қызыл Орда облысы Қармақшы ауданының «Новый мир» және «Сталин» атты корей колхоздарын Ақтөбе облысына көшіру туралы	20.08.1938
5	Алматы және Қызылорда облыстарында корейлерді шаруашылық орналастыру жұмыстарының барысы туралы	22.08.1938
6	Ауыл-шаруашылық және балық аулау колхоздарында көшірілгендерді шаруашылық орналастыруды басқару туралы	22.09.1938
7	Республикаға көшірілген қоныстанушыларды қабылдау мен шаруашылық орналастыру туралы БК(б)П ОК мен Қ(б)КП ОК-нің шешімдерінің орындалу барысы туралы	20.05.1940

Келтірілген кестелерден көріп отырғанымыздай арнайы көшірілгендерді қабылдау

және орналастыру туралы Қазақстан Коммунистік (б) Партиясы Орталық Комитеті бюросы ХКК-мен біріге отырып немесе жекелей 29 қаулы мен шешім шығарған. Оның 22-сі «ерекше папкалар құжаттар» кешенінде сақтаулы болса, 7-і 708-қордағы хаттамаларда сақтаулы. Бұл жеті қаулы да 1940 ж. дейін көшірілгендерге байланысты қаулылар. Бұдан кейінгі жылдардағы көшірілгендерге байланысты қабылданған қаулының бәрі ерекше папкалар құжаттар кешенінде сақтаулы.

Халықтарды этностық белгісіне қарай жаппай күштеп қоныс аудару 1937 ж. басталып, бұл ауқымды іс-шараға іліккен ең алғашқы ұлттар Қиыр-Шығыс корейлері мен оңтүстік шекарадан қоныс аударылған ирандықтар болып табылады. Сондықтан арнайы көшірілгендерге байланысты ҚК(б)П ОК бюросының алғашқы шешімі қоныс аударылып келетін корей халқын қарсы алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастырушы комиссия мүшелеріне тапсырма беру туралы еді (ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 1-іс. 10-п.). Бұрын соңды одақтас республикаларда болмаған тұтас этностарды қысқа мерзім ішінде ешқандай дайындық жұмыстары жүргізілместен тұрақты мекен жайынан басқа республикаға үдере көшіру жұмыстары одақтық көлемдегі маңызды да ауқымды іс шара болғандықтан бұл мәселе «ерекше құпия аса маңызды» мәселелер туралы шешімдер мен қаулылар сақталатын Қазақстан Коммунистік (б) Партиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкалар» құжаттар кешеніне енгізілді. Сонымен қатар, тілі, діні, өмір сүру салты, кәсібі басқа және мүлдем басқадай климат ерекшеліктеріне үйренген ұлт өкілдерін шаруашылықтарға орналастыру шын мәнінде ерекше қадағалауды қажет еткен болатын. Сондықтан да корейлер мен ирандықтарды қабылдау және орналастыруға республика басшылығы үлкен жауапкершілікпен қарап, ешқандай олқылықтардың болмауын қатаң бақылауға алды.

Қазақстан Коммунистік (б) Партиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкаларындағы» күштеп қоныс аударылған халықтарды қабылдау туралы алғашқы құжат 1937 ж. 23 тамызында БК(б)П ОК мен КСРО ХКК қаулысына сәйкес ҚК(б)П ОК-нің комиссия мүшелеріне Қиыр Шығыс өлкесінен қоныс аударылған корейлерді орналастыратын аудандарды анықтап және осы шаруашылықтарды игеру туралы іс шаралар және ұсыныстар дайындау тапсырылады (ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 1-іс. 12-п.).

Қоныс аударылған корейлерді күрішшілер ретінде республикадағы күріш өсіру саласын дамытуға пайдалануды шешкен республика басшылығы корейлерді оңтүстік облыстардағы күріш өсіруге қолайлы жерлерге орналастыру туралы шешім қабылданды. Осылайша 1937 ж. қараша айында Орал қаласынан күрішшілерді жедел түрде Сыр бойындағы аудандарға көшіру туралы шешім қабылданады. Сонымен бірге солтүстік облыстардағы күрішшілерді топтастырып оларды келесі жылдың ақпан айына дейін Қордай ауданындағы Георгиевка каналының бойына 1000 корей шаруашылығын орналастыру қажет деп табылады. Ақтөбе обкомы мен облыстық атқару комитетіне Ярмухамед совхозына келген 900 корей шаруашылығынан бірнеше колхоздар ұйымдастырып, оларды шаруа малмен қамтамасыз етуді және көшер алдында Қиыр Шығыста мал өткізгені туралы түбіртектері болған жағдайда тиісті мал басын малдың сол түрінен беруді міндеттейді.

Корей балаларының оқуын жалғастыру мәселесі де назардан тыс қалмады. Халық ағарту комиссариатына корейлер тобымен және толық колхоздармен орналасқан аудандарға корей балаларына арналған корей мектептерін ашу мәселесін қарастыру тапсырылды. Онда корей балаларына сабақ беруге корей мұғалімдерімен қатар орыс мұғалімдерін пайдалану мүмкіндігін де есепке алу ұсынылды. Сонымен қатар, Халық ағарту комитетіне өз қарамағына корей педагогикалық институтын қабылдап уақтылы қаржыландыру ұсынылды. 1938 ж. Корей педагогикалық институтының контингентін 500 адам деп бекітіп, қалған қызметкерлерді Қазақстанның және өзге республикалардың тиісті салаларына жіберу ұсынылды.

Оңтүстік Қазақстан обкомына Қызылордада күнделікті жарық көретін корей газетін

шығару ұсынылды. Корей жазуының ерекшеліктері ескеріле отырып, Қазбаспаның Қызылорда баспаханасына Корей баспаханасынан барлық шрифтерді қабылдап алу жүктелді.

Корей радиохабарламасын таратып, ондағы жұмыс істейтін әртістер мен қызметкерлерден корейлерге қызмет көрсетуге арналған жылжымалы корей театрын ұйымдастыру (ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 1-іс. 17-п.).

Қазақстан Коммунистік (б) Партиясы Орталық Комитетінің бұл қаулысы арнайы қоныс аударылғандарды қабылдау, орналастыруда қоныс аударылған халықтың кәсібін, тіл ерекшеліктерін ескере отырып қабылданған бірден бір қаулы болып табылады. Корейлерді орналастыруда олардың үйреншікті кәсібі күріш егумен және балық аулаумен айналысатын облыстарға қоныстандыру туралы шешім қабылданды. Кейбір қаулыда оларды күрішшілер деп те атап көрсетеді.

Жоғарыда атап өткен кейбір зерттеушілердің корейлерді күштеп қоныс аударылған халықтардың қатарына жатқызбауы да корейлердің ерекше статусына байланысты болуы мүмкін.

Қазақстан Коммунистік (б) Партиясы Орталық Комитетінің №708 қорындағы жалпы хаттамаларында сақтаулы қаулылардың басым көпшілігі, дәлірек айтсақ жеті қаулының бесеуі қоныс аударылған корейлерді орналастыру мәселелеріне арналған.

Қиыр Шығыстан келген корейлерді орналастыруда оларды барынша тобымен орналастыруға тырысқан республика басшылығы Азербайджаннан келген 2000 иран шаруашылықтарын орналастыруда бұл тәсілін өзгертті. Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарының 17 ауданындағы 80 колхозына кішігірім топтарға бөліп орналастыру әдісіне ауысты (ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 1-іс. 17-п.). Корейлерді орналастырудағы қиыншылықтардың алдын алуға тырысқан республика басшылығының ауыртпалықтарды жергілікті шаруашылықтар арасында бөлу арқылы тапсырманы орындаудың тиімді жолын іздегені Орталықтың сынына ұшырады (Сборник документов, 2014: 437). Орталықтың пікірінше аса майда топқа бөлінген қоныс аударылғандарды еңбекпен қамту және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету қиынға түседі. Ирандықтарды қабылдау және орналастыру бойынша Қазақстан Коммунистік (б) Партиясы Орталық Комитеті бюросының осы жылдың 5 қарашасында қабылданған қаулысында алдыңғы қаулыға өзгерістер енгізіліп иран шаруашылықтарын колхоздарға бөлуде аса майдаламау ұйғарылды. Алматы облысында колхоздарға бөлінген иран шаруашылықтарының саны көлеміне қарай 20-дан 80-ге дейін ұлғайса, Оңтүстік Қазақстан облысында 33-тен 300-ге дейін ұлғайды (ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 1-іс. 71-п.). Сонымен қатар ирандарды көшірудегі жедел-ұйымдастыру шығындарына КСРО ХКК-інен бөлінген қаржыны жұмсау саясатына да өзгерістер енгізіліп, бұл жұмыстарға жоспарланған 695 490 сомды бекіту туралы Қазақстан Коммунистік (б) Партиясы Орталық Комитеті мен ХКК-нің 1938 ж. 6 қарашасындағы №38 қаулысының 18 бөлімін өзгертті. Қазақстан Коммунистік (б) Партиясы Орталық Комитеті мен ХКК-нің осы айдың 29 жұлдызындағы қаулысымен ХЖК (Халықтық жер комитетінің) қоныс аудару басқармасы мен ХҚК-не (Халықтық қаржы комитеті) жедел-ұйымдастыру жұмыстарына жұмсалатын шығындар сметасын Одақтық ХҚК-нің (Халықтық қаржы комитетінің) ескертпелеріне сәйкес қайта жасау, сонымен бірге ХҚК-не ХЖК-нің қоныс аудару басқармасы мен ХКК референтін қаржыландыруға республикалық бюджет есебінен 1939 ж. 1 қаңтарына дейін қаражат табу ұсынылды (ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 1-іс. 85-п.).

1940 ж. дейінгі күштеп қоныс аударылған корей, иран, армян, күрд, түрік ұлттарын қабылдау және орналастыру бойынша қабылданған қаулыларда «көшірілгендер» (переселенцы) термині қолданылып оларға деген партия басшылығының көзқарасы ерекше болды. Корей халқын қабылдауда партия басшылығы көшірілгендердің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, қолайлы жағдай жасауға тырысты. Ал 1940 жылдың күзінен басталған Украина мен Белорус КСР-ның батыс облыстарынан Қазақстанның Ақтөбе,

Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Семей және Ақмола облыстарына көшірілген халықтарға «арнайы көшірілгендер» термині қолданылды. «Арнайы көшірілгендерді» ІХК-ның контингенті ретінде санаған аудандық, облыстық атқару және партия комитеттері оларды орналастыруда, еңбекпен қамтуда салғырттық танытқан. Жүргізілген тексеріс нәтижесінде анықталғандай олардың басым бөлігі тұрақты жұмыспен ғана емес уақытша жұмыспен қамтылмаған болып шықты. Ал жұмысқа орналаса алғандардың айлық жалақысы әр облыста әртүрлі есептелген. Кей облыстарда айлық жалақыны толық мөлшерде төлеп отырса, кей облыстарда еңбеккүні екі есе жазылып, айлық жалақылары басқа жұмысшылармен салыстарғанда жартылай төленіп отырған. Мәселенің соңына дейін шешімін табуын күтіп ешқандай айлық жалақы төлемей отырған облыстар да болған. Мамандардың жетіспеушілігіне қарамастан арнайы көшірілгендер арасынан шыққан мамандарды жұмысқа алмаған.

Сонымен бірге оларды тұрғын үймен қамту мәселесі де өте қиын жағдайда екені анықталды. Олардың басым көпшілігі есік-терезелері мен пештері жоқ мал қораларда, сарайларда, моншаларда тұрып жатты. Ал колхозшылардың пәтерінде тұрып жатқан «арнайы көшірілгендерден» заттай өте үлкен өтемақы алынып отырған. Семей облысының Жаңа-семей ауданындағы 23 колхоздың 14-і өздерінен «арнайы көшірілгендерді» алып кетуін сұранып ІХК қатынас хат жіберген.

Арнайы көшірілгендердің балаларының мектепке орналастырылуы мен сабаққа қатысуы өте төмен деңгейде болды.

Кей жерлерде арнайы көшірілгендермен партия комитеттері ешқандай жұмыстар жүргізілмегендіктен, олар өз беттерімен әрекет етуге көшіп, нәтижесінде кейбір арнайы көшірілгендер антикеңестік, провокациялық әңгіме жүргізе бастаған.

Осындай кемшіліктерді жою мақсатымен ҚК(б)П ОК бюросы белгіленген мерзім ішінде барлық арнайы көшірілгендерді өнеркәсіптік кәсіпорындарда, колхоздарда, совхоздар мен МТС-де жұмыспен қамтамасыз етуді және жұмысқа бөлгенде кәсіпорын немесе колхоздарда тұрғын үй мен азық-түлік базасын есепке ала отырып жүзеге асыруды, ең алдымен партия немесе комсомол комитеттері бар мекемелерге бөлуді міндеттейді.

Облыстық және аудандық партия комитеттеріне арнайы көшірілгендерді шараушылық және кеңестік мекемелердегі педагогикалық және басқарушылық қызметтерден басқа жұмыс түрлерінде мамандықтары бойынша кеңінен пайдалану тапсырылады. Қазақ өнеркәсіптік кеңесі мен облыстық атқарушы комитеттерге арнайы көшірілгендердің мамандықтарына байланысты өнеркәсіп артельдерін ұйымдастыру тапсырылады. Арнайы көшірілгендер арасындағы жоғары квалификациялы мамандарды жұмыс істеп тұрған өнеркәсіптік артельдерде мамандығы бойынша, керек болған жағдайда техникалық басшы ретінде пайдалануға, арнайы көшірілгендерді сельпо мен өнеркәсіптік кооперацияларға мүшелікке жалпы талаптар негізінде қабылдауға рұқсат береді.

Колхоздарға жұмысқа орналасқан арнайы көшірілгендерге басқа колхозшылармен бірдей айлық жалақы төлеуге және ең төменгі азық-түлік корзинасын ерекше нұсқамалар болғанша айына үш рет беріп тұруды жүктеді.

Арнайы көшірілгендерге жұмыс істеп жатқан колхоздардың жеріне өз есебінен колхоздың келісімімен үй салуға, 1 сиыр, 3–5 ешкі мен қой, шектелмеген мөлшерде құс ұстауға рұқсат етілді.

Материалдық қамтамасыз етілмеген арнайы көшірілгендердің балаларын облыстық, аудандық атқару комитеттерінің ұсынуымен сол аймақтағы балалар үйіне орналастыруды, денсаулық сақтау ұйымдарына арнайы көшірілгендерге жалпы негізде медициналық қызмет көрсетуді, білім беру мекемелеріне арнайы көшірілгендердің балаларын жалпы негізде мектепке қабылдауды міндеттеді. Арнайы көшірілгендердің қиын материалдық

жағдайын пайдаланып олардан киім, бағалы заттар ретінде қымбат пәтерақысын алуға тыйым салынды.

Сонымен қатар олардың ерекше контингент екенін, олардың арасында жұмыс істеуден бас тартып, МТС және колхоз жұмыстарына кедергі келтіріп, антикеңестік-провокациялық пиғылдағы әңгімелерді таратушылардың бар екенін ескере отырып партия және комсомол ұйымдарына қырағы болуды жүктеді (ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 1-іс. 346-п.).

«Отчет о выполнении мероприятий по хозяйственному и бытовому устройству спецпереселенцев с Северного Кавказа, из Грузинской ССР и бывшей Крымской АССР» атты көлемді есеп «Не подлежит оглашению» айдарымен қалыптастырылған. Аталған есеп арнайы көшірілгендердің шаруашылық және еңбек жағдайында орналастырылуы бойынша 1946 ж. жүргізілген іс-шаралардың орындалуы туралы мәлімет береді. Есептің алғысөзінде көрсетілгендей 1943–1944 жж. Қазақ Республикасына Солтүстік Кавказ, бұрынғы Қалмақ АКСР, Қырым АКСР және Грузия КСР-інен арнайы көшірілгендер қоныстандырылғандығы туралы атап өтеді. Республика аумағына бір мезетте 500 мыңнан астам арнайы контингенттің келуі, эвакуацияланған халықтың мол шоғырлануы арнайы көшірілгендерге тұрғын жайлар ұсынудың қиындығын туындатты. Арнайы көшірілгендердің жаңа орынға орналасуға қарсылық танытуы, көндігуі қиындықпен жүзеге асқандықтан, оларды шаруашылық және тұрмыстық жағынан қамтамасыз ету, еңбекпен қамту мен жайлы орналастырудың жұмысын ұзаққа созып жіберді. Қазақстанның орталық билік жүйесі арнайы көшірілгендердің жағдайын жақсарту мақсатында біршама қаулылар мен шешімдер қабылдап, олардың еңбекпен қамтылып, тұрмыстық, әлеуметтік жағынан қорғалуына баса назар аударды. Аталған есепте көрсетілгендей 1946 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша республика аумағына 107 272 отбасы, оның ішінде 412 191 адам арнайы көшірілгендер есепке алынды. Тұрғын үймен қамтамасыз ету, несиені игеру және тұрғын үй құрылысы, білім және әлеуметтік қорғау, мал беру, өндірістік тауарлармен жабдықтау, қаржылай көмек, реэвакуация және т. б. тақырыптар бойынша облыстардағы жағдай туралы жан-жақты мәлімет берілген. (ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 22-іс. 18-48-п.).

Қазақ КСР Ішкі істер министрі генерал-майор А. Пчелкиннің 1948 ж. 10 тамыздағы Қазақстан К(б) К Орталық Комитетінің хатшысына жолдаған «Спецсообщение о хозяйственно-бытовом и трудовом использовании спецпоселенцев, расселенных на территории Казахской ССР» атты ақпарат «Совершенно секретно» айдарымен жолданған. Бұл құжатта облыстардың ішкі істер басқармаларының 1948 ж. 1 шілдедегі жағдай бойынша арнайы көшірілгендердің шаруашылық-тұрмыстық жағдайы және еңбек шарттарына пайдаланылуы туралы дерек береді. Арнайы көшірілгендердің тұрмыстық жағдайы, үймен қамтамасыз етілуі, жаңа үйлер салу мен ескі үйлерді жөндеп беру барысы туралы баяндалады (ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 22-іс. 53-56-п.).

Қазақ КСР-і ішкі істер министрі И.И. Долгихтің грек-арнайы көшірілгендердің орналастырылуы бойынша жазған баяндау жазбасы бойынша С. Кругловтың 1949 ж. 14 қыркүйектегі Ж. Шаяхметовке жолдаған қызметтік жазбасында аталған мәселе бойынша атқарылған жұмыстарды тізбелеп көрсетеді. Бұл баяндау жазбадан белгілі болғандай: КСРО Министрлер Кеңесінің 1949 ж. 24 шілдедегі қаулысымен колхоздарға үй жанынан жер алып оларда арнайыкөшірілгендердің малын бағуға, басқа колхозшылармен бірдей құқықта еңбеккүн жазылуға құқылы екендігін атап өтеді. Осы қаулымен КСРО Ауылшаруашылық банкі ақылы тұрғын салу мен жөндеу жұмыстарын жүргізуге несие алуға рұқсат етілген (ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 22-іс. 76-п.).

Қорытынды

Тоталитарлық режимнің халықтарды этностық белгісіне қарай күштеп қоныс аудару процесі екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында басталып, соғыс аяқталғаннан кейін де

1954 ж. дейін жүргізілді. Сол кезеңде Қазақстан территориясына күштеп қоныс аударылған халықтарды қабылдап, орналастыру процесі мобилизациялау және оккупацияланған территориялардан эвакуацияланған адамдар мен кәсіпорындарды орналастырумен қатар жүрді. Соған қарамастан Қазақстан территориясына күштеп қоныс аударылған халықтардың аман қалу пайызы басқа өңірлермен салыстырғанда жоғары болып саналады. Жергілікті кеңестік атқарушы билік органдары мен партия комитеттерінің осы жұмыстарды орындаудағы ресурстардың жетіспеушілігінен, жүктелген міндеттерді дұрыс түсінбеушіліктен және салғырттық салдарынан жіберілген кемшіліктері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің тікелей қадағалауымен реттеліп отырды. Жіберілген қателіктер мен кемшіліктер дер кезінде бақылауға алынып түзетілді. Кейбір өңірлерде орын алған қылмыстық жағдайларға кінәлі лауазымды тұлғалар жауапқа тартылды. Осы іс-шараға байланысты қабылданған қаулылардың «ерекше папкалар» құжаттар кешеніне енуі, бұл мәселенің сол кезеңдегі күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін аса маңызды болғанын байқауға болады. Қазақстан Республикасы Президенті Архивінде жоғары партия органының «аса құпия», «құпия» айдарымен қалыптастырылған істерде күштеп қоныс аударылғандар туралы деректер 708 қордың «ерекше папкалар» құжаттар кешенінде сақталуда. Бұл дереккөздер құпиясыздандырылған соң ғана зерттеуші ғалымдар мен депортацияланғандардың ұрпақтарының қолына еркін беріле бастады. Құпиясыздандырылған деректердің ақпараттары Қазақстанға депортацияланған халықтардың ұлттық құрамы, экономикалық-әлеуметтік жағдайы туралы жан-жақты мәлімет береді. Дереккөздер арқылы Қазақстанның ХХ ғ. 30–50 жж. саяси тарихына қатысты ақтаңдақтар қалпына келтіріліп зерттеулер жалғасуда.

Әдебиеттер

Абуов, 2008 – Абуов Н.А. Депортации народов в Казахстан в 1936-1957 годы (на материалах Северо-Казахстанской и Кокчетавской областей): автореф. дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. Караганда, 2008. – 28 с.

Абылхожин, 1997 – Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. Алматы: Университет Туран, 1997. – 360 с.

Агиев, 2002 – Агиев Р.С. Трагедия чеченского и ингушского народов в 30-е – 50-е годы XX века. Депортация, спецпоселение, реабилитация: дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. Ростов-на-Дону, 2002. – 201 с.

Аджиева, 2001 – Аджиева Э.А. Депортация народов Северного Кавказа в годы Великой Отечественной войны: причины и следствия. На примере карачаевского и балкарского народов: автореф. дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. Пятигорск, 2001. – 30 с.

Алдажуманов, 1997а – Алдажуманов К. Күштеп көшіру: жымысқы саясат, басқыншылық әрекет. Қазақ тарихы. 1997. №4. – 33 с.

Алдажуманов, 1997б – Алдажуманов К.С. Депортация народов – преступление тоталитарного режима. Алматы: Фонд «XXI век», 1997. – 243 с.

Алдажуманов, 2000 – Алдажуманов К.С. Расселение депортированных немцев в Казахстане в 1941-1945 гг. История немцев Центральной Азии. Алматы, 2000. – С. 245-250.

Ан, 2004 – Ан Р.К. Социально-экономическое развитие корейцев в Семиречье (1937-2003 гг.). Исторический аспект: дис. ... канд. ист. наук. Алматы, 2004. – 185 с.

Ауман, 1994 – Ауман В.А. Депортация российских немцев в восточные районы СССР. Немецкий российский этнос. Вехи истории. Материалы научной конференции. 24-25 июня 1994 г. М., 1994. – С. 350-355.

Базанова, 1987 – Базанова Ф.Н. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР (национальный аспект). Алма-Ата: Наука, 1987. – 190 с.

Баймаханов, 1996 – Баймаханов М. Юридические аспекты депортации народов. Мысль.

1996. №3. – С. 74-78.

Баймаханов, 1998 – Баймаханов М. Депортация народов и проблема прав человека. Материалы семинара. Алматы: Фонд «XXI век», 1998. – 320 с.

Бельгер, 1991а – Бельгер Г. Родство. Алма-Ата: «Казахстан», 1991. – 256 с.

Бельгар, 1996 – Бельгер Г. Зловещий лик тирании. Наука Казахстана. 1996. №3(63) – С. 4-8.

Бельгер, 1991б – Бельгер Г. Манкуртизация: истоки и последствия. Простор. 1991. №1. – С. 152-155.

Бугай, 1990 – Бугай Н.Ф. Правда о депортации чеченского и ингушского народов. Вопросы истории. 1990. №7. – 33 с.

Бугай, 1993 – Бугай Н.Ф. Депортация народов в СССР: история и современность. Конфедерация репрессированных народов РФ 1990-1992. М., 1993. – С. 250-255.

Будгарт, 1997 – Будгарт Л.А. Немцы в Восточном Казахстане в 1941-1956 гг. Депортация и жизнь в условиях спецпоселения. Усть-Каменогорск, 1997. – 251 с.

Вормсбехер, 1988 – Вормсбехер Г. Немцы в СССР. Знамя. 1988. №11. – С. 193-203.

Жабоев, 1994 – Жабоев М.Н. Репрессированные народы: история и современность. Нальчик, 1994. – 230 с.

Жаманкулов, 1994 – Жаманкулов С. Поляки в Казахстане в 30-е годы. Карагандинские вести. 1994, 12 марта.

Жангуттин, 2001 – Жангуттин Б. Статус и правовое положение спецпереселенцев в Казахстане в 1930-е годы. Отан тарихы. 2001. №2. – С. 59-65.

Жангуттин, 2003 – Жангуттин Б. О некоторых причинах смертности населения Казахстана в годы Великой Отечественной войны. Высшая школа Казахстана. 2003. №2. – С. 151-157.

Земсков, 1990 – Земсков В.Н. К вопросу о репатриации советских граждан. 1944-1951 гг. История СССР. 1990. №4. – С. 85-89.

Земсков, 1991а – Земсков В.Н. Заключение, ссыльнопоселенцы, ссыльные и высланные. История СССР. 1991. №5. – С. 32-36.

Земсков, 1991б – Земсков В.Н. Массовое освобождение спецпоселенцев и ссыльных. Социс. 1991. №1. – С. 10-13.

Земсков, 1994 – Земсков В.Н. Судьбы кулацкой ссылки. Отечественная история. 1994. №1. – С. 25-26.

Ибрагимбейли, 1989 – Ибрагимбейли Х.М. Плоды произвола. Литературная газета. 1989, 17 мая.

Ибрагимбейли, 1991 – Ибрагимбейли Х.М. Вернуть Родину. Дать возможность построить дом. Российская газета. 1991, 24 июня.

Из истории депортации. Казахстан 1930-1935 гг. Сборник документов. Алматы: LEM, 2012. – 722 с., 24 стр.

Из истории депортации. Казахстан. 1935-1939 гг. Сборник документов. Алматы: LEM, 2014. 740 с. С. 437.

Калыбекова, 2005 – Калыбекова М.Ч. Казахстан как объект переселения депортированных народов (1937-1956 гг.). Исторический аспект: дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. Алматы, 2005. – 180 с.

Ким, 1965 – Ким Сын Хва. Очерки по истории советских корейцев. Алма-Ата, 1965. – 204 с.

Ким, 1982 – Ким И. Советский корейский театр. Алма-Ата, 1982. – 150 с.

Ким, 1988 – Ким Г.Н. Корейцы в братской семье народов Казахстана. Алма-Ата, 1988. – 230 с.

Ким, 1990 – Ким Г.Н. Социально-культурное развитие корейцев Казахстана (1946-1966). Алма-Ата, 1990. – 260 с.

Ким, 1995 – Ким Г.Н., Мен Д.В. История и культура корейцев Казахстана. Алматы: МГП «Принт», 1995. – 346 с.

Кичихин, 1990 – Кичихин А.Н. Советские немцы: откуда, куда и почему? Военно-исторический журнал. 1990. №9. – С. 28-38.

Козыбаев, 1991а – Козыбаев М.К. История и современность. Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 203 с.

Козыбаев, 1991б – Козыбаев М.К. Немцы Советского Казахстана: факты и действительность. История Казахстана: белые пятна. Алма-Ата, 1991. – С. 237-241.

Козыбаев, 1997 – Козыбаев М.К., Алдажуманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. Алматы: Фонд «XXI век», 1997. – 186 с.

Козыбаев, 2000 – Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В двух книгах. Книга вторая. Алматы, 2000. – 184 с.

Кононова, 1989 – Кононова М.Н., Мшвелидзе И.С. Архив снимает гриф «секретно». Советские архивы. 1989. №5. – С. 10,11.

Кульбаев, 2001 – Кульбаев Т., Хегай А. Депортация. Алматы, 2001. – 267 с.

Кыдыралина, 2000 – Кыдыралина Ж.У. Спецпереселенцы и трудармейцы в Западном Казахстане (1937-1956 гг.): дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. Алматы, 2000. – 185 с.

Қойгельдиев, 1993 – Қойгельдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? Алматы: Ана тілі, 1993. – 208 б.

ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 1-іс. 10-п.

ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 1-іс. 12-п.

ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 1-іс. 17-п.

ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 1-іс. 17-п.

ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 1-іс. 71-п.

ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 1-іс. 85-п.

ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 22-іс. 18-48-п.

ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 22-іс. 53-56-п.

ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 22-іс. 76-п.

ҚР ПА. 708-қ. 1/1-т. 1-іс. 346-п.

Лайгер, 1990 – Лайгер М.П. Социально-культурное развитие немцев Казахстана: научно-аналитический обзор. Алма-Ата: Наука, 1990. – 360 с.

Лайгер, 1991 – Лайгер М.П. Судьба немцев СССР на переломных этапах истории. Человек и его время. М., 1991. – С. 130-139.

Луи, 1958 – Луи де Ионг. Немецкая пятая колонна во второй мировой войне. М., 1958. – 358 с.

Машимбаев, 2000 – Машимбаев С.М., Исова Л.Т. Проблема истории польских переселенцев в Казахстане (1936-1946 гг.). Алматы, 2000. – 460 с.

Мен, 1992 – Мен Д., Квон Л., Ким З., Пан А. Советские корейцы Казахстана. Энциклопедический справочник. Алматы, 1992. – 250 с.

Михайлова, 1997 – Михайлова Л. Их везли, словно скот, в товарных вагонах. Акмолинская правда. 1997, 5 января.

Некрич, 1978 – Некрич А. Наказанные народы. Нью-Йорк: 1978. – 350 с.

Нурман, 2004 – Нурман Ш.Т. История переселенческой политики Советской власти в Казахстане (1920-1941 гг.): дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. Алматы, 2004. – 175 с.

Омарбеков, 1994 – Омарбеков Т. Зобалаң. Алматы, 1994. – 189 б.

Пассат, 1997 – Пассат В.И. Эвакуация немецких колонистов с территории Бессарабии и Северной Буковины в 1940 году. Отечественная история, 1997. №2. – 88 с.

Полян, 2001 – Полян П. Не по своей воле. История и география принудительных миграций в СССР. М., 2001. – 321 с.

Полян, 2007 – Полян П. Операция «Чечевица»: депортация вайнахов в марте 1944 года.

Звезда. 2007. №3. – С. 167-174.

Романов, 1998 – Романов Ю. Депортация народов и проблема прав человека. Материалы семинара. Алматы: Фонд «XXI век», 1998. – 320 с.

Романов, 2000 – Романов Ю.М. История политических репрессий и депортации немцев в Казахстан в исторических исследованиях. История немцев Центральной Азии. Алматы, 2000. – С. 320-325.

Сталинские депортации. 1928-1953 гг. 5-6 стр.

Табулденов, 2015 – Табулденов А.Н. Депортации народов и эвакуация населения в Северный Казахстан (1937-1956 годы): монография, Костанай: Костанайская академия МВД РК им. Ш. Кабылбаева, 2015. – 192 с.

Тебуев, 1997 – Тебуев Р.С. Депортация карачаевцев. Документы рассказывают. Черкесск, 1997. – 277 с.

Хан, 1994 – Хан Г.В. История корейцев Казахстана. Алматы: Ғылым, 1995. – 260 с.

Хан, 1997 – Хан Г.В. Корейцы в Казахстане: депортация и обретение новой родины. Нива, 1997. №4. – С. 4, 5.

Хан, 2001 – Хан Г.В. Корейцы в Степном крае. Алматы: ВШП «Әділет», 2001. – 136 с.

Хасанаев, 1997 – Хасанаев М. «Для расселения выделить районы Казахстана...». Депортация народов и проблема прав человека: материалы семинара. 12 июня 1997 г. Алматы, 1997. – С. 28-34.

Хегай, 1996 – Хегай А. Был и остаюсь правозащитником. Закон и время. №2, 1996 – С. 60-65.

Черныш, 2000 – Черныш П.М., Хан В.Н. Корейцы Костанайской области. Костанай, 2000. – 347 с.

Чомаев, 1993 – Чомаев К.И. Наказанный народ. Грозный, 1993. – 255 с.

Шаббаев, 1994 – Шаббаев Д.В. Правда о выселении балкарцев. Нальчик: Эльбрус, 1994. – 255 с.

Шаманов, 1999 – Шаманов И.М. Наказаны по национальному признаку. Черкесск, 1999. – 190 с.

Шахбиев, 1996 – Шахбиев З. Судьба чечено-ингушского народа. М.: «Россия молодая», 1996. – 479 с.

Штрек, 1999 – Штрек В.К. Немцы. Алматы: Білім, 1999. – 102 с.

Эрлих, 1988 – Эрлих К. Живое наследие. Алма-Ата, 1988. – 380 с.

Ярочкина, 2005 – Ярочкина Е.В. Корейцы Северного Казахстана. Исторический аспект: дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. Алматы, 2005. – 174 с.

References

Abuov, 2008 – Abuov N.A. Deportacii narodov v Kazahstan v 1936-1957 gody (na materialah Severo-Kazahstanskoj i Kokchetavskoj oblastej): avtoref. dis. ... kand. ist. nauk: 07.00.02. Karaganda, 2008. – 28 s. [in Russian]

Abylhozhin, 1997 – Abylhozhin Zh.B. Oчерki social'no-jekonomicheskoj istorii Kazahstana. XX vek. Almaty: Universitet Turan, 1997. – 360 s. [in Russian]

Adzhieva, 2001 – Adzhieva Je.A. Deportacija narodov Severnogo Kavkaza v gody Velikoj Otechestvennoj vojny: prichiny i sledstvija. Na primere karachaevskogo i balkarskogo narodov: avtoref. dis. ... kand. ist. nauk: 07.00.02. Pjatigorsk, 2001. – 30 s. [in Russian]

Agiev, 2002 – Agiev R.S. Tragedija chechenskogo i ingushskogo narodov v 30-e – 50-e gody XX veka. Deportacija, specposelenie, rehabilitacija: dis. ... kand. ist. nauk: 07.00.02. Rostov-na-Donu, 2002. – 201 s. [in Russian]

Aldazhumanov, 1997 – Aldazhumanov K. Kushtep koshiru: zhymysqy sajasat, basqynshylyq areket. Qazaq tarihy. 1997. №4. – 33 s. [in Kazakh]

- Aldazhumanov, 1997 – Aldazhumanov K.S. Deportacija narodov – prestuplenie totalitarnogo rezhima. Almaty: Fond «XXI vek», 1997. – 243 s. [in Russian]
- Aldazhumanov, 2000 – Aldazhumanov K.S. Rasselenie deportirovannyh nemcev v Kazahstane v 1941-1945 gg. Istorija nemcev Central'noj Azii. Almaty, 2000. – S. 245-250. [in Russian]
- An, 2004 – An R.K. Social'no-jekonomicheskoe razvitie korejcev v Semirech'e (1937-2003 gg.). Istoricheskij aspekt: dis. ... kand. ist. nauk. Almaty, 2004. – 185 s. [in Russian]
- Auman, 1994 – Auman V.A. Deportacija rossijskih nemcev v vostochnye rajony SSSR. Nemeckij rossijskij jetnos. Vehi istorii. Materialy nauchnoj konferencii. 24-25 ijunja 1994 g. M., 1994. – S. 350-355. [in Russian]
- Bajmahanov, 1996 – Bajmahanov M. Juridicheskie aspekty deportacii narodov. Mysl'. 1996. №3. – S. 74-78. [in Russian]
- Bajmahanov, 1998 – Bajmahanov M. Deportacija narodov i problema prav cheloveka. Materialy seminara. Almaty: Fond «XXI vek», 1998. – 320 s. [in Russian]
- Bazanova, 1987 – Bazanova F.N. Formirovanie i razvitie struktury naselenija Kazahskoj SSR (nacional'nyj aspekt). Alma-Ata: Nauka, 1987. – 190 s. [in Russian]
- Bel'gar, 1991 – Bel'ger G. Rodstvo. Alma-Ata: «Kazahstan», 1991. – 256 s. [in Russian]
- Bel'gar, 1996 – Bel'ger G. Zloveshij lik tiranii. Nauka Kazahstana. 1996. №3(63) – S. 4-8. [in Russian]
- Bel'ger, 1991 – Bel'ger G. Mankurtizacija: istoki i posledstvija. Prostor. 1991. №1. – S. 152-155. [in Russian]
- Budgart, 1997 – Budgart L.A. Nemcy v Vostochnom Kazahstane v 1941-1956 gg. deportacija i zhizn' v uslovijah specposelenija. Ust'-Kamenogorsk, 1997. – 251 s. [in Russian]
- Bugaj, 1990 – Bugaj N.F. Pravda o deportacii chechenskogo i ingushskogo narodov. Voprosy istorii. 1990. №7. – 33 s. [in Russian]
- Bugaj, 1993 – Bugaj N.F. Deportacija narodov v SSSR: istorija i sovremennost'. Konfederacija repressirovannyh narodov RF 1990-1992. M., 1993. – S. 250-255. [in Russian]
- Chernysh, 2000 – Chernysh P.M., Han V.N. Korejcy Kostanajskoj oblasti. Kostanaj, 2000. – 347 s. [in Russian]
- Chomaev, 1993 – Chomaev K.I. Nakazannyj narod. Groznyj, 1993. – 255 s. [in Russian]
- Han, 1994 – Han G.V. Istorija korejcev Kazahstana. Almaty: Gylym, 1995. – 260 s. [in Russian]
- Han, 1997 – Han G.V. Korejcy v Kazahstane: deportacija i obretenie novej rodiny. Niva, 1997. №4. – S. 4, 5. [in Russian]
- Han, 2001 – Han G.V. Korejcy v Stepnom krae. Almaty: VShP «Adilet», 2001. – 136 s. [in Russian]
- Hasanaev, 1997 – Hasanaev M. «Dlja rasselenija vydelit' rajony Kazahstana...». Deportacija narodov i problema prav cheloveka: materialy seminara. 12 ijunja 1997 g. Almaty, 1997. – S. 28-34. [in Russian]
- Hegaj, 1996 – Hegaj A. Byl i ostajus' pravozashhitnikom. Zakon i vremja. 1996. №2. – S. 60-65. [in Russian]
- Ibragimbejli, 1989 – Ibragimbejli H.M. Plody proizvola. Literaturnaja gazeta. 1989, 17 maja. [in Russian]
- Ibragimbejli, 1991 – Ibragimbejli H.M. Vernut' Rodinu. Dat' vozmozhnost' postroit' dom. Rossijskaja gazeta. 1991, 24 ijunja. [in Russian]
- Iz istorii deportacii. Kazahstan 1930-1935 gg. Sbornik dokumentov. Almaty: LEM, 2012. – 722 s., 24 str. [in Russian]
- Iz istorii deportacii. Kazahstan. 1935-1939 gg. Sbornik dokumentov. Almaty: LEM, 2014. 740 c. S. 437. [in Russian]
- Jarochkina, 2005 – Jarochkina E.V. Korejcy Severnogo Kazahstana. Istoricheskij aspekt: dis. ... kand. ist. nauk: 07.00.02. Almaty, 2005. – 174 s. [in Russian]
- Jerlih, 1988 – Jerlih K. Zhivoe nasledie. Alma-Ata, 1988. – 380 s. [in Russian]

- Kalybekova, 2005 – Kalybekova M.Ch. Kazakhstan kak ob'ekt pereselenija deportirovannyh narodov (1937-1956 gg.). Istoricheskij aspekt: dis. ... kand. ist. nauk: 07.00.02. Almaty, 2005. – 180 s. [in Russian]
- Kichihin, 1990 – Kichihin A.N. Sovetskie nemcy: otkuda, kuda i pochemu? Voennistoricheskij zhurnal. 1990. №9. – S. 28-38. [in Russian]
- Kim, 1965 – Kim Syn Hva. Ocherki po istorii sovetskih korejcev. Alma-Ata, 1965. – 204 s. [in Russian]
- Kim, 1982 – Kim I. Sovetskij korejskij teatr. Alma-Ata, 1982. – 150 s. [in Russian]
- Kim, 1988 – Kim G.N. Korejcy v bratskoj sem'e narodov Kazahstana. Alma-Ata, 1988. – 230 s. [in Russian]
- Kim, 1990 – Kim G.N. Social'no-kul'turnoe razvitie korejcev Kazahstana (1946-1966). Alma-Ata, 1990. – 260 s. [in Russian]
- Kim, 1995 – Kim G.N., Men D.V. Istorija i kul'tura korejcev Kazahstana. Almaty: MGP «Print», 1995. – 346 s. [in Russian]
- Kononova, 1989 – Kononova M.N., Mshvelidze I.S. Arhiv snimaet grif «sekretno». Sovetskie arhivy. 1989. №5. – S. 10,11. [in Russian]
- Kozybaev, 1991 – Kozybaev M.K. Istorija i sovremennost'. Alma-Ata: Gylym, 1991. – 203 s. [in Russian]
- Kozybaev, 1991 – Kozybaev M.K. Nemcy Sovetskogo Kazahstana: fakty i dejstvitel'nost'. Istorija Kazahstana: belye pjatna. Alma-Ata, 1991. – S. 237-241. [in Russian]
- Kozybaev, 1997 – Kozybaev M.K., Aldazhumanov K.S. Totalitarnyj socializm: real'nost' i posledstvija. Almaty: Fond «XXI vek», 1997. – 186 s. [in Russian]
- Kozybaev, 2000 – Kozybaev M.K. Kazakhstan na rubezhe vekov: razmyshlenija i poiski. V dvuh knigah. Kniga vtoraja. Almaty, 2000. – 184 s. [in Russian]
- Kul'baev, 2001 – Kul'baev T., Hegaj A. Deportacija. Almaty, 2001. – 267 s. [in Russian]
- Kydyralina, 2000 – Kydyralina Zh.U. Specpereselenicy i trudarmejcy v Zapadnom Kazahstane (1937-1956 gg.): dis. ... kand. ist. nauk: 07.00.02. Almaty, 2000. – 185 s. [in Russian]
- Lajger, 1990 – Lajger M.P. Social'no-kul'turnoe razvitie nemcev Kazahstana: nauchno-analiticheskij obzor. Alma-Ata: Nauka, 1990. – 360 s. [in Russian]
- Lajger, 1991 – Lajger M.P. Sud'ba nemcev SSSR na perelomnyh jetapah istorii. Chelovek i ego vremja. M., 1991. – S. 130-139. [in Russian]
- Lui, 1958 – Lui de long. Nemeckaja pjataja kolonna vo vtoroj mirovoj vojne. M., 1958. – 358 s. [in Russian]
- Mashimbaev, 2000 – Mashimbaev S.M., Isova L.T. Problema istorii pol'skih pereselencev v Kazahstane (1936-1946 gg.). Almaty, 2000. – 460 s. [in Russian]
- Men, 1992 – Men D., Kvon L., Kim Z., Pan A. Sovetskie korejcy Kazahstana. Jenciklopedicheskij spravocnik. Almaty, 1992. – 250 s. [in Russian]
- Mihajlova, 1997 – Mihajlova L. Ih vezli, slovno skot, v tovarnyh vagonah. Akmolinskaja pravda. 1997, 5 janvarja. [in Russian]
- Nekrich, 1978 – Nekrich A. Nakazannye narody. N'ju-Jork: 1978. – 350 s. [in Russian]
- Nurman, 2004 – Nurman Sh.T. Istorija pereselencheskoj politiki Sovetskoj vlasti v Kazahstane (1920-1941 gg.): dis. ... kand. ist. nauk: 07.00.02. Almaty, 2004. – 175 s. [in Russian]
- Omarbekov, 1994 – Omarbekov T. Zobalan. Almaty, 1994. – 189 b. [in Kazakh]
- Passat, 1997 – Passat V.I. Jevakuacija nemeckih kolonistov s territorii Bessarabii i Severnoj Bukoviny v 1940 godu. Otechestvennaja istorija, 1997. №2. – 88 s. [in Russian]
- Poljan, 2001 – Poljan P. Ne po svoej vole. Istorija i geografija prinuditel'nyh migracij v SSSR. M., 2001. – 321 s. [in Russian]
- Poljan, 2007 – Poljan P. Operacija «Chechevica»: deportacija vajnahov v marte 1944 goda. Zvezda. 2007. №3. – S. 167-174. [in Russian]

- Qojgel'diev, 1993 – Qojgel'diev M., Omarbekov T. Tarih tagylymy ne dejdi? Almaty: Ana tili, 1993. – 208 b. [in Kazakh]
- QR PA. 708-q. 1/1-t. 1-is. 10-p. [in Kazakh]
- QR PA. 708-q. 1/1-t. 1-is. 12-p. [in Kazakh]
- QR PA. 708-q. 1/1-t. 1-is. 17-p. [in Kazakh]
- QR PA. 708-q. 1/1-t. 1-is. 17-p. [in Kazakh]
- QR PA. 708-q. 1/1-t. 1-is. 71-p. [in Kazakh]
- QR PA. 708-q. 1/1-t. 1-is. 85-p. [in Kazakh]
- QR PA. 708-q. 1/1-t. 22-is. 18-48-p. [in Kazakh]
- QR PA. 708-q. 1/1-t. 22-is. 53-56-p. [in Kazakh]
- QR PA. 708-q. 1/1-t. 22-is. 76-p. [in Kazakh]
- QR PA. 708-q. 1/1-t. 1-is. 346-p. [in Kazakh]
- Romanov, 1998 – Romanov Ju. Deportacija narodov i problema prav cheloveka. Materialy seminara. Almaty: Fond «XXI vek», 1998. – 320 s. [in Russian]
- Romanov, 2000 – Romanov Ju.M. Istorija politicheskikh repressij i deportacii nemcev v Kazahstan v istoricheskikh issledovaniyah. Istorija nemcev Central'noj Azii. Almaty, 2000. – S. 320-325. [in Russian]
- Shabaev, 1994 – Shabaev D.V. Pravda o vyselenii balkarcev. Nal'chik: Jel'brus, 1994. – 255 s. [in Russian]
- Shahbiev, 1996 – Shahbiev Z. Sud'ba checheno-ingushskogo naroda. M.: «Rossija molodaja», 1996. – 479 s. [in Russian]
- Shamanov, 1999 – Shamanov I.M. Nakazany po nacional'nomu priznaku. Cherkessk, 1999. – 190 s. [in Russian]
- Shtrek, 1999 – Shtrek V.K. Nemcy. Almaty: Bilim, 1999. – 102 s. [in Russian]
- Stalinskie deportacii. 1928-1953 gg. 5-6 str. [in Russian]
- Tabuldenov, 2015 – Tabuldenov A.N. Deportacii narodov i jevakuacija naselenija v Severnyj Kazahstan (1937-1956 gody): monografija, Kostanaj: Kostanajskaja akademija MVD RK im. Sh. Kabyldaeva, 2015. – 192 s. [in Russian]
- Tebuev, 1997 – Tebuev R.S. Deportacija karachaevcev. Dokumenty rasskazyvajut. Cherkessk, 1997. – 277 s. [in Russian]
- Vormsbeher, 1988 – Vormsbeher G. Nemcy v SSSR. Znamja. 1988. №11. – S. 193-203. [in Russian]
- Zemskov, 1990 – Zemskov V.N. K voprosu o repatriacii sovetskih grazhdan. 1944-1951 gg. Istorija SSSR. 1990. №4. – S. 85-89. [in Russian]
- Zemskov, 1991 – Zemskov V.N. Massovoe osvobozhdenie specposelencev i ssyl'nyh. Socis. 1991. №1. – S. 10-13. [in Russian]
- Zemskov, 1991 – Zemskov V.N. Zakljuchennyye, ssyl'noposelency, ssyl'nye i vyslannyye. Istorija SSSR. 1991. №5. – S. 32-36. [in Russian]
- Zemskov, 1994 – Zemskov V.N. Sud'by kulackoj ssylki. Otechestvennaja istorija. 1994. №1. – S. 25-26. [in Russian]
- Zhaboev, 1994 – Zhaboev M.N. Repressirovannyye narody: istorija i sovremennost'. Nal'chik, 1994. – 230 s. [in Russian]
- Zhamankulov, 1994 – Zhamankulov S. Poljaki v Kazahstane v 30-e gody. Karagandinskie vesti. 1994, 12 marta. [in Russian]
- Zhanguttin, 2001 – Zhanguttin B. Status i pravovoe polozhenie specpereselencev v Kazahstane v 1930-e gody. Otan tarihy. 2001. №2. – S. 59-65. [in Russian]
- Zhanguttin, 2003 – Zhanguttin B. O nekotoryh prichinah smertnosti naselenija Kazahstana v gody Velikoj Otechestvennoj vojny. Vysshaja shkola Kazahstana. 2003. №2. – S. 151-157. [in Russian]

УДК / UDC 94(574)

Ұлт ұстазы және оқу ісі (ҚР Президенті Архивінің құжаттары негізінде)

Гүлшат Рамазанқызы Нұрымбетова¹

¹Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Қазақстан, Алматы, ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерттеу орталығының басшысы, с.ғ.д., профессор

Аннотация. Мақалада ҚР Президенті Архивіндегі құжаттарды талдау негізінде жазылған Ахмет Байтұрсыновтың білім саласын дамытуға қосқан үлесі айтылады. Автор архив құжаттарына сүйене отырып, өзінің білім мен ғылымға деген көзқарастарының эволюциясын бақылап, кеңестік дәуірдегі бұл ойлардың іс жүзінде жүзеге асу барысын да көрсетеді.

Автор архив құжаттарын 3 топқа жіктеуді ұсынады. Бірінші топтың құжаттары Ахмет Байтұрсыновтың 1917–1929 жж. өмірі мен шығармашылығына қатысты болса, екінші топқа 1929–1938 жж. аралығын қамтитын саяси қуғын-сүргінге байланысты құжаттар жатады. Бұл құжаттардың ішінде ұзақ жылдар бойы зерттеушілер үшін жабық және «құпия» санатында сақталған ІХК қабырғасында құрылған архивтік қылмыстық ісі бар екенін айта кеткен жөн. Ал үшінші топқа 1960–2020 жж. аралығындағы А. Байтұрсыновтың саяси ақталуына қатысты құжаттар кіреді.

Түйін сөздер: ұлт ұстазы, оқу-білім, ғылым, саяси қуғын-сүргін, тарихи жады, архив құжаттары.

Учитель нации и система образования (на основе документов Архива Президента РК)

Гүлшат Рамазановна Нұрымбетова¹

¹Архив Президента Республики Казахстан, Казахстан, Алматы, руководитель Центра изучения материалов политических репрессий XX века, д.п.н., профессор

Аннотация. В статье на основе анализа документов Архива Президента РК раскрывается вклад Ахмета Байтурсынова в развитие образования. Автор на основе архивных документов прослеживает эволюцию его взглядов на образование и науку, а также показывает процесс реализации этих идей на практике в советское время.

Автор предлагает классифицировать архивные документы на 3 группы. Документы первой группы относятся к жизни и деятельности Ахмета Байтурсынова в 1917–1929 гг., ко второй группе относятся документы, связанные с политическими преследованиями, охватывающие период между 1929–1938 гг. Следует отметить, что среди этих документов имеется созданное в стенах НКВД архивное уголовное дело, долгие годы закрытое для исследователей и хранившееся под грифом «секретно». В третью группу входят документы по политической реабилитации А. Байтурсынова в 1960–2020 гг.

Ключевые слова: учитель нации, образование, наука, репрессия, историческая память, архивные документы.

The national teacher and educational system (based on the documents of the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan)

Gulshat R. Nurymbetova¹

¹Archive of the president of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty, head of the Center for the study of materials of political repressions of the XX century, doctor of political sciences, professor

Abstract The article, based on the analysis of documents of the Archive of the President of Kazakhstan, reveals the contribution of Akhmet Baitursynov to the development of education. The author traces the evolution of his views on education and science on the basis of archival documents, and also shows the process of implementation of these ideas in practice in the Soviet era.

The author proposes to classify archival documents into 3 groups. The documents of the first group related to the life and activities of Akhmet Baitursynov in 1917-1929. The second group includes documents related to political persecution covering the period from 1929 to 1938. It should be noted that among these documents there is an archive criminal case created within the NKVD, closed for researchers for many years and kept under the seal «secret». The third group includes documents on political rehabilitation of A.Baitursynov in 1960-2020. The article, based on the analysis of documents of the Archive of the President of Kazakhstan, reveals the contribution of Akhmet Baitursynov to the development of education. The author traces the evolution of his views on education and science on the basis of archival documents, and also shows the process of implementation of these ideas in practice in the Soviet era.

The author proposes to classify archival documents into 3 groups. The documents of the first group related to the life and activities of Akhmet Baitursynov in 1917-1929. The second group includes documents related to political persecution covering the period from 1929 to 1938. It should be noted that among these documents there is an archive criminal case created within the NKVD, closed for researchers for many years and kept under the seal «secret». The third group includes documents on political rehabilitation of A.Baitursynov in 1960-2020.

Key words: national teacher, education, pedagogy, archive documents.

2022 ж. қазақтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде атап өтілді. Мерейтойды атап өту аясында Арқалық пен Қостанайда, Алматы мен Астанада, Париж бен Анкарада алқалы жиындар өтті. Ахмет Байтұрсынұлына арналған ескерткіштер ашылды.

Ахмет Байтұрсынұлының есімі мен мұрасын халықпен табыстырған еліміздің тәуелсіздігі. Тәуелсіздіктің арқасында Ахмет Байтұрсынұлының қызметі әділ бағасын алып, шығармашылық мұрасы ғылыми айналымға енуде. Оқу құралдары мен шығармалары, аудармалары жарық көрді. Атап айтсақ, 1991 ж. академик Р. Нұрғалиевтің алғы сөзімен «А.Байтұрсынов. Ақ жол, Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу», 2006 ж. Ахмет Байтұрсынұлының 6-томдық шығармалар жинағы А. Исмахованың басшылығымен жарық көрді. Аталмыш жинақтарға А. Байтұрсынұлының оқу құралдары, аудармалары, мақалалары енген. Бұл өз кезегінде елімізде ахметтану негізін салуға септескені сөзсіз. Осы жылдарда Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен мұрасын зерттеген талай еңбектер дүниеге келді. Біздің ойымызша, Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен қызметі жайлы сөз болғанда «Алаш» қозғалысының дүниеге келуі, «Алаш» партиясының, «Алаш Орда автономиясының»

құрылуы мен қызметі тығыз байланыста қарастырылады. Сондықтан осы мәселеге тарихшылармен қатар әдебиет тарихын зерттеушілер, тіл мамандары, саясаттанушылар да қалам тартқанын айтқанымыз орынды болар. Мысалы, тарихшылар К. Нұрпейісұлының, М. Қойгелдиевтің, Д. Аманжолованың, Т. Хазіретәлінің, Ө. Озғанбайдың, С. Смағұлованың (Нұрпейісұлы, 2010; Қойгелдиев, 1995; Қойгелдиев, 2014; Аманжолова, 2013), әдебиетшілер С. Қирабаевтың, Р. Нұрғалидың, Ш. Сәтбаеваның, Т. Жұртбайдың, Д. Қамзабекұлының (Қирабаев, 2012; Қамзабекұлы, 2002; Жұртбай, 2007; Жұртбай, 2012), тіл мамандары Р. Сыздықованың, Ғ. Әнестің, Ш. Құрманбайұлының еңбектері жарық көрді (Сыздықова, 1990; Кенжебаев, Әнес, 2018; Құрманбайұлы, 2013). Докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалды. Сондай-ақ архив құжаттарының жинақтары да жариялануда (Ахметжанова, Мәлікова, Оспанов, Тайшыбай, 2018; Қойгелдиев, Мырзатаева, 2022). Алаш қайраткерлерінің, соның ішінде А. Байтұрсынұлының мұрасы ұшан-теңіз, сан-қырлы. Зерттеулер қатары жыл өткен сайын Байтұрсыновтың атын беру, Байтұрсынов портретін мерекеде және мектептерде ілу, Байтұрсыновты материалдық қамтамасыз ету, Қаулыны жүзеге асыру үшін техникалық комиссия құру. Екінші құжат – 1923 ж. 23 қаңтарда өткен РКП (б) Қырғыз облыстық комитеті мәжілісінің хаттамасы. Мәжілісте А. Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойын атап өту туралы мәселе күн тәртібіне қойылып, 3 тармақтан тұратын келесі шешім қабылданған: «1. Бұл мерейтойдың кеңестік органдармен ұйымдастырылуына жол бермеу. 2. Жеке тұлғалардың мерейтойды атап өтуіне қарсылық көрсетпеу. 3. Мерейтойда совет органдарының атынан сөйлейтін жолдастардың сөздерінің мазмұнына жауапкершілікті С. Сейфуллинге жүктеу».

Мақаланың мақсаты А. Байтұрсынұлының оқу-білімге, ғылымға қатысты көзқарастарын талдай отырып, архив құжаттарының негізінде өз идеяларын кеңестік дәуірде қалай жүзеге асырғанын көрсету.

А. Байтұрсынұлының білім, ғылымға қатысты көзқарасы. А. Байтұрсынұлы қазақ қоғамындағы өзекжарды мәселелерді шешуде ағартушылықты басшылыққа алғаны айқын. Ағартушылық – XVIII–XIX ғғ. дамыған идеялық ағым екені белгілі. Ағартушылыққа берілген анықтамаға сүйенсек бұл ағымның өкілдері ізгілік, әділеттілік идеялары мен ғылыми таным-білім негіздерін тарату жолдары арқылы қоғам кемшіліктерін түзетуге, оның саясатын, тұрмысын өзгертуге ұмтылды.

Ол 1924 ж. 4 шілдеде толтырған жеке іс парағында өзінің негізгі кәсібін сабақ беру мен әдебиет деп көрсете отырып, осы ағартушылық саласында 1895 ж. қызмет етудемін деп көрсеткен екен (ҚР ПА. 139 қ., 1 т., 1016 іс, 109 п.).

А. Байтұрсынұлының ағартушылық қызметін келесі бағыттарда қарастыруымызға болады. Біріншіден, мерзімді басылымды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырды. «Қазақ» газетінің бірінші нөмірінде оқырманға арналған бас мақалада газетті «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп анықтап, оның қажеттігін «...газета – халыққа білім таратушы, олай дейтініміз газетадан жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, іс те жеттікпекші» (Смағұлова, Әнес, Замзаева, 2009) деп көрсеткен екен. Демек, газетте қазақ қоғамын алаңдатқан мәселелерді көтеріп, халыққа жеткізу арқылы өз халқын рухани кемелділік биігіне жетеледі. Екіншіден, кітап жазу ісін ұйымдастырды. Мысалы, 1909 «Қырық мысал», 1911 ж. «Маса» жарық көрген кітаптары айғақ. Үшіншіден, әлемдік әдебиет өкілдерінің шығармаларын аударып, оларды қазақ қоғамына етене таныстырды. Тәуелсіздік тұсында «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары аясында әлемдік үздік авторлар кітаптарының, оқулықтарының қазақ тіліне аударылғаны белгілі, ал осы істің бастауында қазақ ағартушылары тұрғанын ұмытпауымыз керек. Төртіншіден, өз шығармаларында оқу-білім мәселелерін көтеріп, оның қажеттігін қоғамға түсіндіру жолында жан-тәндерімен қызмет етті. Оның

білім, ғылымға қатысты ұстанымдары анық та қанық еді. Әр жылдарда жазылған шығармаларында, әсіресе, оқу-білімді игеру мәселесі бірінші орында тұрды. Атап айтсақ, 1913–1914 жж. «Қазақ» газетінде жарық көрген «Оқу жайы», «Орысша оқушылар», «Қазақша оқу жайынан», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» мақалаларында. Ал оқу-білім алу үшін мектепті ұйымдастыру мәселесі жалпылама түрде емес, нақты анықталып, негізделді. Сол мектепті ұйымдастыру үшін керектердің қатарында бірінші кезекте, «білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. ...Үшінші, мектепке керегі белгіленген программа» (Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы, 2013: 316). Сонымен, мұғалімнің кәсібилігі, оқулық мәселесі, одан кейін оқу бағдарламасы қойылған. Осы күн тәртібіне қойылған мәселелерді жеке-жеке қарастырып көрелік.

Оқу-білім мен мектептің қажеттігінің негізделуі. А. Байтұрсынұлы 1913 ж. «Қазақ» газетінде жарық көрген «Оқу жайы» атты мақаласында оқу-білімнің қажеттігін: «Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрамыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» (Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы, 2013: 302) деп анықтаған. Осылайша, кез келген халықты үдемелі дамуға, өркениетке жетелейтін де, оларды теңестіретін де оқу екенін көрсеткен. Осы орайда, А. Байтұрсынұлының өзі «Қазақтың бас ақыны» деп ұлықтаған Абайдың «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық» дегені еске түседі. Бұдан біз ой сабақтастығын, жалғастығын көреміз. Осы ойын ол әрі қарай: «Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгіл өтпей тұрғанда үйренсек тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік» (Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы, 2013: 303) – деп тереңдете түседі. Яғни, оқу-білімді игеру отарлықтан құтқаратын, тәуелсіздікке жеткізетін бірден бір жол ретінде қарастырылып отыр. Патша өкіметінің қазақтарды оқыту мәселесіне қатысты саясатын «Хүкімет қазаққа қазақша мектеп салып бермейді, қазақтың қазақша оқуын тіпті де тілемейді. Сондықтан мектептерімізді тәртіпке қою, қазақша оқуды халыққа тарату – өз міндетіміз» (Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы, 2013: 304) деп дәл анықтаған. Тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген жетістігіміз қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін бердік. Алайда, қазақ тілі әлі күнге дейін «жетім баланың» күйін кешіп отырғаны белгілі.

Мұғалімнің рөлі мен кәсібилігі жайында. Ұстаз – ең сыйлы, құрметті мамандық, кәсіп. А. Байтұрсынұлы «Мектеп керектері» мақаласында «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы» (Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы, 2013: 315) деп баланың білімді болуы мұғалімнен тікелей тәуелді екенін көрсеткен. Ал мұғалім қандай болуы керек деген сұраққа да жауап іздеген, «Қазақша оқу жайында» мақаласында: «...бір нәрсені істегенде сол істі істей білетін адам істесе шапшаң да, жақсы да істейді. Бұл жалғыз қол ісі емес, ми ісінде де солай. ... Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек» (Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы, 2013: 308). Бұдан оның кез келген істе кәсібилікке, демек адам өзінің қолынан келетін іспен айналысқанда нәтиже болатынына аса көңіл бөлгені байқалады. Яғни мұғалім өзі оқытатын пәнді игеріп қана қоймай, баланың жан-дүниесін түсіне алатын адам болуы керектігін айтқан. Бұл айтылғандар қай мұғалімге болсын керек қасиеттер.

Бұдан бір ғасырға жуық бұрын айтылса да, әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған ойлар дер едік. Себебі 2019 ж. әлемді жайлаған пандемия еліміздегі орта білім беру саласындағы талай мәселелерді күн тәртібіне қойғаны белгілі. Соның ішінде, қоғамдағы мұғалім мәртебесіне көңіл бөлу қажеттігін көрсетіп, айшықтап берді.

Оқулық, оқу құралдары мәселесі. Оқулық, оқу құралдарын мектеп керектерінің бірі ретінде қарастыра отырып, оларды жазуға барынша атсалысқан. Мысалы, оның әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912–1925 жж. аралығында 7 рет қайта басылып, ұлтты біліммен сусындатуға үздіксіз қызмет етті.

Оқу бағдарламасы. А.Байтұрсынұлы бағдарламаны «...Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбек үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін, бастауыш мектепке үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі» деп анықтаған. Бұл мәселеге Жалпы қазақ құрылтайының (сиезінің) оқу мәселесіне қатысты қаулысында да көңіл бөлінген: «1. Ұлт мектептеріне программа жасау. 2. Мұғалімдер қалай оқыту тәртіптерін үйрететін жолбасшы кітаптар жазу. 3. Тәрбие жайынан кітаптар жазу. 4. Бүкіл қазақ-қырғызға оқу ісін қалай жүргізу туралы жоба шығару. 5. «Қазақ» емлесін тексеріп, түзету. 6. Қазақ-қырғыз тіліне пайдалы кітаптарды тәржімә ету» күн тәртібіне өткір қойылды. Өзіміз көріп отырғандай қаулыда Алаш зиялылары көтерген мәселелердің барлығы қамтылған. Қазіргі кезеңде орта білім беру бағдарламаларының мамандармен қайта-қайта талқыланып, өзгеріске жиі ұшырауы оны қалыптастырудағы принциптердің анық еместігінен десек қате болмас.

Кеңестік дәуірде де А. Байтұрсынұлының өз идеясына, сеніміне адал болғанын көреміз. Оған архив құжаттары дәлел. Президент Архиві қорларында Ахмет Байтұрсынұлына қатысты құжаттар сақталған. Оларды 3 топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа 1917–1929 жж. аралығындағы өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар кірсе, екінші топқа 1929–1938 жж. аралығын қамтитын саяси қудалануына қатысты құжаттар кіреді. Айта кеткен жөн, бұл құжаттардың ішінде ұзақ жылдар зерттеушілер үшін жабық болған, құпия грифпен сақталып келген кезіндегі ІХК қабырғасында дүниеге келген архивтік қылмыстық ісі бар. Ал үшінші топты 1960–2020 жж. аралығындағы саяси ақталуына қатысты құжаттар құрайды.

Кеңестік кезеңде атқарған қызметтері оқу-ағарту саласымен тікелей байланысты. Бұған қатысты мәліметтер 1929 ж. 12 мамырда жазған өмірбаянында толық қамтылған. Ол «...1919-шы жылдың екінші жартысынан 20-шы жылдың соңына дейін Қазақ Өлкелік Әскери-Революциялық Комитеті құрамында оның мүшесі ретінде қызмет атқардым. Әскери-Революциялық Комитеттің мүшесі бола жүріп 20-шы жылдан мен өзімнің лингвистикалық жұмысымды жандандыра бастадым, ал 1921 ж. тек лингвистикалық ғана емес, оқу-педагогикалық жұмысты да қатар жүргізіп, Қазақстанда жауапты қызметтер атқардым: әуелде оқу-ағарту ісі бойынша Халық комиссары, сонан соң оның орынбасары, сонан соң Академиялық орталықтың төрағасы, одан ары Академиялық орталық комиссиясының мүшесі, ең соңында, Қазақ оқу-ағарту комиссариаты жанында ғылыми методист қызметін атқардым», – деп жазған. Сонымен А.Байтұрсынұлы 1920 ж. қазан айы мен 1921 ж. қазан айы аралығында халық ағарту комиссары, 1921 ж. қазан айы мен 1922 ж. маусым айы аралығында халық ағарту комиссарының орынбасары қызметін атқарды. 1920 ж. КАССР Совнаркомға Халық ағарту ісінің жай-күйі туралы А. Байтұрсынов баяндама жолдаған (ҚР ПА. 140 қ., 1 т., 74 іс. 6-9 п.). Баяндамада сол кездегі халық ағарту саласында орын алып отырған түйткілді мәселелер мен оларды шешу жолдары көрсетілген. Баяндама 4 бөлімен тұрады:

Бірінші мектеп ісі мәселесі. Мектеп ашу үшін бірінші кезекте осы мектепте жұмыс жасайтын мұғалімдерді қысқа мерзімді педагогикалық курстарда дайындау. Тұрақты педагогикалық курстар ашу.

Екінші мектептен тыс іс саласы. Сауатсыздықпен күрес. 100 адамға есептелген 32 курс ашу. Семейде – 7, Ақмолада – 8, Торғайда – 5, Оралда – 7, Бөкей және Волга-Каспийде – 5. Мәдени-ағартушылық мекемелері – оқу залдарын ұйымдастыру. Әр ауылда оқу үйлерін ұйымдастыру. Сондай-ақ музей ісін ұйымдастыру. Облыстарда, уездерде музейлер ашу. Көшпелі тұрғындар үшін көшпелі және жазғы/қысқы тұрақтарында тұрақты мектептер ашу.

Өлке ерекшелігі мен психологиясын ескеру: жергілікті халықтың қырғыз тілін білетін қызметкерлерді дайындау туралы мәселе маңызды. Әртүрлі сұрақтар бойынша қысқа мерзімдік съездер өткізу. Мысалы, азық-түлік мәселесі және т. б. бойынша. Мұндай курстарда әңгімелер, лекциялар мен пікір-таластар ана тілінде жүргізілуі керек. Осы мақсатқа кадрларды әзірлеу үшін Орынбор қаласында ұзақтығы 3 айдан 6 айға дейінгі мерзімге саяси-ағартушылық курстарын ұйымдастыру қажет.

Үшінші мәселе – жаңа адамды тәрбиелеу. Жаңа адамды тәрбиелеу бесіктен басталып кәметтік жасқа дейінгі уақытты қамтуы керек. Ата-анасыз қалған балаларға қамқорлық көрсету мақсатында балалар мекемелерін ұйымдастыру. Осы мақсатта Балаларды қорғау бөлімін ұйымдастыру көзделді. Бұл салада да мамандарды даярлау курстарын ұйымдастыру мәселесі көтерілген. Балалар үйінде, балабақшада балаларды қырғыз тәрбиешілері ана тілінде тәрбиелеулері керек.

Мектеп ісі саласындағы жұмыс қырғыз тілінде оқулықтар дайындап, мектеп ғимараттарын жөндеуден өткізіп, жаңадан салғанда алға басады. Мектептен тыс білім беру саласындағы жұмыста қырғыз тіліндегі баспасөзді күшейтуді қажет етеді. Оқулықтар мен баспасөзді күшейту үшін әдеби жазатын адамдар жұмылдырылуы керек. Демек, жұмыспен әр саланың өз маманы айналысу қажеттігі айтылып отыр.

Оқуда, білім беруде оқулықтың ауадай қажеттігін жақсы түсіне білген А. Байтұрсынұлы 1920–1921 жж. Халық ағарту комиссары қызметінде оқулық жазу ісін жүйелендірді. Оған Қазақстан Республикасы Президенті архиві қорларында сақталған құжаттар дәлел. Халық ағарту комиссариаты хаттамаларында бұл мәселені күн тәртібіне қойып, шешуге барынша үлес қосқан. Осы ұйымдастырушылық жұмыстың арқасында Қ. Кемеңгерұлының – тарих, М. Дулатовтың, Ә. Ермаковтың – математика, Ж. Аймауытұлының – психология, М. Жұмабайұлының – педагогика, Е. Омарұлының – физика, геометрия, Ж. Күдеріұлының – биология, Х. Досмұхамедұлының – анатомия, зоология, Т. Шонанұлының – тарих, тілге арналған оқу құралдары жарық көрді.

Сондай-ақ, осы жылдарда орыс тіліндегі оқулықтар, ғылыми еңбектер де қазақ тіліне аударылды. 1921 ж. 13 қаңтарда Халық ағарту комиссары А. Байтұрсынұлы өткізген оқу құралдарын даярлау туралы кеңес 19 тармақтан тұратын қаулы қабылдайды. Соның бірі аударма ісіне арналған болатын: «Бірінші һәм екінші буын мектептердің оқу жобасына жанастырып, төменгі кітаптар тәржімалансын: арифметика, геометрия, естествознание, алгебра, география, жалпы һәм қазақ-қырғыз тарихы, мектептегі гигиена».

Осылайша, А. Байтұрсынұлы Халық ағарту комиссары қызметін атқара жүріп, қазақ мектептеріне арналған оқулық, оқу құралдары мәселелерін шешуге басшылық жасады. Алайда, оның алашшыл ұстанымы коммунистік партия идеологиясына жақпай, ол партиялық жазалауға ұшырайды. 1921 ж. партияны тазалау жөніндегі Губерниялық комиссияға жазған «Жазығым не?» деген өтінішінде ол «Мен екеуінің бірін таңдауым керек болды: не қырғыз тілінің оқулығын дайындаумен айналысуым не партиялық жиналыстарға қатысуым керек болды... Мен өзімді қырғыз тілі бойынша жұмыста қабілетті әрі пайдалы, оның үстіне бұл саладағы жұмысым партиялық жиналыстардағы жұмысымнан гөрі табысты деп есептегендіктен бірінші жұмысты таңдадым» (ҚР ПА. 813 қ., 1 т., 23 іс. 5-6 п.) деп өзінің азаматтық ұстанымын бүкпесіз ашық айтқан. Бұл ол үшін оқулық жазу жұмысының қаншалықты маңызды болғанын дәлелдей түседі.

Кеңес үкіметі А. Байтұрсынұлын партия қатарынан шығарумен шектелген жоқ. Ол қазақ халқына қызмет етемін деген ұстанымы үшін өмірінің соңына дейін қуғындалды. Партиялық жазалаудан кейін де кеңес үкіметі алаш қайраткеріне күмәнмен қарауын тоқтатқан жоқ. Мемлекеттік саяси басқарма қызметкерлерінің 1922 ж. 23 қыркүйекте аса құпия белгісімен РК(б)П Қырғыз (Қазақ) облыстық бақылау комитетіне дайындаған баяндамасында кеңес үкіметіне қарсы жұмыс жасайтын 3 топ бар, соның 2-ші тобын А.Байтұрсынов басқарады деп көрсеткен екен. Арада 5-6 жыл өткенде, 1928 ж. соңы – 1929 ж. алғашқы жартысында, «Алаш ісіне» байланысты бірінші процесс басталып та кетті. Осы жауапқа тартылған 44 адамның ішінде А. Байтұрсынұлы да бар еді. Ол 1929 ж. 2 маусымда тұтқындалған. Оған келесі айыптар тағылды: алашордашыларға амнистия жариялағаннан кейін Валидовпен және Ермековпен бірігіп контрреволюциялық ұйым құрды, аталмыш ұйымның мүшесі ретінде контрреволюциялық күрес жүргізуші Валидовпен байланыста болды, басмаштар талқандалып, шетелге қашқан Валидовпен тағы да байланыс орнатуға талаптанды, Қазақстандағы байлар мүлкі тәркіленгеннен кейін далада қарулы контрреволюциялық қозғалыс ұйымдастыруды талқылады. РСФСР Қылмыстық кодексінің 58/2, 58/4 және 58/10, 58/11 баптары бойынша оны алғашқыда ату жазасына кесіп, кейін 1930 ж. 4 сәуірдегі БМСБ қаулысына сәйкес 10 жылға Соловецк лагеріне айдауға жіберіледі. Соловецк лагерінен КСРО-ғы Саяси тұтқындарға көмек көрсететін жалғыз құқық қорғау ұйымын басқарған Е.П. Пешкованың көмегінің арқасында босап шыққан. Е.П. Пешкова бұл ұйымды 1922–1937 жж. аралығында басқарған еді. Архив құжаттарына үңілсек А. Байтұрсынұлының жұбайы Б. Байтұрсынованың, А. Байтұрсынұлының өзінің Е.П. Пешковамен хат алмасулары 2,5 жылға жуық уақытқа созылған екен. Сондай-ақ бұл іске Ә. Бөкейханов та араласып, А. Байтұрсыновқа көмек беруін өтініп Е.П. Пешковаға бірнеше рет хат жазған. Соның нәтижесінде 1933 ж. 4 шілдедегі БМСБ қаулысына сәйкес А. Байтұрсынұлы отбасымен қосылуға рұқсат алады.

Оның ойы мен идеяларынан қауіптенген кеңес үкіметі кітаптары мен оқу құралдарын қолданыстан алып тастауға дейін барды.

1937 ж. 2 маусымда өткен Қазақстанның өлкелік комитетінің бюро отырысында «Алаш-ордашыл ұлтшыл әдебиетті қолданыстан алып тастау туралы» шешім қабылданған (ҚР ПА. 141 қ., 1 т., 12820 іс. 10-11 п.). Келесі бір құжатта қоғамдық пайдалану кітапханалары мен кітап сату желісінен қолданыстан алып тастауға жататын басылымдардың тізімінде А. Байтұрсынұлының 14 оқу құралы нақты көрсетіліп, сонымен бірге басқа да кітаптары мен брошюралары алынып тасталсын делінген. Атап айтсақ, А. Байтұрсынұлының Тіл жұмсар, Тіл құралы, Практикалық грамматика сияқты оқу құралдары бар.

Мұның барлығы қамауға алу алдындағы дайындық жұмыстары еді. Осылайша А. Байтұрсынұлының отбасымен табысуы ұзаққа созылмады. 1937 ж. 11 тамызда оған ІХК қаулысы бойынша айып тағылып, қамауға алынды. Үш айдан астам уақыт ішінде ІХК жендеттері А. Байтұрсынұлына жасамаған қылмысын жасадым деп мойындатыпты. Айыпталушы А. Байтұрсынұлының барлық қылмыстары дәлелденіп, 1937 ж. 21 қарашасында оған қатысты айыптау қорытындысы шығарылады. Ал 25 қарашада өткен ІХКБ үштігінің отырысында А.Байтұрсынұлы атылсын деген шешім шығарылған.

XX ғ. 50–60 жж. саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау кезеңінде, нақтылар болсақ 1962 ж., Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қосымша жүргізген тексеруінің нәтижесінде 1937 ж. 25 қарашадағы Алматы облысының УНКВД Үштігінің шешімін өзгеріссіз қалдыру ұсынылып, оны республика прокуроры қолдаған. Осылайша, жазықсыз жанды ақтау 30 жылға жуық уақытқа созылып, тек 1988 ж. жүзеге асырылды.

Қорытындылар болсақ, маса болып ызыңдап, қазақ халқын білімді болуға шақырған А. Байтұрсынұлы білімді игеру отаршылдық езгіден азат болудың бірден бір жолы деп

білді. Ұлтының азаттығын көздеген ол қолдан келген мүмкіндіктің бәрін кәдеге жаратты. Осы жолда еңбек етті. Білім беру жолында А. Байтұрсынұлы өмірі мен мұрасынан алар тағылымыз әлі де мол. Ең бастысы бір ғасырдан астам уақыт өткеніне қарамастан А. Байтұрсынұлы көзқарастарының, идеяларының өміршеңдігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Әдебиеттер

- Нұрпейісұлы, 2010 – Нұрпейісұлы К, Алаш ақиқаты, Алматы: 2010
- Қойгелдиев, 1995 – Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы. 1 кітап, Алматы: 1995
- Қойгелдиев, 2014 – Қойгелдиев М., Қазақ елі: ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. – XXI ғ. басы), Алматы: 2014
- Аманжолова, 2013 – Аманжолова Д., Алаш: исторический смысл демократического выбора, Алматы: 2013
- Қирабаев, 2012 – Қирабаев С., Ахмет Байтұрсынов – тәуелсіздік жыршысы: Қазақ. №14-15, 2012
- Қамзабекұлы, 2002 – Қамзабекұлы Д., Алаш және әдебиет. Астана, 2002
- Жұртбай, 2007 – Жұртбай Т., «Ұраным – Алаш!..», Түрме әфсанасы, Жегі. 1 том. Алматы, 2007
- Жұртбай, 2012 – Жұртбай Т., «Ұраным – Алаш!..», Түрме әфсанасы, Талқы. 3 том. Алматы, 2012
- Сыздықова, 1990 – Сыздықова Р., А. Байтұрсынов. Алматы, 1990
- Кенжебаев, Әнес, 2018 – Кенжебаев Ғ., Әнес Ғ., Халел Досмұхамедұлы. Алматы, 2018
- Құрманбайұлы, 2013 – Құрманбайұлы Ш., Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ терминологиясы. Ана тілі, 21-27 ақпан, 2013
- Ахметжанова, Мәлікова, Оспанов, Тайшыбай, 2018 – Ахметжанова Ғ.Б., Мәлікова С.З., Оспанов К.Қ., Тайшыбай З.С. Мағжан Жұмабай өмірі мен шығармашылығының шежіресі. Т.1. Петропавл, 2018
- Қойгелдиев, Мырзатаева, 2022 – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары) – Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50 годы XX века). Т.3. Ахмет Байтұрсынұлы. Қиянатқа қарсылық. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: М. Қойгелдиев (жауапты ред.), З. Мырзатаева, жалпы редакциясын басқарған Е.Т. Қарин. Астана, 2022.
- ҚР ПА. 139 қ., 1 т., 1016 іс, 109 п.
- Смағұлова, Әнес, Замзаева, 2009 – Қазақ газеті. 1913 жыл. Құраст. С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. Алматы, 2009.
- Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы, 2013 – Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы. Т.4. Алматы, 2013.
- ҚР ПА. 140 қ., 1 т., 74 іс. 6-9 п.
- ҚР ПА. 813 қ., 1 т., 23 іс. 5-6 п.
- ҚР ПА. 141 қ., 1 т., 12820 іс. 10-11 п.

References

- Nurpejisuly, 2010 – Nurpejisuly K, Alash akikaty, Almaty: 2010 (in Kazakh)
- Kojgeldiev, 1995 – Kojgeldiev M., Alash kozgalysy. 1 kitap, Almaty: 1995 (in Kazakh)
- Kojgeldiev, 2014 – Kojgeldiev M., Qazaq eli: ulttyk biregejlikti saktau zholyndagy kyres (XIX g. – XXI g. basy), Almaty: 2014 (in Kazakh)
- Amanzholova, 2013 – Amanzholova D., Alash: istoricheskij smysl demokraticeskogo vybora, Almaty: 2013 (in Russian)

- Kirabaev, 2012 – Kirabaev S., Ahmet Bajtursynov – tauelsizdik zhyrshysy: Qazaq, 2012, №14-15 (in Kazakh)
- Kamzabekuly, 2002 – Kamzabekuly D., Alash zhane adebiet, Astana: 2002 (in Kazakh)
- Zhurtbaj, 2007 – Zhurtbaj T., «Uranym – Alash!..», Turme afsanasy, Zhegi, 1 tom, Almaty: 2007 (in Kazakh)
- Zhurtbaj, 2012 – Zhurtbaj T., «Uranym - alash!..», Turme afsanasy, Talky, 3 tom, Almaty: 2012 zhәне t. b. (in Kazakh)
- Syzdykova, 1990 – Syzdykova R., A. Bajtursynov, Almaty: 1990 (in Kazakh)
- Kenzhebaev, Anes, 2018 – Kenzhebaev G., Anes G., Haleb Dosmuhameduly, Almaty: 2018 (in Kazakh)
- Құрманбайұлы, 2013 – Құрманбайұлы Ш., Ahmet Bajtursynuly zhane qazaq terminologiyasy: Ana tili, 2013, 21-27 akpan. (in Kazakh)
- Ahmetzhanova, Malikova, Ospanov, Tajshyбай, 2018 – Ahmetzhanova G.B., Malikova S.Z., Ospanov K.K., Tajshyбай Z.S., Magzhan Zhumabay omiri men shygarmashylygynyn shezhiresi, T.1, Petropavl: 2018 (in Kazakh)
- Kojgeldiev, Myrzataeva, 2022 – Sajasi kugyn-surgin kurbandaryn aktau zhonindegi Memlekettik komissijanyn materialdary (XX gasyrdyn 20-50 zhyldary) – Materialy Gosudarstvennoj komissii po polnoj rehabilitacii zhertv politicheskikh repressij (20-50 gody HH veka), T.3., Ahmet Bajtursynuly. Қижанатқа карысылык. Kuzhattar men materialdar zhinagy, Kurastyrushylar: M. Kojgeldiev (zhaupty red.), Z. Myrzataeva, zhalpy redakciyasyn basqarfan E.T. Karin, Astana: 2022. (in Kazakh)
- KR PA. 139 k., 1 t., 1016 is, 109 p. (in Russian)
- Smagulova, Anes, Zamzaeva, 2009 – Qazaq gazetі. 1913 zhyl, Kurast. S.O. Smagulova, G.K. Anes, T.A. Zamzaeva, Almaty: 2009. (in Kazakh)
- Bajtursynuly A. Alty tomdyk shygarmalar zhinagy, 2013 – Bajtursynuly A. Alty tomdyk shygarmalar zhinagy. Alippeler men makalalar zhinagy, T.4., Almaty: 2013. (in Kazakh)
- ҚР ПА. 140 қ., 1 т., 74 is. 6-9 p. (in Russian)
- ҚР ПА. 813 қ., 1 т., 23 is. 5-6 p. (in Russian)
- ҚР ПА. 141 қ., 1 т., 12820 is. 10-11 p. (in Russian)

УДК 9. 433

Кеңестік қауіпсіздік органдары құжаттарындағы Алаш зиялыларын қудалауға қатысты деректер

Құралай Қуандықызы Сәрсембина¹

¹Мемлекет тарихы институты, Қазақстан, Астана, Еуразиялық саяси зерттеулер бөлімінің басшысы, т.ғ.к.

Аннотация. Мақалада кеңестік қауіпсіздік органдары құжаттарындағы Алаш зиялыларын қудалауға қатысты деректер берілген. Кеңестік арнайы құзырлы орындардың КСРО ыдыраған уақытқа дейін, Алаш зиялыларына қатысты деректер жинақталған архив істерін ерекше бақылауда ұстап, арнайы қадағалап отырғандығы тұжырымдалады. Сонымен қатар, Ішкі істер халық комиссариаты тарапынан жинақталған құжаттарда Алаш зиялыларына қатысты «сараптамалық» деректерде қазақ «контрреволюциялық ұлтшылдығын» төрт кезеңге бөліп қарастырғандығы; әр кезеңнің ерекшелігі, әр кезеңдегі адамдарды жіліктеп зерттегендігі туралы жазылған. 1916–1920 жж. бірінші кезеңде Орынбордың қазақ далалық өлкесінің мәдени, әкімшілік орталығы болғандығы, А. Байтұрсыновтың жалпы редакциясын басқаруымен «Қазақ» газетінің жарияланғандығы, болашақ Алашордашылардың алғашқы екпінді тобы ұйымдасқандығы сарапталып, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ғ. Бірімжанов, Б. Қаралдин, Т. Шонанов және т. б. зиялылардың тізімдері берілген. 1920–1928 жж. қазақ зиялыларын топшылдықпен айыптап, ІХК құжаттарына бұрынғы алаш офицерлері туралы көп айтылып, Алашорда жойылмай, 5 жеке фракцияға бөлінді деген тұжырым жасалынады. 1928–1932 жж. алашордашылар кеңестік реформаларға қарсы әрекеттер жасап, халықтық көтерілістерді ұйымдастырды деген қорытынды жасалынады. Ал, 1932–1938 жж. кеңестік биліктің жауапты қызметтерінде Алашордашылардың ізбасарлары «отырғандығы» айтылып, оларды қудалаудың тетіктері көрсетілген. Одан кейінгі жылдары «жаңа ұлтшылдықтың дүниеге келуін» тұжырымдаған деректер мол.

Түйін сөздер: зиялы қауым, кеңестік реформалар, қудалау тетіктері

Источники по преследованию алашской интеллигенции в документах советских органов безопасности

Құралай Қуандықовна Сәрсембина¹

¹Институт истории государства, Казахстан, Астана, руководитель отдела евразийских политических исследований, к.и.н.

Аннотация. В документах, собранных Наркоматом внутренних дел по алашской интеллигенции, отмечается, что казахский «контрреволюционный национализм» был разделен на четыре этапа. 1916–1920 гг.: Оренбург был культурным, административным центром казахского Степного края, опубликована газета «Қазақ» под общей редакцией А. Байтұрсынова. Представлена алашская интеллигенция – А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ғ. Берімжанов, Б. Каралдин, Т. Шонанов и др. 1920–1928 гг.: приводятся сведения о бывших алашских офицерах и данные о том, что Алашорда не была уничтожена – разделена на 5 отдельных фракций. 1928–1932 гг. – делается вывод, что алашординцы

предпринимали действия против советских реформ и организовывали народные восстания. 1932–1938 гг. – отмечалось, что на ответственных должностях советской власти «сидят» последователи алашординцев. Показаны механизмы их преследования, а также сведения о «рождении нового национализма».

Ключевые слова: интеллигенция, советские реформы, механизмы преследования

Sources of persecution of Alash intelligentsia in documents of Soviet security

Kuralay K. Sarsembina¹

¹Institute of State History, Kazakhstan, Astana, Head of Eurasian Political Research, Candidate of Historical Sciences

Abstract. According to documents collected by the People's Commissariat of Internal Affairs on the Kazakh intelligentsia, Kazakh "counter-revolutionary nationalism" was divided into four stages: 1916–1920: Orenburg was the cultural and administrative center of the Kazakh region, where the newspaper "Kazak" was published under the general edition of A. Baitursynov. During this period, the Alash intelligentsia was represented, including A. Baitursynov, M. Dulatov, G. Berimzhanov, B. Karaldin, T. Shonanov and others. Information about former Alash officers and evidence that Alashorda was not destroyed, but divided into five separate factions are provided. 1928–1932: It is concluded that the members of "Alash" took actions opposed the Soviet reforms and organized popular uprisings. 1932–1938: It was noted that the followers of the "Alash" members "sit" in responsible positions of Soviet power. The mechanisms of their persecution are shown, as well as information about the "birth of a new nationalism".

Keywords: intelligentsia, Soviet reforms, mechanisms of persecution

Кеңес өкіметі құрылған күннен бастап ұлттық мемлекет құруға қарсы болды. Кеңестік арнаулы құзырлы органдар партия «тапсырмасын» орындады. Тіпті, кеңестік арнайы құзырлы органдар «Алаш-Орданы», «қазақ ұлтшылдығын», «панисламизм», «пантүркизм» және т. б. жіліктеп зерттеген.

Кеңестік арнайы құзырлы органдар «Алаш» істерін қайта-қайта сүзгіден өткізіп отырған. Бұлай дейтін себебіміз, «Алашорда» деп аталатын архивтегі істердің әбден қаралғандықтан тоз-тозы шығып, ескіріп қалған. Демек, өз қылмысын жақсы білетін, әрі оны жасырғысы келген билік ұлттық сананы дүр сілкіндірген Алашорда үкіметінен өмір бойы (құлағанша) «ығып, сескеніп келген. Қазақ зиялыларының ұлттық мәні, алаш зиялыларының феномені қайта-қайта әр қырынан «сарапталған». Тағы бір ескеретін жайт, кеңестік құжаттар өзінің «саясатының мәнін ашатын» материалдарды жинақтап, сақтауға ерекше басым бергендігі. Бұны қазақтың болмысын, тарихи санасын тереңнен білетін, әрі архив құжаттарын көп зерделеген адам бірден ұғынады.

Кеңестік көзілдірікпен сарапталған құжаттарға азат ел, тәуелсіз сана тұрғысынан қарау керек. Енді кеңестік көзілдірікпен қаралып, кеңестік пиғылмен жазылған архив құжаттарына Алаштық көзқараспен (ақиқат), яғни ұлттық сана биігінен зерделейміз.

Қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірінен, бір сөзбен айтқанда қазақ халқының табиғатынан, ұлттық болмысынан, қалпынан хабарсыз билік өзіне ыңғайлап, өзінің діттеген мақсатына сай сараптамалар жасап, кейінгі ұрпақ кеңестік саясатты, қызылдар билігі тарапынан жүргізілген шараларды «ақтап, мадақтап, жақтап», яғни кеңестік көзілдірікпен қарау үшін жазып кеткен құжаттар өте көп. Мәселен, бір ғана құжатқа байыппен үңілгенде көптеген мәселенің беті ашылады.

Қысқаша қайырғанда, кеңестік биліктің қылмысы айқын көрінеді. Біліп тұрса да, өздеріне тиімді «сараптамадан» қайтпай, бір жақтылықпен жазғандары, «өзімдікі дұрыс», «өзгеше ойлайтындар» керек емес деген принцип анық та айқын көрінеді.

«Новые принципы казахского контрреволюционного национализма» деген құжатта «Прежде чем говорить о новых принципах казахского к-р национализма, надо будет проанализировать хронологию его прежних принципов» – дей келе, одан әрі қазақ контрреволюциялық ұлтшылдығын төрт кезеңге бөліп қарастырып, әр кезеңнің ерекшелігін, әр кезеңдегі адамдарды жіліктеп зерттеген. Бірінші кезеңге 1916–1920 жж. жатқызады: Орынбордың қазақ далалық өлкесінің мәдени, әкімшілік орталығы болғандығы, Ахмет Байтұрсыновтың жалпы редакциясын басқаруымен «Қазақ» газетінің жарияланғандығы, болашақ Алашордашылардың алғашқы екпінді тобы ұйымдасқандығы жазылып, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ғ. Бірімжанов, Б. Қаралдин, Т. Шонанов және т. б. зиялылардың тізімдері берілген. Олардың келесідей мақсатты көздегендігі жазылған:

«1. Популяризировать идею буржуазного национализма.

2. Укреплять верноподданических чувств и веру в русского (царского) оружия. Объявить Николая второго «белым царем» (ак патша), что в религиозном смысле означало-бы святой повелитель.

3. Бороться с вольнодумством, т. е. вести активную борьбу с безбожничеством, с революционным брожением во всех пунктах кочевого (казахского) народонаселения.

4. Обновить мусульманскую религию применительно к новой (военной) обстановке. Организовать духовный семинар в г. Уфе, разъяснить служителям культа стоящие перед ним задачи в деле повсеместного внедрения новой алашордынской идеологии.

5. Иметь свою агентуру во всех областях во всех густо населенных пунктах. Сбирать подписчиков на газету «Казах», обеспечить бесплатное ее распространение и организовать массовую чистку и т. д.

6. Организовать жертвоприношение в национальный банк.

7. Отменить старые методы преподавания в Медресе и взяться за новое обучение и обязательно по байтурсуновскому букварю.

8. Вовлечь казахов как можно больше на тыловую работу и этим положить конец революционному повстанчеству.

9. Организовать проследку за неблагонадежными (пробольшевистскими) элементами.

10. Создать свою национальную партию по типу кадетов и войти с ходатайством в государственную думу на счет национальной автономии в рамки российской имперской структуры и т. д.

Этим не исчерпывается хронология националистических принципов оренбургского (1916 г.) периода. Байтурсуновцы в первом своем воззвании (1916 г.) обещали большую реформу, в смысле демократического преобразования всего казахского быта. Они свою лже-реформу противопоставляли революционному движению казахского народа... (ҚР ҰҚК АМА. 21-32 pp.)», – деп жазылған.

Екінші кезеңде (1920–1928 жж.) «этот период казахской национальной контрреволюции известен следующей групповщиной: 1. мендевщина, 2. сейфуллинщина, 3. садвокасовщина, 4. ходжановщина, 5. рыскуловщина. Учтем, что каждый из них занимал командную высоту...» дей келе, бұрынғы алаш офицерлері туралы айтылады. Алаш орда жойылмай, 5 жеке фракцияға бөлінді деп тұжырым жасалынады. Үшінші кезеңде (1928–1932 жж.) «конфискация казахских полуфеодалов в 1928 г. была первым и самым крупным поражением казахских националистов, после памятных боев с большевиками в 1917–1919 гг.» деп, алашордашылар көтерілістерді ұйымдастырды деген қорытынды

жасалынады; төртінші кезең (1932–1938 жж.) «В 1933 г. коллективизация сельского хозяйства в основном прошла. Кулацко-байские бунты подавлены. Организаторы (т. е. прямые участники этих бунтов) в большинстве были разоблачены. Но на командующих высотах оставались старые дельцы – Исаева и Кулумбетовы...» деп тұжырымдалады. Одан әрі «Рождение новых принципов» деген атаумен қазақ журналистері арасындағы кеңестерге қарсы «әңгімелерге» мән беріледі: «Год тому назад (во время германского наступления на Францию) слабохарактерные интеллигентики открыто восхваляли ново-режимную Германию, то с момента вступления гитлеровских войск в нашу территорию, они затаили свои «думы» и молча присматривались вокруг...» (ҚР ҰҚК АМА. 21-32 пп.) – деген мазмұндағы «сараптамалар» жазылған.

«Возникновение националистических формирований» деген анықтамада ұлттық ұйымдардың 1917–1919 жж. құрылғандығы, оның тірегі «буржуазиялық зиялылар, ірі саудагерлер, байлар, молдалар, патша отаршыл аппаратының бұрынғы шенеуіктері» деп жазылады. Азамат соғысы жылдарында Алашорда Колчак пен Анненковқа жақтасқандығы, кеңестер билігі орнағаннан кейін пантүркішілдер мен Алаш-ордашылар «кеңестік құрылысты ішінен күйрету үшін күрестің жаңа әдістеріне» көшкендігі айтылып, «С этой целью и в интересах сохранения своих антисоветских кадров, лидеры пантюкистов и алаш-орды: Рыскулов, Ходжанов, Нурмаков, Садвакасов, Жургенев, Сарымұлдаев, Дивеев, Кулумбетов, Ескараев, Тогжанов, Джандосов, Султанбеков, Жаманмурунов и другие проникли в Коммунистическую партию, обеспечивая затем внедрение в партию своих соучастников» (ҚР ҰҚК АМА. 21-32 пп.), – деп, одан әрі «Ақжол» газетінің редакторы С. Қожанов газет арқылы алашорда идеяларын кеңінен «насихаттағаны», Қазақстанда кеңестерге қарсы ұйымдарды ұйымдастыру жұмыстарын жүргізгендігі жазылған.

Ал, жер реформаларына жүргізуде халықтық жер комиссары С. Асфендияров басшылығымен 1920–1927 жж. жер реформасын байшылдық мүддесін нығайту мен жергілікті халық пен Қазақстанда орныққан өзге ұлттар арасындағы ұлттық антоганизм өртін тұтату үшін пайдалануға «ұмтылды» деген сараптама берілген. Осы сәтте сол кезеңде БК(б)П ОК Түрккомиссиясын басқарған Г. Сафаровпен қазақ буржуазиялық-ұлттық ұйымы басшыларының «байланысы орнаған».

1921 ж. Сырдария облысы басшылығында «Ходжановтық ұлтшыл ұйым мүшелері» Ескараев, Аралбаев, Кулетов, Кузибаев, Рустемов, Батырбеков болғандығы, сонымен қатар Жетісу облысында У. Джандосов, И. Кошкунов, Ходжанов және басқалары ходжановтық кеңестерге қарсы жұмыстарды іс жүзінде жүргізгені, Кеңестер билігін қарулы төңкеріспен құлатуға дайындалғандығы жазылған.

«II. Возникновение и контрреволюционная сущность националистических группировок» – деген тарауда 1922–1923 жж. ұлттық ұйымдардың жергілікті ұлттық топтарға бөлінгендігі, оларды өзара қауымдасқан жеке-жеке жетекшілер басқарғандығы «тұжырымдалған». Деректерді қаз-қалпында ұсынсақ: «Так, находившийся в Москве Рыскулов, через своих соучастников – Дивеева и Сарымұлдаева, работавших тогда в Оренбургской сколачивают свою националистическую группировку, вошли видные казахские националисты Арганичев, Джанзаков и другие.

Создает свою группировку и Ходжанов, в составе которого были: Ескараев, Кулетов, Джандосов, Кошкунов, Камалов и др.

Одновременно создаются новые националистические группировки: садвакасовская – в составе: Садвакасова, Алибеков ... Кадылбекова) и др.

Мендешевская – в составе: Мендешева, Исаева Ураза, Касабулатова, Джангильдина и других.

Нурмаковская – в составе: Нурмакова, Сейфуллина, Асылбекова, Садвакасова Джанайдара и др.

Лидеры всех этих националистических группировок преследовали одну и ту же цель борьбы свержение Советской власти, вели контрреволюционную националистическую деятельность в основном вокруг следующих задач:

а) Обеспечение влияния в советском аппарате байско-националистических элементов и укрепление авторитета среди населения баев-полуфеодалов и мусульманского духовенства;

б) Борьба за сохранение годовых отношений, подчиненности родовым авторитетам, поддержание религиозного духа в населении;

в) Воспитания молодежи в националистическом духе, привитием идей буржуазного национализма;

г) широкого внедрения в коммунистическую партию и комсомол алаш-ордынских, националистических и просто антисоветских элементов.

В связи с мероприятиями ЦК ВКП(б) по ликвидации группировочной националистической деятельности, устранение от партийного и советского руководства ряда видных националистов и удалением из Казахстана Ходжанова, Нурмакова и Садвакасова Смагула, националисты теряют свои прежние позиции в партии но организации и советской системе Казахстана».

«III. Возникновение единой казахской буржуазно-националистической организации», – деген тарауда – Рысқұлов, Қожанов, Сәдуақасов, Нұрмақов, Меңдешов, Исаев және т. б. кеңес өкіметіне қарсы ұлтшыл ұйымдарды біріктіруге күш салғандығы, 1927 ж. ортасында ұлтшылдар мен троцкистер арасында байланыс орнап, келісім болғандығы, Троцкийдің бастамасымен «Сәдуақасов ұйымының» жетекші мүшелері Сұлтанбеков пен Мұстамбаев Троцкиймін кездесіп, сол жылы Сәдуақасов пен Сұлтанбеков Зиновьевпен кездескендігі, Троцкий мен Зиновьев Сәдуақасов пен Сұлтанбековке ұлтшылдар арасында ауызбіршіліктің жоғары болу керектігін нұсқағандығы, Сәдуақасов пен Сұлтанбеков ұлтшыл топтарды кеңестерге қарсы бірыңғай ұйым ретінде біріктіруді өздеріне жауапкершілік ретінде алғандығы, нәтижесінде троцкистер мен зиновьевшілдер Сафронов, Рознер, Тайво ұлтшылдар – Сәдуақасов және Мұстамбаевпен біріккендігі, 1927–1928 жж. Орынборда, Қызыл-Ордада және өзге де жерлерде ұлтшыл топтардың аралас жиналыстары өткізіліп, сенімсіз адамдарды шығарып, алауыздықты жойып, ауызбіршілікті нығайту мақсатында шешімдер шығарылғандығы жазылған. Жазылғанда жай қана жазылған емес, әрбір сөйлемде зиялылардың кеңестерге қарсы қызметі деректермен түйінделіп, оқыған адам сөзсіз сенетіндей деңгейде, яғни адамның санасын улайтындай дәрежеде жазылған. Сонымен, «бірігу процессінің» нәтижесінде ұлтшыл ұйымның жетекші ядросы «қалыптасады», яғни «ұлтшыл күштерді біріктіру бастамасын көтергендер»: Рысқұлов, Қожанов, Смағұл Сәдуақасов, Нұрмақов болып шыға келеді. Одан әрі: «Одновременно с этим сформировался состав актива организации, в основном из активных участников пред них националистических групп. К этой категории относятся: Исаев Ураз, Кулумбетов, Асфендияров, Джандосов Ураз, Ескараев, Тохтабаев Карим, Каратлеуов, Букейханов, Асылбеков, Байдавлетов, Тохтабаев Иса, Жургенев, Кенжин, Сарымұллаев, Кошанбаев, Сейфуллин, Тогжанов, Кулетов, Султанбеков, Мустамбаев, Забиоров, Лекеров, Молдажанов, Жаманмурунов, Мендешев, Досов, Курамысов, Алибеков и другие видные националисты» – деп қорытынды жасалынады.

«IV. Повстанческое движение в период конфискации баев-полуфеодалов и коллективизации», – деген тарау «ұлтшыл ұйымдардың байларды сақтау үшін партия шараларына қарсы күрескендігімен» басталып, байларды сақтау үшін күресте шешуші рөл атқарғандар Нұрмақов, Есқараев, Аралбаев, Құлымбетов және өзге де көрнекі тұлғалар екендігі жазылып, тіпті ұйым жетекшілерінің «байларды сақтау» әрекеттерінен

түк шықпағандықтан, қарулы көтерілістерді ұйымдастырғандары да «дәйектелген». Байлардың шаруашылығын тәркілеуден сақтандырып, оларды Қызыл-Құм, Қара-Құм далаларына кетуге «үгіттеген». Байлар жанындағы адамдарымен бірге шөл далаға қашқан деген талдау жасалынып: «Вооруженные восстания были организованы Ескараевым, Жургеневаем, Кулумбетовым и Ходжановым через специально разосланных ими на места участников организации: Оралбаева, Алибаева, Каратлеуова и других, которые подняли на восстание бежавшее в пески байство. Эти восстания, известные под названием Сувакского, Кара Кумского и Кзыл-Кумского, вскоре были ликвидированы.

Вслед за конфискацией баев и полуфеодалов, наступает период коллективизации; националистическая организация вновь разворачивает сопротивление и этому мероприятию путем противоклхозной агитации, распространения всевозможных провокационных слухов, провокации перегибов и намеренного искажения партийных и советских директив.

Через байство и мулл националистами организуется забой скота и массовые откочевки населения из пределов Казахстана и эмиграция из СССР, главным образом, в Западный Китай» (ҚР ҰҚК АМА. 32 п.), – дей келе, тағы да ұлтшыл ұйымдар нұсқауымен Қазақстанда жаңадан қарулы көтерілістер болғандығы жазылған.

ПХК, партия-кеңестік органдардың әдеттегі қалпына сай мәтінде «банда, бүлікшілдер» атаулары тым жиі кездеседі.

Батбаққара ауданындағы көтерілісті бастаған Сұлтанбеков, Ырғыздағы көтерілісті бастаған Жаманмұрынов, Бетпақдала мен Шет ауданындағы көтерілісті бастаған Масонов екендігі айтылып, ұлтшыл ұйымның өзге де мүшелерінің Шыңғыстау, Қазалы, Қарқаралы және т. б. көтерілістерді бастағандары «сарапталған»: «Главную руководящую роль в подготовке и организации восстаний в этот период играли Кулумбетов, Курамысов, Асфендияров – и Джандосов, с которыми были связаны все остальные организаторы восстаний, действовавшие по их указаниям.

Пытаясь изобразить поднятые байские восстания, как выражение стихийного протеста широких масс населения против политики коллективизации, националистическая организация преследовала цель добиться от руководства партии и Советской власти далеко идущих уступок, вплоть до отмены коллективизации в Казахстане. Не ставя перед собой прямой задачи свержения Советской власти в тот период, руководители организации – Рыскулов, Ходжанов, Нурмаков и другие, идя на восстание, все же рассчитывали на возможный его успех в случае получения поддержки восстаниями на Украине и других республик Кавказа, Крыма и Средней Азии».

Көтерілістерге байлар мен бандиттер, жартылай феодалдар, атұрлаушылар және өзге де қылмыстық элементтер «қатысқандығы» баса айтылған. «Переориентировавшись на помощь интервентов, националисты берут ставку на подготовку широкого восстания, приурочиваемого к моменту военного нападения на Советский Союз, в связи с этим встают на путь создания законспирированных повстанческих кадров, которые резервируются до момента военной интервенции» (ҚР ҰҚК АМА. 34-44 пп.). 1941 ж. «сараптама» ретінде НКВД тарапынан жазылған «Восточному отделу ОГПУ. Докладная записка», – деген құжатта Қазақстандағы «буржуазиялық-ұлтшыл партияның қалыптасу мәселелері» талданған. Аталған құжат келесідей тарауларға бөлінген: «Предреволюционный период и казинтеллигенция»; Февральская и октябрьская революция и Партия Алаш в Казакстане»; «Национальное оформление Казакстана и деятельность националистического элемента»; «Деятельность националистической интеллигенции по земельному вопросу»; «Деятельность националистической интеллигенции на идеологическом фронте. Вузы и средние учебные заведения»; «Литература и печать»; «Эмиграция». Енді осы тарауларға қысқаша тоқталып өтсек.

«Предреволюционный период и казинтеллигенция», – деген тарауда қазақ даласын «феодалдық сауда капиталының өсуі мен қазақ буржуазиясының өмірге келуі» күйінде сипаттап, Қазақ буржуазиясы емін-еркін дамуы үшін Қазақстанның ұлттық тәуелсіздігі үшін күресте көзге түсе бастады, орыс саяси партиялары өкілдерімен байланыста болды деп сипаттайды. «Возникают связи и сотрудничество с представителями русских политических партий: например Букейханов состоял в 1903 г. Дежурным редактором Омской газеты «Степной край», издавшейся группой русских адмссильных в числе коих, между прочим, были: Швецов С.П., Гоц М.Р., (оба известные эс-эры), Корнилов А.А. (ка-дэ) и др.

Видные представителей казакской общественности того периода – Букейханов, Байтурсынов, в связи с опубликованием указа, предоставляющего населению право писать о своих нуждах, организуют подачу петиций, обращенных к царскому Правительству. Одна из таких петиций была весом 12-ф, и имела 14 500 подписей.

В связи с проектом комиссии Булыгина по созыву государственной Думы, согласно которого кирнаселение (қазақ халқын айтып отыр – құрастырушылар) лишилось выборного представительства, Букейханов-Байтурсунов будирует население к выражению протеста и организует последний в форме телеграфного обращения к царю с требованием равноправного представительства для казнарода (қазақ халқын айтып отыр – құрастырушылар) в законодательных учреждениях России.

После 1905 г. появляется национальная литература, выражающая стремление казакского национализма и ведущая за осуществление их борьбу под флагом защиты национально-культурной независимости Казакстана от колонизаторского наступления самодержавной России». Одан әрі Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов пен М. Дулатов шартты түрді жергілікті өмірді қамту, ал іс жүзінде Өлкеде ұлт-азаттық қозғалысты ұйымдастыру мақсатында 1913 ж. өлкелік орган «Қазақты» ұйымдастырды деп жазылған. Яғни, ұлтын сүйгендердің мақсаты теріс қарай түсіндіріліп, Алаштықтар «қарақан бастың қамын күйттеген» деген формуламен тапсырыспен жазылған «жырлары» басталады.

«Февральская и октябрьская революция и Партия Алаш в Казакстане», – деген бөлімде «Процесс национального движения в Казакстане в период февральской революции сопровождался бурным стремлением буржуазно-националистических элементов Края к организационному оформлению своих сил на платформе «Национально-Культурной автономии», – дей келе, одан әрі облыстық съездердің ұйымдастырылғаны, онда талданған барлық мәселелер, Қазақстанның орталығы Орынборда болған Бірінші Қазақ съезі, талданған мәселелер мұқият зерттеліп, жазылған. Міржақып Дулатовтың «Қазақ» газетінің 1917 ж. 244 номерінде жарияланған «Алаш партиясы» мақаласын, сол жылдың 245 жылғы номерінде жарияланған Алаш партиясы делегаттарының тізімін, оларға жеке-жеке берілген мінездеме тиянақты аударылған, аударылып қана қоймай өздеріне тиімді бағытқа сай аударылған. Ал, Алаш партиясының бағдарламасы туралы: «Имея ввиду неотложную потребность в формулировке своих программных задач, руководящая верхушка берет инициативу составления программы на себя и в результате в газете «Казак» № 251 за 21/XI, – за подписью учредителей Букейханова, Дулатова, Байтурсынова, Гумарова, Турмухаметова, Жаждибаева и Беремжанова, публикуется программа партии «Алаш», основные пункты которой формулированы так...», – дей келе одан әрі Алаш партиясы бағдарламасын толық аударып келтіреді. «...Цитированные постановления в совокупности со всеми изложенным выше данными о движении нацинтеллигенции в период февральской и Октябрьской революций, дают вполне законченное представление о реакционном характере этого движения, получившим свое яркое выражение в энергичном, четко организованном противодействии нам.

...Только успешное завершение Октябрьской Революции принудило идеологов

казакского национализма капитулировать перед нами и поставило его актив перед фактом организационного распада.

...На арену Советской общественности казакские националисты вступили с большой закалкой в политической борьбе, значительными организационными навыками, большим авторитетом и связями с верхушечными элементами аула (байством) и населением...» деген сараптама да жасалынады.

«Национальное оформление Казакстана и деятельность националистического элемента», – деген бөлімде қызылдар билігінің қазақ ауылына қатысты көзқарасы айқын берілген. Деректерді қаз алпында берсек: «Процесс организационное оформление Казакстана при Соввласти протекает в чрезвычайно сложной и своеобразной обстановке края.

Здесь и теперь еще пролетариат отсутствует: батрачество и среднячество политически не оформлено и находится в экономической зависимости от верхушечных элементов аула; кадры казакских коммунистов незначительны и партактив организации имеет в своем составе «уклонистов» – выходцев из социально-чужой нам среды (Ходжанов, Садвакасов и др.).

В условиях отсталых хозяйственных форм и общественных отношений – с наличием пережитков родового строя и невежеством населения, здесь политически доминируют элементы торговой буржуазии, байско-манапской феодальной аристократии и националистической интеллигенции.

В такой объективно-неблагоприятной обстановке, организационное строительство Казакстана, требовавшее привлечения значительных культурных сил, привело к необходимости использования казакской буржуазно-националистической интеллигенции. Реализация Нацполитики Совправительства в области национального оформления Казакстана, проведение НЭПа, обуславливавшего известные уступки пережиткам отсталых общественных форм, удовлетворяя, в известной степени, требования буржуазного национализма, содействовали проявлению тенденции у бывших деятелей Алаш-Орды к активному участию в сов. общественности.

Так, в 1920 г. на первом Всеказакском съезде, нелегально присутствовавший во время съезда Букейханов вел агитацию за вступление в ВКП (б), в г. Семипалатинске на нелегальном совещении Алаш-Ординцев были намечены из числа их кандидатуры, для проведения в партию.

В результате наблюдался приток в Сов. аппараты и даже в парторганизацию бывших Алаш-ординцев, в частности вступили такие идеологи национализма, как Байтурсынов (сумевший между прочим, попасть в делегаты 11 конгресса Коминтерна). Аймауытов, Ауезов и др., впоследствии выбывшие из партии и частью исключенные, помимо этого, наметились связи Алаш-Ординцев с казкоммунистами, чему благоприятствовали существующие бытовые особенности.

В последующем, возникавшие по отдельным моментам политической жизни внутрипартийные осложнения, обнаруживали несомненное влияние националистов на малоустойчивую часть казак коммунистов. Таким образом, создавались предпосылки к оформлению внутрипартийной оппозиции с правом буржуазно-националистическим уклоном.

В области Советского строительства националисты сосредоточили свою деятельность по линии наших административных, судебных, кооперативных, просветительских, научных органов и печати» (ҚР ҰҚК АМА. 9 қ. 1 тізбе. 305 іс, 88 109 пп.), – дей келе ұлтшылдардың билік аппараттарында отырғандығы, қазақ жастары тартылған одақ, қоғамдастық, үйірмелер, мерзімді басылымдар құру үшін қазақ қоғамдық ойын оятуда екендігі; кеңестік күштердің жетіспегендігінен ұлтшылдар мен байлар партия-кеңестік

ұйымдарға барлық жерде күшті «ықпал» етіп отырғандығы айтылады. Осы тұста айта кету керек, ұлтшыл түсінігін кеңестік билік теріс қарай түсіндіріп, ұлтшылдарды жойып, нәтижесінде ұлтын сүю қалпын көрсететін ұлтшыл деген түсінікті қоғамнан ығыстырды. Соның салдарынан әлі күнге дейін арамызда ұлтшыл түсінігін шовинизммен қатар қойып түсінетіндер кездеседі. Шынын айтқанда ХХ ғ. басында ұлтшыл болу арман болған еді.

Одан әрі ІХК (НКВД) сараптамасында мынадай «мәселелер зерделенеді»: ауылда әкімшілік орындарды тура басып алу (прямой захват) байқалады, осы мақсатта байманаштар «рулық қалдықтар» мен халықтың «надандығын» пайдалана отырып, рулық билік үшін күрес ұранымен өз мақсаттарына «жете бастаған»; жергілікті кеңестер мен «Қосшы» ұйымдарына және т. б. ене отырып «ұлтшыл-буржуазияшыл элемент, ұйымдар» аталған ұйымдардың қызметіне кедергі келтірген; яғни оларды таптық мазмұнынан ажыратып, осылайша ауылды кеңестендіруге кедергі жасаған; сайлау компаниялары кезінде «қарқынды жұмыс жасаған» (қандай «мақсатта» екені оқырманға түсінікті болар); яғни кедейлерді, билік өкілдерін сатып алған, жалған айтып, сөз тасыған, сайлауды негізсіз айыптаған және т. б.; жергілікті халық пен мемлекет есебінен байып, қызметтік қылмыстар жасаған; сот-тергеу орындарына кіріп алып құқық бұзған; кооператив құрылысында да халықтық элементтер күшейіп, қиындықтар туындатқан; далалық ұлтшыл топтардың губерниялық және өлкелік орталықтарда өздерінің өкілдері болған; орталықты Қызылордаға көшіруде, Қазақстанға екі Түркістан облысының қосылуы, ұлтшыл элементтің саяси белсенділігінің өсуіне, далаға ие болу және ықпал етуге деген ұмтылысына әкелді; Қызыл-Орда орталық болғаннан кейін бізбен (кеңестік билік) саяси күрес аренасына айналды; ауылдағы таптық күресті шынайы жүргізуде (жер құрылысы, Қосшы одағы т. б.) шұғыл әрі ашық түрде Компартия мен халықтық элемент арасында өткір қайшылықтар орнады, осыған байланысты партұйымдарында «оңшыл» қазақ оппозициясы рәсімделді; осылайша ұлтшылдар мен партиялық топ «оңшыл» уклонистер өзара тығыз блогы орнады (ауылдағы таптық міндеттерді революциялық шешуге қарсы шыққан); Қазақстандағы таптық қарама-қайшылықтың жоқтығы туралы «теория», ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарға революциялық ықпал ету саясатының жарамсыздығы туралы, жетекші партия органдарын қазақтандыруды жоғарыдан төменге қарай жүргізу туралы насихат күшейді; «ауылға бет бұру» ұраны ұлтшылдық тұрғыдан түсіндірілді, яғни атақты қазақ коммунисті Жандосовтың қазақ халқын әкімшілік-шаруашылық аудандастыру принципі бойынша құрылыс туралы танымал «теориясында» анық көрінді; Жандосов БК(б)П Өлкелік комитетінің рұқсатынсыз өзінің «теориясын» талқыға түсіріп, оның дұрыстығын мойындаған қаулы шығаруға қол жеткізген (аталған жиналысқа Қызылордадағы барлық алашшылдар қатысқан, әсіресе Жандосовтың жобасын белсене қолдағандар: ұлтшылдық идеологтары Байтұрсынов, Дулатов, Ермеков); бұл қаулыны БК(б)П өлкелік комитеті қабылдамады, мұқият талқылауға жіберді (ҚР ҰҚК АМА. 88-109 пп.). «Деятельность националистической интеллигенции по земельному вопросу», – деген тарауда «Колонизационная политика Царского Правительства, основанная на принципе жестокой руссификации, способствовала организационному сплочению прогрессивных элементов и интеллигенции с целью противодействия», – дей келе «Қазақ» газеті, оны ұйымдастырушылар, олардың кейін алаш партиясын негізін салғандар екендігі айтылып, «Қазақ» газетінің жер мәселесіне көп көңіл аударғандығы баса айтылған. Қазақ зиялыларының жер мәселесіне қатысты қазақ халқына тиімді мәселелерді айтқан идеялары бір жақты бұрмаланып, түсіндірілген. Қазақ эмиграциясының М. Шоқай бастаған көрнекті өкілдері Кеңес үкіметінің жер саясатын патшалық Ресей уақытындағы жер саясатымен сәйкестендіретіндігі айтылып,

күрестің екі бағытта (біріншіден, жоспарлаушы, ғылыми-ізденіше және жер органдары басшылығын тікелей басып алу; екіншіден – коммунист опержұмыскерлердің ұлтшылдық ықпалына түсуі) жүретіндігі айтылды.

Жер ісі қазақ халқының ең жанды жері. Жер тарылған соң халықтың қыспаққа түскендігін, шаруашылықтың күйзелгендігін, нәтижесінде дәстүрлі шаруашылық күйреп, дәстүрлі мәдениеттің ірге тасы шайқала бастағандығын бала кезінен көзімен көріп өскен Алаш зиялылары қорлық пен азапты көрген халқын жарыққа жетектеу үшін экономист пен заңгер мамандықтарын жаппай меңгерген еді. Терең білімді әрі халқының керегін білетін алаш зиялылары қызылдар қаһары төніп тұрған уақытта да тайсалмай өздерінің дұрыс пікірлерінен таймады. «Так, 1925 г. летом, Букейханов заключил договор с НКЗ на составление перспективного плана землеустройства на ближайшее десять лет и разослал письма видным националистам некоторых губерний, предлагая выслать свои соображения, которые «будут приняты во внимание при составлении плана». В этом же 1925 г. учитывая, что перед НКЗ возник вопрос о проведении научного исследования землеустраиваемой территории Казакстана, Букейханов своевременно озаботился обеспечить свое влияние и с этой целью предпринял необходимые меры.

В письме от 22/XII – 25 г. на имя ДУЛАТОВА он писал из Москвы: «Если наше казакское Правительство намеренно изучить казакскую землю и казакский народ, то ему необходимо связаться с Академией наук. По этому поводу я веду переговоры с Ольденбургом. Если мне вышлют постановление Совнаркома о ходатайстве, то я 26/XII – поеду в Ленинград» (ҚР ҰҚК АМА. 109 - 133 пп.) – деген жолдар сөзімізге бір дәлел.

Жер тіршілік негізі болғандықтан, зиялылар бұл мәселеге халықтың, болашақ ұрпақтың тағдырымен байланыстырып тереңнен қараған еді. Бұл мәселе теріс қарай түсіндірілді. Жалпы қызылдар билігі ұлттық мәселенің барлығын теріс қарай ұғындырды. Мәселен, дініне берік тұлғаларды «панисламист», түркі халқының бірлігі туралы айтқандарды «пантюркист», халықтың малын тартып алып, аштан қалдырған өкіметке ашынып қарсы шыққандар «банда, шайқа, қарақшы», кеңес өкіметін теріс саясатын айтқандарды «антисоветтік», отбасын қорғауға ұмтылғанды «отанын сатқанның отбасы мүшесі (ЧСИР)», жағдайы бар адамды «социально опасный элемент» және т. б. Осы ұғымдардан арылу керек.

Деректерді қаз-қалпында келтірсек: «Несколько позднее Букейханов писал – другому видному националисту, ныне бывшему члену КазЦИКа Ермакову: «Письма и копию высказанного Вами слова (очевидно речи) получил. Я переговорил с Олденбургом. Академия наша удовлетворительным, вызывает мен, как казакского представителя. Вы исполните поданную мной и Кучурбаем теллеграмму... Ты сообщаешь что прислал мандат. Я не получил такого мандата для участия в совещании Госплана...»

В результате такой инициативы Букейханова, Ц. Управ. Землеустройства НКЗ связалось с Академией Наук и по особому соглашению передало ей обследовательские работы по Казакстану.

Для практического выполнения этих работ и выработки проекта земельных норм, Букейханов привлек профессора Академии Наук Швецова, бывшего правого эс-эра, хорошо известному ему по совместной деятельности и сотрудничеству в печати еще до революции, о чем нами отмечалось в начале обзора.

Развертывая свою деятельность, Букейханов опирается на ряд ответственных работников – б/п коммунистов, в числе их на Наркомзема Алимбекова, зав. ЦУЗа Каратлеуова (бывшего алашординца), члена Коллегии Мурзина (документы коего цитировались выше) и других.

Каратлеуов от имени КНЗ заключает договор с Академией наук. Согласно этого

договора экспедиции должна закончить свои работы в течение пяти лет, за что получает один миллион. В 1925 г. уже было получено 250 тыс. рублей.

Договор этот был заключен без деловой проработки вопроса и без ведома Крайкома ВКП и ЦСУ Казакстана. Работа экспедиции протекала под полным влиянием Букейханова. Он набирает персонал из казаков- учащихся ВУЗов в числе 29 чел. и частью ссыльных, допускает крупные непроизводительные расходы, группирует на месте работы экспедиции (Акт. Губ.) виднейших б. алашинцев, ведет злостную агитацию, возбуждает население к решительному выступлению против вселения русских в Казакстан, доказывает неправильность земельной политики Совправительства, пропагандирует идею несостоятельности строительства социализма через кооперацию, прививает мысль о неизбежности капиталистической стадии развития, доказывает правильность взглядов оппозиции и проч. (Алашордалықтар барлық мәселеге ғылыми тұрғыдан қарағандықтан, кеңестер билігінің қатесін көріп, халқын қателіктен қорғау үшін жанталасты. Кеңес билігінің құлауы, капитализм арқылы елдердің дамып кетуі Алашордалықтардың болашақты дұрыс болжай білгендеріне дәлел – авторлар).

В результате деятельность Букейханова-Швецова экспедиции за 1926 г. привело к тому, что в июне 1927 г. Казнаркомземом и Совнаркомом были утверждены без ведома Крайкома ВКП (б) земельные нормы для казнаселения, предоставленные Букейхановым и Швецовым. Предварительно эти нормы неоднократно были проработаны на нелегальных совещаниях националистов с участием коммунистов и ответственных работников Казнаркомзема, в том числе Мурзина. Сам Букейханов в этот раз в Кызыл-Орду не приезжал, вместо него был Швецов. Земельные нормы составлены в крайне преувеличенной форме (в среднем 150 т-г на одно казакское хозяйство) с очевидным расчетом на то, чтобы по окончании землеустроительных работ среди коренного населения можно было бы поставить вопрос о несостоятельности идеи изъятия избыточных земель для целей колонизации, а проведением в жизнь выработанных норм поставить русских переселенцев перед необходимостью немедленного выселения и таким образом, предрешить полную победу национализма на земельном фронте, повторив по существу печальный опыт земреформы в 1921–1922 гг. в южной части Казакстана, когда земельные мероприятия приняли уродливые формы и повлекли массовое выселение русских поселенцев, сопровождавшееся разорением их, и крайнем обострением межнациональных отношений. Такие перспективы были бы неизбежными при осуществлении националистических планов Букейханова.

...За последний период времени наблюдаются характерные признаки углубления деятельности националистов, внедрения последней непосредственно в аул и при том в совершенно новой форме, до сего времени не наблюдавшейся...» (ҚР ҰҚК АМА. 109-133 пп.). Осылайша, жерді халықтың игілігіне орай қолдану ісін басты орынға қойған алаш зиялыларының қызметі теріс түсіндіріліп, ең соңында қоныстанушыларды «қыспаққа» алды деген анықтама да беріледі.

Кеңестік билік қоғам өмірінің барлық саласын толық бақылап, «андып» отырды. Мәселен, жоғарыда аталған құжаттың «Деятельность националистической интеллигенции на идеологическом фронте. Вузы и средние учебные заведения», – деген тарауында жастарды идеологиялық өңдеу асқынған ұлтшылдық рухында жүргізілуде екендігі «дәлелденеді». Мысал ретінде, 1922 ж. «Ақ-Жол» газетінде жарияланған М. Дулатовтың өлеңі келтірілген: «...обращенное вообще к молодежи, как страстный клич к объединению под знаменем «Алаш» «против советского насилия» во имя борьбы за независимость.

...В духе этих стихов строится и деятельность националистов на фронте просвещения». Сонымен қатар, кеңестік-партия мектептеріне арналған бағдарламаларды

алашордашылардың жиі сынайтұндығы; алашорда идеологтарының партиялық тәрбиелеу сипатындағы мәселелерді жалпы білім беретін пәндермен ауыстыру керектігін талап еткендігі; Қызылордада КИНО да оқу жылы бойы әдебиет, мәдениет және т. б. дәрістерді Байтұрсыновтың баспадан әлі жарық көрмеген әрі ұлттық рухтағы кітаптары негізінде оқытылғандығы; бұрынғы наркомпрощ Сәдуақасовтың лектор Джарменовке (БК (б) П мүшесі) оқып жатқан коммунистерді жинап, Алаш-Орда ұлтшылдары тарапынан ешқандай ықпалдың жоқтығы туралы шешім шығаруды тапсырғандығы жазылған. Дәлел келтірсек: «Идеологический персонал ВУЗов и средних учебных заведений основательно насыщен националистами, что можно видеть из следующих данных.

В Ташкентском КазПредВУЗе преподавателями состоят: Досмухамедов Халил, Кашкимбаев Иса (все лидеры западного Правительства Алаш-Орды), Ермеков, член Восточного Правительства Алаш-Орды, Омаров быв. Пред. Кустанайского комитета Алаш и другие. В Казакском Институте Народного Образования в Кызыл-Орде: Байтурсунов, Дулатов, Кадырбаев – идеологи Алаш-Орды, Каржаубаев бывший начальник карательной экспедиции при Западном Правительстве Алаш-Орды и др. подобные им. Во всех губернских средних учебных заведениях и Совпартшколах преподавателями состоят также исключительно Алаш-Ординцы.

Конкретно деятельность националистов в смысле непосредственной идеологической обработки учащейся молодежи выражается в идеализации старины, в пропаганде идей отсутствия в Казакстане классовых противоречий, необходимости служения вообще народу, исключительной роли интеллигенции в истории казакского народа, иных общественных сил, т. е. пролетариата, Казакстан не имеет» и т. п.

Так на одной из лекций в КИНО, Байтурсунов заявил: «Идея осуществления коммунизма – абсурд. Формы государственного устройства сохранятся всегда».

Одан әрі Семейде Казпедтехникумның оқушылары жиналысында педтехникум меңгерушісінің шақыруымен «Қазақ халқының тарихы» деген тақырыпта дәріс оқыған, өлкетану қоғамының мүшесі Ақпаевтың (екеуі де көрнекті алашшылдар деп көрсетілген – автор) «Қазақ халқының тарихындағы шешуші рөл хандарға тиесілі. Олар орыс отаршылдығына қарсы ұлттық азаттығы жолындағы күресте ерлік көрсетті» деп айтқандығын, одан әрі Ақпаевтың жастарды өзінің дербестігіңді қорғауға даяр болу керектігіне, Қызыл Армия қатарында қызмет етіп шығуға үндегендігі, «Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің қозғаушы күші интеллигенция болуы керек» деп айтқандығы жазылған. «Обычным методом указанной выше пропаганды является пользование на уроках и лекциях произведениями и материалами известных националистических писателей и соответствующее толкование их.

При укомплектовании учебных заведений практикуется заполнение их детьми байского происхождения. Этот социально-чуждый элемент, проникая в учебные заведения, группируется около преподавателей националистов и противопоставляется другой части учащихся, социально близких нам и сочувственно настроенных.

В результате возникают группировки, нервирующие учебную жизнь, влекущие антагонизм по родовым и национальным признакам, при чем в группировочную борьбу вовлекаются и организации ВЛКСМ.

Наличие подобных группировок учащихся во главе с националистами имеет место в Кызыл-Орде в КИНО, в Семипалатинском и Кустанайском Казпедтехникумах и Чимкентских курсах по переподготовке мугалимов». (ҚР ҰҚК АМА. 138-141 пп.).

«Литература и печать» деген бөлімде жоғарыда айтылған «әуенмен» алаш зиялылары «талданып», Міржақып Дулатовтың «Оян қазағы», оған Байтұрсыновтың берген бағасы, 1922 ж. наркомпрощ Сәдуақасовтың бастамасымен (жақшаның ішіне

танымал уклонист деп жазылған – авторлар) Орынбор қаласында болған әдебиетшілер көп қатысқан, ғылыми қызметкерлер съезінде «ұлтшылдардың» басым болуы; 1920 ж. Алаш-Орда жетекшілерінің «Ақжол» газетінің маңына топтасуы; Сәуле, Сана, Тана, Қызыл-Қазақстан, Шолпан және т. б. журналдарға әдебиетші алашшылдардың белсенді қатысуы (күресу үшін); 1925 ж. Ақжол газетінің бетінде Ж. Аймауытовтың қазақ әдебиеті үшін толық бостандықты талап еткені және әдебиетшілерді бірігуге ашық шақырғандығы туралы мақаласы; антикеңестік бағыттағы кітаптар ретінде Жемчужниковтың жер мәселесі кітабы, М. Әуезовтың және т. б. хрестомиясы аталып, латынға көшу туралы талқылаулар да жазылған: «В одной из них, представляющей обращение «к труженикам пера». Байтурсинов констатируя упадочность и застой литературной деятельности под влиянием революции, совершенно открыто, без всякой маскировки заостряет внимание на задачах современной казлитературы и печати: дает понять, что «труженики пера» являются активной силой в борьбе за национальные идеалы, призывает к идейному сплочению и политическому сотрудничеству их против Соввласти, ибо, «принцип революции – борьба за существование», в которой таится опасность уничтожения казнарода русским, ибо т. к. более культурный народ всегда «побеждает»; автор откровенно отождествляя царское правительство с Советским, внушает мысль о необходимости упорной борьбы с последним.

Указанное обращение Байтурсинова исчерпывает собой целую программу литературных задач на элементе в условиях Советского строя, а потому статья заслуживает особого внимания...

...В общем творчество всей группы весьма талантливых киргизских националистических писателей, направлено в одну цель, которой является идеологическая борьба с нами. В форме невинных на первый взгляд стихов, повестей, рассказов, статей, памфлетов, переводов русской классической литературы, общественное сознание отравляется чуждым нам идеалистическим миропониманием и реакционным толкованием революции и нашего строительства.

Революция изображается, как «гнев божий», коммунисты, как «хрюкающие свиньи», Советская власть, как «ангел смерти» и т. п.» (ҚР ҰҚК АМА. 142-154 пп.).

«Эмиграция» деген соңғы тарауында қазақ эмигранттары көп емес екендігі, Мұстафа Шоқай мен Райымжан Мәрсековтің эмиграцияның көрнекті өкілдері екендігі, Мұстафа Шоқай Қоқан үкіметі төрағасының бұрынғы орынбасары, ал Р. Мәрсеков Алаш-Орда үкіметінің қарулы күштерін ұйымдастырып әрі оның қолбасшысы болғандығы айтылған. Мұстафа Шоқай мен Райымжан Мәрсековтің қазақ ұлтшылдарының жетекші топтарымен бұрын тығыз байланыста болғандығы, олармен бірге Кеңестер билігіне қарсы қозғалыс ұйымдастыруға қатысқандығы, башқұрт ұлтшыл эмигранты З. Валидимен тығыз байланыста екендігі; эмиграция мен Қазақстандағы «ұлтшылдардың» тығыз байланысы; қазақ эмиграциясының ақгвардиялық баспада және «Жаңа Түркістанда» жарияланымдары (Мұстафа Шоқайдың кейбір мақалаларын аударып қойған – автор); 1926 ж. 15 маусымда Еңбекші қазақ газетінде жарияланған Жандосовтың 1926 ж. Өлкелік партия комитетінде партия міндеттері туралы мәселе бойынша сөйлеген сөзі «Жаңа Түркістанда» қайта жарияланғандығы жазылған. Осы тарауда О. Жандосовтың сөйлеген сөзі (Казак-киргизская интеллигенция и партия «Алаш-Орда») аударылып келтірілген: «Хочу сказать несколько слов о партии «Алаш-Орда» и казакских интеллигентах. Каждый среди нас знает кое что об этом. Но этого слишком мало. Так, например про партии Алаш-Орда у нас имеются только те сведения, которые дают нам конгрессы коммунистической партии. 1-й конгресс заявляет, что Алаш-Орда является партией богатых. Кроме этого об этой партии мы ничего не знаем. Существует только один человек, который обстоятельно изучил историю и регламент

этой партии. Этот человек т. Бочагов. Никто из нас не занимался серьезным образом изучением истории этой партии. Мы коснулись Алаш-Орды только в наших спорах, а что касается расследования Бочагова, они являются слишком противоречивыми. Тезисы Бочагова противоречат один другому. Вообще труды Бочагова написаны по сплетням, а между тем этот вопрос об Алаш-Орде является вопросом научным и очень серьезным. Кроме того, никто из нас не дал себе труда изучить народное восстание против русской власти, случившееся 1916 г. Оба эти вопроса должны быть изучены во всех их подробностях.

Некоторые из нас говорят, что мы должны предоставить большую свободу научным и идейным прениям, но имеются ли у нас люди, которые могли бы проявить себя в серьезных идейных и научных спорах. Подготовлены ли мы к этому. Мы должны раньше соорганизоваться, а то иначе не имеется никакого смысла пускаться в бесполезную работу.

Секретари нашей партии в настоящее время не находят удобным обращаться к Алаш-Орде, но мы должны знать, что Алаш-Орда пошла очень далеко вперед в идейном отношении. Они проявляют большую литературную деятельность. Они уже не удовлетворяются баснями и сказками и средневековыми историческими, а пишут новое. Алаш-Орда позаботилась уже давно об удовлетворении новых нужд народа в литературной области. Они уже печатают очень хорошие вещи. Польза от этой новой литературы уже видна. Но остается еще много вещей, которые не идут так, как мы об этом желали». Байқап отырғанымыздай, Алаш-Ордаға қатысты шынайы пікірін білдірген.

Одан ары М. Шоқайдың ташкенттік студенттер Б. Дабловпен байланысы (который является информационным источником для Чокаева), М. Шоқайдың халық әншісі Ә. Қашаубаев арқылы ұлтшылдармен байланысуы мүмкін деген болжамы; «Йени Түркістан» журналын алашорда басқарушы орталығының органы екендігі жазылып, «...Ряд других эмигрантов, также имеют связи с нашими националистами, например: 1) Марсеков, находящийся в Чугучаке (Зап. Китай) поддерживает связь с Семипалатинской губ. через контрабандистов, 2) Сасыкпаев, 3) Терговзизов, 4) Джайнаков и др., находящиеся в Кульдже с Джетысуйской губ» деп тұжырымдалған. Осы жоғарыда талданған құжатқа Каширин (ППОГПУ по КССР), Альшанский (нач. СОУПРА), Журавлев (нач. востотдела), Сергеев (уполномочен. ВО) қол қойған (ҚР ҰҚК АМА. 142-154 пп.).

Сонымен, ұлтына адал сан-салалы қызмет еткен Алаш зиялыларын қоғамнан алыстату қызылдар билігі орнаған күннен - ақ белгілі болды. Оларды ұстау үшін сылтау керек болды. Д. Әділев ісі арқылы Алаш зиялыларын тұтқындау жоспарланған. «Основное направление следствия по делу Адилева и др. На данной стадии должно идти по линии № 71212/ СВО выявления организованного проникновения «алашинцев» в Советской и даже партийный аппарат /резолуция по земельному вопросу на 5-й партконференции/» (ҚР ҰҚК АМА. 9 қ. 1 тізбе. 307 іс.-54 п.) – деген деректер сөзімізге дәлел.

Халыққа қарсы бағытталған кеңестік реформаларға қарсы шығып, қызылдар тарапынан төнген қасіреттен халқын қорғау үшін жанталасқан Алаш зиялыларына неше түрлі «айыптар» тағылды. Қызылдар билігі өздерінің қылмыстарын Алаш зиялыларының мойнына «артты». Ұрып-соғып, азаптаулардың нешеме түрін қолданып, алдын ала толтырылған тергеу хаттамаларына қол қойдыртып, кейінгі ұрпақтың «ата-бабаң бірін-бірі сатқан» деп адасулары үшін қағаз жүзінде бәрін хаттап кеткен.

ІХК ұстанымы бойынша Қазақстанда билік пен ықпал жүргізу үшін өзара аяусыз күрескен бірнеше «топтар» болды. Алайда, Алаш зиялысы М. Шоқай жазғандай: «Біз, қаншама ірі тұлға болса да, үмітімізді жеке адамдардың атына тәуелді етіп қоя алмаймыз. Біз жеке тұлғалардан жоғары тұрған ұлттық мұраттарға сүйенеміз» (М. Шоқай. Үш томдық, 2007: 344-345).

Сонымен, Алаш зиялылары ұлттық мүдде жолында басын қосып, бірлескен нағыз зиялылар шоғыры еді. Осы себептен де, партия нұсқауымен БСМБ, ІХК органдары Алаш зиялыларын, олардың отбасы мүшелерін, туыстары, тіпті таныстарына дейін аямай қуғын-сүргінге ұшыратты.

Алаш зиялыларының зиялылық келбеті біздерге мәңгілік үлгі-өнеге.

Әдебиеттер

ҚР ҰҚК АМА. 9 қ. 1 тізбе. 305 іс. 21-32; 34-44; 88-109; 109-133; 138-141; 142-154 пп.

ҚР ҰҚК АМА. 9 қ. 1 тізбе. 307 іс.-54 п.

Шоқай, 2007 – М. Шоқай. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 1 т. Алматы. «Қайнар» баспасы, 2007

References

ҚР ҰҚК АМА. 9 қ. 1 tisbe. 305 ic. 21-32; 34-44; 88-109; 109-133; 138-141; 142-154 pp.

ҚР ҰҚК АМА. 9 қ. 1 tisbe. 307 ic.-54 p.

SHokaj, 2007 – M. SHokaj. Tandamaly shygarmalar. Ush tomdyk. 1 t., Almaty. «Қajnar» baspasy, 2007 (in Kazakh)

УДК / UDC 94(574)

Батыс Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшыраған Хасан Нұрмұхамедов

Даметкен Досмуханқызы Сүлейменова¹

¹Мемлекет тарихы институты, Қазақстан, Астана, жетекші ғылыми қызметкері

Аннотация. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия республикамыздың барлық өңірлерінде үш жыл көлемінде тыңғылықты жұмыс жасап, көптеген жылдардан бері құпия архивтердегі материалдарды саралап, жан-жақты зерттеп, Кеңестік заманның ақтаңдақтарын тарихи айналымға шығарды. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінде сақталған «сайлау пұрсатынан ажырату» бойынша істерді қарап, діни тұлғалардың құжаттарын тауып, танысып – 1920–1940 жж. аралығындағы мерзімді басылым материалдарын саралап, репрессия құрбандарының ұрпақтарын тауып, естеліктерін жинақтау нәтижесінде қуғынға ұшыраған дін қайраткерлерінің бірыңғай тізімі жасалды. 1001-дін қайраткерлері жинақталған архив құжаттарынан «Сенім үшін сергелдең» атауымен жинақ шығарылды. Батыс Қазақстан өңірінде қудалауға ұшыраған дін өкілдері – хазірет-ишандар тағдырлары, өмірдеректері жинақталған. Аталған хазіреттердің біразы ХХ ғ. басындағы қоғамдық-саяси оқиғалардың белортасында жүрген, Ресейдегі Мұсылмандар, Жалпықазақ съездеріне қатысқан, Алаштың идеясын қолдап халқына адал қызмет еткен жандар еді.

Түйін сөздер: діни қайраткерлер, қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары, аймақтық комиссия.

Репрессированный в Западном Казахстане Хасан Нурмухамедов

Даметкен Досмухановна Сулейменова¹

¹Институт истории государства, Казахстан, Астана, ведущий научный сотрудник

Аннотация. Государственная комиссия по полной реабилитации жертв политических репрессий в течение трех лет изучала материалы специальных архивов в регионах республики. При рассмотрении дел по ограничению в избирательных правах, отложившихся в Западно-Казахстанском областном государственном архиве были выявлены документы о религиозных деятелях, подвергшихся преследованиям. Автором анализируется судьба хазрет-ишанов, принимавших участие в общественно-политических событиях начала ХХ в.: на съезде мусульман России, в общеказахских съездах, поддерживавших идеи движения Алаш. Результатом исследовательской работы членов региональной комиссии стало издание сборника документов «Сенім үшін сергелдең» («Страдания за веру») о 1001 религиозном деятеле.

Ключевые слова: религиозные деятели, потомки жертв репрессий, региональная комиссия

Hasan Nurmukhamedov, repressed in western Kazakhstan

*Dametken D. Suleimenova*¹

¹Institute of State History, Kazakhstan, Astana, Leading researcher

Abstract: For three years, the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repression has been studying the records of special archives in the regions of the Republic. During the consideration of cases on restriction of electoral rights, which were deferred in the West Kazakhstan Regional State Archive, documents on religious figures who were persecuted were identified. The author analyzes the fate of the Khazret-Ishaans, who took part in the socio-political events of the beginning of the XX century: at the Congress of Muslims of Russia, at the Kazakh congresses supporting the ideas of the Alash movement. The result of the research work of the members of the regional commission was the publication of a collection of documents «Senim Ushin Sergelden» («Suffering for Faith») about 1001 religious figure.

Keywords: religious figures, descendants of victims of repression, regional commission

Тағдыр сыйлаған тәуелсіздігіміздің таңы атқанына отыз жылдан асты. Өшкенімізді жағып, жоғалғанымызды тауып, ұмытқанымызды жаңғыртып, тарихымызды түгендеп жатқан жаңару кезеңдерінде кешегі күні тіпті есімдерін еске алуға, аттарын атауға болмайтын Алаштың арыстары ортамызға оралып, тарихи айналымдарға еніп жатыр.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» №456 Жарлығы аясында көптеген жұмыстар атқарылды, архивте сақталған құпия құжаттар құпиясыздандырылып, тарихи айналымға енгізілді. Аталған Жарлық Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 ж. 20 қаңтардағы №1 қаулысымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі облыстық комиссия арқылы жүргізілді.

Біріншіден, Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінде сақталған «сайлау пұрсатынан ажырату» бойынша істерді қарап, діни тұлғаларды, құлшылық орындарын тіркеу бойынша құжаттарды тауып, танысып; БҚО Полиция департаментінің арнайы архивінде сақталған істермен танысып; 1920–1940 жж. арасындағы мерзімді басылым материалдарын қарап; репрессия құрбандарының ұрпақтарын тауып, олардың естеліктерін жинақтау нәтижесінде қуғынға ұшыраған дін қайраткерлерінің бірыңғай тізімі жасалды. 1001-дін қайраткері жинақталған архив құжаттарынан «Сенім үшін сергелдең» атауымен жинақ шығарылды.

Бұл жинаққа саяси қуғын-сүргін жылдары (1916–1952) Батыс Қазақстан өңірінде қудалауға ұшыраған дін өкілдері – хазірет-ишандардың тағдырларынан мәліметтер берілген. Аталған хазіреттердің біразы ХХ ғ. басындағы қоғамдық-саяси оқиғалардың белортасында жүрген, бүкілресейлік мұсылмандар сиезіне, жалпықазақ сиездеріне делегат болып қатысып, ел тағдырын оңынан шешуге араласқан көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар. ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамдық-саяси өміріндегі дін қайраткерлерінің ықпалы мен орнын айқындап, репрессия кезеңінде олар көрген қуғын-сүргінді көпшілікке таныстыру үшін ең танымал 10 тұлға таңдалып алынды. Олар – Қайырша Ахметжанов, Қуанай Қосдәулетов, Хасан Нұрмұхамедов, Қажығали Мәулімбердиев, Нығметолла Ибрагимов, Дәулетияр Айсариев, Ғабдолғазиз Көбеев, Ғұбайдолла Ахметов, Құрманғали Қуанышқалиев, Лұқпан Тұрсынов.

Бұл тұлғалар Кеңес Одағында, соның ішінде Қазақстанда болған сталиндік репрессияның, саяси қуғын-сүргіннің барлық толқынын басынан өткергендер.

Сондықтан осы тұлғалардың мысалында кеңестік репрессияның бағытын, көлемін, мазмұнын, ақылға сыйымсыздығын анық көруге болады.

Батыс Қазақстан өңірінде қудаланған дін өкілдері жөнінде архивтік материалдарды іздеп тауып, зерттеп жинақтаған Қазбек Құттымұратұлының «Қуғандалған хазіреттер» атты жинағы шықты (Құттымұратұлы, 2022). Бұл кітап 1937–1938 жж. Батыс Қазақстан облысында «әшкереленген» бай-молдалардың панисламистік антисоветтік контрреволюциялық ұйымдары туралы. Негізінен Батыс Қазақстан облыстық Полиция Департаменті арнайы архиві материалдары бойынша жазылған. Олар негізінен Уфа қаласындағы Орталық Мұсылмандар Діни Басқармасының жетекшілері Кашафутдин Тәржіманов пен Мағди Мақұлов басқарған панисламистік ұйымның БҚО-дағы филиалдары, тармақтары ретінде айыпталған. Қазір белгілісі – Қуанай Қосдәулетов тобы, Хасан Нұрмұхамедов тобы, Нығметола Ибрагимов тобы, Дәулетияр Байтұрсынов тобы, Жайлыбай Құдайбергенов тобы, Медетов Нұрیمان тобы т. б. деп көрсетілген. Осылардың ішінде ерекше мен зерттеген тұлға Хасан Нұрмұхамедов хазірет туралы.

Хасан Нұрмұхамедов туралы деректерді 2007 ж. Батыс Қазақстан Ұлттық Қауіпсіздік Комитет Департаментінің архивінде сақтаулы тұрған 6-қор, П-1124 іс, 2-томдық ісі бойынша жұмыстандым. Бұл құжатта Хасан Нұрмұхамедов 1871 ж. туылған деп көрсетілген. Бұған дейін оның туған жылы белгісіз болып келген еді. Туған жері бұрынғы Орал облысы, Гурьев уезіне қарасты Тайсойған болысында (қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы). Әкесі – Нұрмұхамед (Нұтман) Шектібайұлы өте оқымысты, мешіт салып, медресе ұстаған, текті тұқым ұрпағы екен. Руы – Кіші жүз, он екі ата Байұлына жататын Шеркеш руының Қылышкестен бөлімінен (БҚОҚКД. қор. 6, П-1124 іс, 2 т, 1-4п.).

2011 ж. Ойылда болып, Хасан Нұрмұхамедовтың ұлы Ахметбектің үйінде Рахметолла қажының туған інісі Құсайыннан тараған ұрпақтарымен кездестім. Кездесуде ұрпағы – Абылай Нұрманов былай деген еді: *«Рахметолла атамыз ерекше арқалы, әулие адам болған. Ол кісі өзінің ақырғы сағаты соғатын мезгілінің жақындағанын шамалап, екі жыл жолға әзірленіпті. Сөйтіп, 1889 ж. әкесі Нұрманмен бірге қасиетті Мекке шаһарына жолға шыққан. Кетерінде елмен қоштасып, қажсылық, мұсылмандық парызды өтеу мақсатында жолға аттанарда, екеуміз де сол жақта қалармыз деп қоштасқан екен. Жолда Бұхарада оқып жатқан інісі Хасанға соғып, батасын беріп, әулетін аманаттап, хазірет атағын, соңынан ерген інісіне табыстап кеткен екен»* (Нұрманов, 2011). Бұл кезде Хасан Нұрмұхамедов бастауыш Ибтидай, орта рушдия медресесін аяқтағанан кейін, 1901 ж. Бұхара қаласындағы жоғары дәрежелі діни білім беретін Мір-Араб медресесін тәмамдаған. Бұхарада Хасан Нұрмұхамедов Қаратөбелік дін қайраткері, кейін саяси қуғын-сүргін құрбаны болған мұхтасиб Жұмағали Тоқсабаұлымен бірге оқыған. Осылайша Хасан Нұрмұхамедовке жастайынан оның иығына үлкен салмақ, зор жауапкершілік түскен болатын.

Хасан Нұрмұхамедов 1937 ж. НКВД тергеушілеріне берген жауабында: *«1901 ж. Бұхарада оқу бітіріп, Қызылқоғаға елге келдім. Тайсойған құмында мешіт ұстап, медресе аштым. Бірақ маған указной молда атағы берілмеді. Сол үшін 1905 ж. указной молда атағын алу үшін Петербургке бардым. Ол жерде граф Алексей Павлович Игнатъевке жолығып, жағдайымды айттым. Бірақ менің өтінішім орындалмады»* (Сүлейменова, 2018) дейді. Бұл кезде Ресейде үлкен саяси толқулар болып жатқан кез. Қазақ зиялылары орыс патшасынан қазаққа жеке мүфтилік ашуды немесе Орынбор мұсылмандары діни басқармасына қосуды табанды талап еткен кезең болатын. Ал орыс патша үкіметінің мақсаты – қазақтарды діни-наным сенімнен айыру, шоқындыру, сөйтіп отаршылдықтың құрығына түсіру болатын. Сондықтан ишандарды полиция бақылауына алған болатын. Петербургтегі жағдайды көзімен көрген Хасан Нұрмұхамедов елге келген соң, оқыған қазақ зиялыларымен байланыс ұстаған, соның ішінде Халел Досмұхамедовке арқа сүйеген.

Қазбек Құттымұратұлының «Қуғындалған хазіреттер» кітабында: «Ресей Мемлекеттік Думасының депутаты, заңгер Бақытжан Қаратаев бастаған Орал, Торғай облыстарының зиялылары, барлығы 22 адам Петербургке сапар шегеді. Басым көпшілігі ишан-хазірет болған. Осы топ кейбір дерекке қарағанда патшаның қабылдауында болып, фотосуретке де түскен. Алайда, олардың дін тұрғысынан һәм жер тұрғысынан әр министрге қойған талаптары бұл жолы да орындалмады. Бұл кезең жасы әлі 40-қа толмаған Хасан Нұрмұхамедовтың ұлт деңгейдегі үлкен саясатқа араласқан кезеңі болатын. Петерборға сапарлап барған ізгі ишандардың *бірінші* талабы – дін мәселесі болса, *екінші* мәселе – жыл санап қазақтың шұрайлы жерлерін именденіп, қара бұлттай қаптап келе жатқан қарашекпен-переселен көшін тоқтату, қазақтың өз жерін өзіне қалдыру болатын. Қарқаралы петициясындағы аталған екінші мәселе де жер мәселесі болатын. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұрағанды. *Үшіншіден*, қазақ жұртына Земство беруді сұраған. *Төртіншіден*, отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, барлық мұсылман жұртын муфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы болатын.

Осы кезде шын мәнінде Жымпиты өңірі малға өте қолайлы, мол жайылым, бір-біріне ұштасып жатқан көлдіктер, бұлақты өзендер, кең алқапты шабындықтар, көшіп-қонып жүріп, мал асырауға жағдайлар баршылықты еді. Осы өңірлерге XIX ғ. 90 жж. Қазақстанның Батысына орталық Ресейден крестьян-шаруалар орыстарды қоныстандыру басталған еді. Жергілікті халық бұған наразылықтарын білдіріп, топтасып жатқан кезде Хасан Нұрмұхамедов осы іске белсене араласады (Сүлейменова, 2018). Хасан Нұрмұхамедовтың «Орал қаласынан шыққан «Қазақстан» газетінің 1912 ж. 21 ақпан, номері 7-інші санында жарияланған мақаласында «Мұхтарам басқарушы! Гурьев уезінің Қызылқоға болысының қарамағы номер 12 баршасы Нұрмұхамедовтың ыждағатымен мәңгілік қылып жер алу үшін қала салуға әрекет қылып жатыр. Бірақ біздің Гурьевтің қарамағында 1, 2, 3 сорт егінге лайық жерлер жоқ, жеріміз құмды, бұйдаық болмайды. Сол себепті мал ұстайтын поселкеге лайық. Біз малдан айырылып қалмаймыз ба? Бұның хақын білетін адамдардың пікірлері нешік? Бұл жерлерімізді хүкімет жерінің қай дәрежесіне қояды екен, мұның мәселесі жөнінде 1909 жылы 9-ыншы саратан айында жер мәселесінің инструкциясына тура келе ме? Егіндік үшін жер берілмей ме екен? Екіншіден, 1, 2, 3 жердің тарифтары қалай болады екен? Мұны және күтеміз. Үшіншіден, малмен тірлік қылып отыратұғын поселкеге лайық закон бар ма екен, әлде Гурьевке лайық закон бар ма екен? Басқа уезге, бүтіндей қолданылатын закон», – деп мақала жазған. Осы хаттан Хасан хазіреттің елдегі болып жатқан өзгерістерге, әсіресе жер мәселесіне өзіндік пікірін білдіргенін көреміз (Қазақстан газеті №7, 1912).

1912 ж. 7 сәуірдегі санында Жүбекен Тілеубергенов «Азаматтардың ыжтиһады» атты мақаласында қазақтарға жол көрсетіп жатқан алдыңғы қатарлы азаматтарын атағанда, Хасан хазіреттің есімін атап көрсетеді: «Мынау Қызылқоға базарында тұрған, Қызылқоға болысының Қылышкестен тайпасы озған жылдарда дін үшін, жер үшін Гурьев уезінің қазағынан басқа облыс қазақтарымен бірге Петербургқа өкіл болып барған Хасан Нұрмұхамедов қазір де бірнеше шәкірттерге дәріс айтып тұр. Дүниеден хабары бар, өзі бас болып шәкірттеріне һәм басқа тілін алатындарға «Қазақстан» менен «Айқап» журналын алдыртып жатыр, биыл Қызылқоғада он бір ауыл қала салуды сұратып, тиісті мекемеге арыздарын берген» деп жазады (Тілеубергенов, 1912). Шындығына келсек бұл кезде қарашекпенділер көші Тайсойған, Қызылқоға өңіріне жете қоймаған еді. Бұл жердің табиғаты шаруаға қолайсыз, егіншілікке жарамсыз болатын. Жалпы қазақтың басындағы халді ерте ұғынған Хасан Нұрмұхамедов көшпенді болып мал баққан халқын отырықшылыққа, қала мәдениетіне көшіру қажеттігін ерте түсінген еді. Орыс патша үкіметінің отаршылдық саясатының бағытын түсінген және халқының тұрмыс-тіршілігін

жақсы білетін Хасан хазірет 1913 ж. «Қазақ» газетіне хат жолдап, *Несие серіктестігін ашудың шарттарын сұраған (кредитное товарищество). Хасан хазіреттің сол кездегі ұсынысы бұл жаңалық еді, халқына қайткенде де пайдасын тигізуге деген әрекеті болатын. Бұл «Қазақ» газетінің 1913 ж., 14 номерінде, 16 мамырдағы санында шыққан (Нұрмұхамедов, 1913).* Біз Хасан хазіреттің осы әрекетінен ел қамын ойлап, халқына қызмет еткенін көруге болады. Хасан хазіреттің атағы тек дін қайраткері, мешіт-медресе иесі ғана емес елдің азаматы ретінде де танымал бола бастады. 1914 ж. 25 мамырдағы «Қазақ» газетінде «Орал қазақтарының тілегі» атты мақала жарық көрген. Ресей Мемлекеттік Думасы жанындағы Мұсылман фракциясына алты талап қойған қазақтар – дін қайраткерлері, ишан-хазіреттер болатын. Осы мақалаға қол қойған 15 адамның тізімінде Хасан ишан Нұрмұхамедовтың да қолы тұр.

Мақаланың толық мазмұны: «Орал облысының қазақтары 7-ші мамырда Мұсылман фракциясына төмендегі өтініштерін жіберген болатын. Өтініш 6 баптан тұрады. Бұл өтініш-тілегімізді Мемлекеттік Думада қорғауды һәм тиісті орындарға жеткізуді Мұсылман фракциясынан кішілікпен сұраймыз. 1) Біздің тіршілігімізді, рәсім һәм жеріміздің жайына қарай мал баққанда күн көруіміз малменен. Сондықтан Мемлекеттік Думаға 66 депутат кіргізген мал бауыздау хақындағы закон жобасына қатты ренжідік һәм ол депутаттарға кейідік. Өйткені, бұл жоба закон болып қабылданса, біз етті жеуден қаламыз, аштан өлуге даярмыз. Себебі малды бауыздағанда шарифатша бауыздау рәсімінің сақталғанын қалаймыз. Біздің осы тілегімізді тиісті орынға жеткізсеңіз екен» делінген. 2) Бұл күнге дейін біздің дін істеріміз хукімет төрелерінің қолында болып келеді. Бірақ төрелер шарифат хукімін жақсы білмегендіктен, тұрмысымыздан хабардар болмағандықтан хукімет үшін де, қазақ халқы үшін де бапсыз жұмыстарды жасап келді. Енді осындай келеңсіз оқиғалар болмау үшін, қазақ халқын Орынбор мүфтилігіне қосса екен немесе өзімізге жеке муфти берілсе екен. 3) Қазақ жері тегіс егінге жарамсыз болғандықтан, қазақ халқы мал бағып тіршілік етеді. Бірақ соңғы жылдары мұжықтарға ең жақсы жерлеріміз кесіліп беріліп, мал бағуымыз қиыншылыққа айналды. Қазақ халқы пақырлыққа ұшырады. Соның үшін қазақ жеріне мұжықтар жіберуді енді тоқтатса екен. 4) Орал облысының қазақтарынан кей облыстар қала салып отыруға риза болып еді. Бірақ хукімет төрелер оларға «Екі орыс, бір қазақ болсын» деген саясат жүргізе бастады. Біз бұл саясат дін һәм ұлт істерімізге зиянды деп білеміз, сондықтан бұл саясаттың жоғалуын тілейміз. 5) Біз мәдени тұрмысқа, орыс һәм басқа халықтармен қатар тіршілік етуге жаңа ыңғайланып келеміз. Соның үшін біздің дін һәм дүниетанымдық жұмыстарымыздан кемшіліктеріміз көп болуы да мүмкін. Бірақ бұл керектерімізді халық өкілдері де хукіметке жеткізіп, хұқымызды қорғауға мүмкіндігіміз жоқ. Соның үшін бізден Мемлекеттік Думаға депутат алынса екен. 6) Бұл күнге дейін қазақ арасында бірсыпыра орысша бастауыш мектептер ашылды, бірақ бұл мектептерде дін, ана тілі һәм ұлт әдебиетінен еш нәрсе оқытылмағандықтан, мектептен оқып шыққан балаларымыз өзімізше оқу-жазу білмейді, Дін білімдерінен тіпті надан қалады һәм халық арасында қызмет етуден мақұрым болады. Сондықтан халық мұндай мектептерді жаратпайды. Сол себепті қазақ арасынан ашылған һәм ашылатын мектептерде бастапқы 3 жыл балаларды ана тілінде оқытылуы, соңғы жылдарда лайықты деп үйретіп және ұлт әдебиетінен сабақ берілуін тілейміз. Бұл тілекке өкіл болып қол қоюшылар: Хамидолла ишан Тәржіманов, Дәулетияр ишан Айсарин, Сұлтан ишан Көркенбаев, Әндіжан Жұбаналиев, заңгер Бақытжан Қаратаев, Тақтабай Толаев, Ғабдолғали ишан Қонаев, Мұхаммед-Сүйінғали Ишанұғлы, Өтеш Дүйсенбаев, Хасен Жиенғалиев, Ғабдолла ишан Досжанов, Нұғман Байтоқов, Сүлеймен ишан Есенғалиев, Айтыс ишан Далақов және Хасан ишан Нұрмұхамедов» деп қолдары қойылған (Қазақ газеті №16, 1914). XX ғ. басында қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары ел тағдырын ойлап, әрекет етіп, халықтың

талап-тілектерін жоғарғы билеушілерге жеткізудің жолдарын қарастырған. Көріп отырғанымыздай мұндағы ұсынылған алты талаптың қай-қайсысы да, сол кездегі қазақ ұлтының басындағы ең өзекті тақырыпты қамтиды. Хасан ишан Нұрмұхамедов бұл кезде де, бұдан кейін де елдегі қоғамдық-саяси оқиғалардың бел ортасында жүріп халқына адал қызмет еткен азамат.

1917 ж. ақпан айында патшаның тақтан құлауы, Ресей империясы құрамында болып келген халықтардың ұлттық қозғалыстарының өрлеуіне орасан зор ықпал етті. Қазақ халқының көшбасшысы болған зиялылар жаңа қоғам құру сәті келгенін айқын түсініп, жаңа жағдайдағы саяси күрес жолына шықты. 1917 ж. Ақпан төңкерісінің жеңісі күллі қазақ деген ұлт зиялыларының басын бір жерге қосуға мүмкіндік әкелді. 1917 ж. сәуір-мамыр айларында көптеген облыс, уезд орталықтарында аймақтық Қазақ съездері өткізіліп, қазақ комитеттері құрыла бастады. Оралдың жекелеген өкілдері уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттерінің құрамына енгізілді.

1917 ж. Қазақ съездері Орынбор (Торғай облыстық), Орал (Орал облыстық), Семей (Семей облыстық), Омбы (Ақмола облыстық) т. б. қалаларын да өтті. Қазақ съездерін өткізуге ұлт зиялылары Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ж. Ақбаев, Ә. Ермеков, Х. Ғаббасов, Р. Мәрсеков, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов т. б. белсене кірісті. Орал облыстық қазақ комитеті Жайық өзенінің сол жағалауын қоныстанған қазақ ауылдарын басқару мақсатында құрылған атқару органы еді. 1917 ж. 19–22 сәуір аралығында Орал қаласында өткен Жайық сырты қазақтарының І-інші облыстық съезінде Жайықтың сыртқы бөлігін басқару жөнінде комитет құрылды. Орал облыстық Қазақ съезіне 800-ден астам делегат қатысты. Орал облыстық 1-інші съездің 1917 ж. 19 сәуір күнгі мәжілісінде үш мәселе талқыланды: Мемлекетті басқару туралы; Уақытша үкіметке және жүріп жатқан соғысқа көзқарас туралы мәселелер. Бірінші мәселеге байланысты делегаттар «демократиялық республика» идеясын қолдады. Ал ұлттық-территориялық федерация мәселесін әзірге ашық қалдыруды ұсынды (Қазақ газеті №16, 1914). Қазақ елінің болашақ тағдыры талқыға салынған осы жиында Хасан хазірет те жүрді. Съездің екінші күнінде дін мәселесі де талқыланды. «Қазақтар үшін бөлек мүфтилік құру» мәселесін сонау 1905 ж. бері көтеріп келе жатқан Хасан Нұрмұхамедов үшін бұл тақырып өте өзекті еді. Алайда бұл мәселе өзге облыс қазақтарымен ақылдаса отырып шешілетін болғандықтан, съезд «Орал облысы қазақтарының діни басқармасы уақытша Орынбор мүфтилігіне қосылсын. Жергілікті имамдарды мешіт жамағаты діни білімі, тиісті куәлігі бар адамдар арасынан сайлансын. Ахун мен қази татарларда қалыптасқан үлгімен сайлансын. Әр ауылдық әкімшілік аумағында кем дегенде бір мешіт болуы міндетті болсын. Мешіт имамы – туу, өлу және неке жайлы мәліметтерді метіркелік дәптерге жазып тіркеп отыруға міндетті. Сайланған имамдардың қызметі мерзіммен шектелмейді», – деген қаулы жасады. Дінге байланысты съезд облыстық діни басқарманы Орынбор мүфтиатына бағындыруды жақтады (Сүлейменова, 2019).

Съездің үшінші күні делегаттар бүкілресейлік Мұсылмандар съезі туралы мәселені қарап, оған қатысу үшін Мәскеуге үш саяси қайраткерлер – Жаһанша Досмұхамедовты, Халел Досмұхамедовты, Ғұбайдолла Әлібековты және мұғалім Сұбханов пен алты молдаларды Қайырша Ахметжанов, Хасан Нұрмұхамедов, Қажығали Мәулімбердиев, Хамидолла Тәржіманов, К. Андабаев, И. Байгүренов жіберу жөнінде шешім қабылдады (Мартыненко, 1992). Облысқа кеңінен танымал үш бірдей саяси тұлғалардың Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат болып сайлануы олардың Жалпыресейлік саяси қызметке араласуға шынымен қол созғандығын көрсеткен. Осы Мәскеу сапарында Жаһанша Досмұхамедов айтарлықтай табысқа жетті. Ол, біріншіден, Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде оның атқару комитетіне мүше болып сайланса, Бүкілресейлік демократиялық мәжілісте Ресей Республикасының Уақытша кеңесінің (предпарламент)

құрамына енгізілді (Нұрпейіс, 1995).

1917 ж. мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман съезінде Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстары мен Ішкі Орда қазақтарының делегаттарының өтініші бойынша «Қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігіне қаратылсын» деген шешім қабылданды. Мүфтиліктің қазылар құрамына қазақтардан Ғұмар Қараш пен Қайырша Ахметжанов Бөкей және Орал облыстарының қазіі ретінде мүше болған. Ал Хасан Нұрмұхамедов Орал қазиатының Гурьев уезі бойынша мұхтасибі болып сайланды.

Орал облыстық қазақ съезі 1917 ж. көктем айларында өткен басқа облыстық және уездік қазақ съездері сияқты қоғамдық-саяси өмірдегі елеулі оқиға болды.

Орал облыстық қазақ съезінің өзіне тән сипаты болды.

Біріншіден, делегаттар саны басқа облыстық съездерден көп болды. *Екіншіден*, Орал облыстық қазақ съезінде қаралған мәселелер саны 23 болуы көкейтесті мәселелерді дұрыс шешуге деген ұмтылысты көрсетеді. *Үшіншіден*, аграрлық мәселеде батыл шешімдер қабылдады. Қазақтарды өз атақоныс жерлеріне қайтадан қоныстандыруға әрекет етті. *Төртіншіден*, Орал съезі облыстағы оқу-ағарту, мәдениет және шаруашылық-қаражат мәселелерін қарады, жалпы білім бері негізінде орта мектептерді ұйымдастыру туралы айтылады.

Хасан Нұрмұхамедов сол жылы мамыр айында Мәскеуде өткен Мұсылмандар съезінен соң осындағы қазақ делегаттарының кеңесіне қатысып, кеңес қаулысымен 1917 ж. 1 тамыз – 10 қыркүйек аралығында Ташкент қаласында жалпықазақ съезін өткізуді қолдады. 1917 ж. желтоқсанда Орынбор қаласында өткен II жалпықазақ съезінің делегаты. Съезде Алаш автономиясын дереу жариялауды және автономияға Түркістан қазақтарын қосып алуды жақтап дауыс берді. Хасан хазірет Орынборда өткен II Жалпықазақ съезінен кейін Орал облысында құрылған Ойыл уәлаятының және Алашорданың Батыс бөлімі үкіметінің жұмысына белсене қатынасты. 1917–1919 жж. Ойылда, Қаратөбеде, Жымпитыда өткен облыстық қазақ съездеріне делегат болды. Ойыл уәлаяты Уақытша үкіметінің құрамына: Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Дәулетшаһ Көсепқалиев, Салық Омарұлы, Қалдыбай Асанов, Ғабдол-Ғалым Қосдәулетұлы Қуанай хазіреттің баласы, Сабыр Сарығожин және белгілі рубасыларымен халыққа беделді Әнжан Жұбанәлин, Иса Көпжасаровпен дін иелері кірді: Қуанай хазірет Қосдәулетұлы, Хасан хазірет Нұрмұхамедов, Қажығали Мәулімберді ишан т. б.

Хасан Нұрмұхамедов діни істерді басқару жөніндегі комиссияның мүшесі, Ойыл уәлаятының Тайсойған, Бүйрек, Кермеқас, Қызылқоға, Қарабау өңіріндегі мұхтасибі болып қызмет атқарды. Бұл ұйымға ойылдық Сағидолла Ізтілеуов төрағалық еткен еді.

Қазақ жерін Алаш автономиясына біріктіру өте сауатты, жоғары саяси деңгейде, конституциялық құқықты жолмен жүргізілді. Ұлт зиялылары Алаш партиясын құрып, Алашорда үкіметін жариялады. Осындай қиын-қыстау кезеңде, саяси күрес ортасында Хасан Нұрмұхамедов та жүрді. Алайда қазақ жерін Алаш автономиясына біріктіру оңайға түспеді. Әсіресе жергілікті жерлерде орыс шаруалары мен қоныс аударушылар қатты қарсылық көрсетті, қазақ жерін айқындау және оны автономия құрамына алу, сол кездегі ең қиын түйін еді. Алаш зиялылары мемлекеттік мәселенің бірі – дін ісіне ерекше көңіл бөлді. Мысалы: 1917 ж. желтоқсанның 12-і күні дүниеге Алаш автономиясы жарияланып, оған діни жолмен азан шақырылып, ат қойылды. Бұл да дінге тағызым етудің сипаты еді. Орал қазақтарының облыстық бірінші съезінде Бүкілресейлік Мұсылмандар съезі туралы мәселені қарап, оған қатысу үшін делегаттарды сайлау, Бүкілресейлік Мұсылмандар съезінің атқару комитетіне мүшелікке Жаһанша Досмұхамедовтың сайлануы дін ісіне ерекше маңыз бергендігінің дәлелі болады. Бүкілресейлік Мұсылмандар съезі әрбір ауылда мешіт ашуды, имандарға метрикалық кітап жүргізуді, туу, өлу және неке қию істерін тіркеуді қажет деп таныды. Дін ісіне әйел жұрты да белсене қатысты. Аталмыш

мұсылмандар съезіне Батыс қазақ әйел жұртынан дәрігер Досжанова Аққағаз қатысқан (Сүлейменова, 2010). Ойыл уәлаяты уақытша үкіметінің құрамына дін басы Ғабдол-Ғалым Қосдәулетұлы енгізілді және ол белгілі хазірет Қуанаймен байланыста болып қолдау тауып отырды. Жаһанша Досмұхамедов басқарған үкімет өз бағдарламасында: дін мемлекеттен ажырауы тиіс, әрі азат, әрі тең болуы керек, болашақта дінге мойынұсынушы қазақтардың діни басқармасы, бөлек мүфтиі болуын көздеген. Сонымен қатар азаматтық рәсімдерді – неке қию, азан шақыру, жаназа шығаруды жүргізуді молдалардың құқығына қалдыруды дұрыс деп шешкен.

法令検索. 電子計算機を使用して作成する国税関係帳簿書類の保存方法等の特例に関する法律, 2024 – 法令検索. 電子計算機を使用して作成する国税関係帳簿書類の保存方法等の特例に関する法律, 2024. [electronic resource] (in Japanese) https://elaws.e-gov.go.jp/document?lawid=410AC0000000025_20220401_502AC0000000008 (date of access: 22.02.2024)

Act 02-2110-3167, 2024 – Digital New Industrial Systems Division 2024. “전자문서 및 전자거래 기본법 [South Korea Electronic Documents Act] 02-2110-3167” Standart, Seoul, 2024

Act 044-202-6446, 2024 – Digital New Industrial Systems Division 2024. “South Korea Electronic Signature Act 044-202-6446” Standart, Seoul, 2024

19. Electronic Books Preservation Act, 2020 – Umeda S. Revised Enforcement Rule of the Electronic Books Preservation Act Seeks to Ease Requirements for Paperless Tax Documents, 2020. [electronic resource] <https://www.loc.gov/item/global-legal-monitor/2020-10-05/japan-revised-enforcement-rule-of-the-electronic-books-preservation-act-seeks-to-ease-requirements-for-paperless-tax-documents/> (date of access: 22.02.2024)

УДК 94(574.25) (093)

Жанқожа батыр туралы тарихи зерттеулердің ерекшеліктері (250 жылдығына орай)

Нұрлан Нұрмаханов¹

¹Болашақ университеті, Қазақстан, Қызылорда, аға оқытушысы, ф.ғ.к.,

Аннотация. Мақалада ел бостандығы үшін күрескен батыр Жанқожа Нұрмұхамедов туралы айтылады. Автор бұл тарихи тұлғаның халық поэзиясында көрініс тапқан ерлігі мен қаһармандығын ерекше атап өтеді. Сонымен қатар, мақалада елі үшін жанын қиған Жанқожа батырдың ер мінезі суреттеліп, оның жетекшілігімен жүргізілген қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы күресі де сөз болады.

Жанқожа Нұрмұхамедовтың есімі халық жадында сақталып, оның ұлт-азаттық қозғалыстағы рөлі Қазақстан тарихында ерекше орын алады.

Түйін сөздер: ұлттық-азаттық күрес, тарихи жыр, тарих қайраткерлері.

Особенности исторических исследований о Жанкоже батыре (к 250-летию со дня рождения)

Нурлан Нурмаханов¹

¹Университет Болашақ, Казахстан, Кызылорда, к.ф.н., старший преподаватель

Аннотация. В статье рассказывается о Жанкоже Нурмухамедове – герое, сражавшемся за свободу страны. Автор подчеркивает храбрость и героизм этой исторической фигуры, отраженные в народных стихах. Кроме того, в статье описывается характер Жанкожи батыра, который служил примером человека, отдавшего жизнь за страну, а также освещается борьба за независимость казахского народа под его предводительством.

Имя Жанкожи Нурмухамедова сохранилось в народной памяти, а его роль в национально-освободительном движении занимает особое место в истории Казахстана.

Ключевые слова: национально-освободительная борьба, исторические стихи, исторические личности.

Features of the historical research about Zhankozha batyr (dedication of the 250th anniversary)

Nurlan Nurmakhanov¹

¹Bolashak university, Kazakhstan, Kyzylorda, senior teacher, c.o.p.

Abstract: The article tells about Zhankozha Nurmukhamedov – a hero who fought for the freedom of the country. The author emphasizes the bravery and heroism of this historical figure, reflected in folk verses. In addition, the article describes the character of Zhankozha batyr, who served as an example of a man who gave his life for the country, and also highlights the struggle

for independence of the Kazakh people under his leadership.

The name of Zhankozha Nurmukhamedov is preserved in the national memory, and his role in the national liberation movement takes a special place in the history of Kazakhstan.

Keywords: national liberation struggle, historical verses, historical personalities.

Тәуелсіздік ұғымы қайбір ел болмасын аса қымбат. Ғасырлар бойы жасалған қазақ мемлекетінің арғы-бергі тарихына көз жүгіртсеңіз, ел тәуелсіздігі жолында талай қырғынды басынан кешірген қанды оқиғалардың қақ ортасында жан алып, жан беріскен батырлармен қатар салиқалы саясат арқасында ел бірлігін қатаң ұстаған данагөйлердің жүріп өткен жолына кезігесіз. Олардың әрбір қадамы кейінгіге шерлі шежіре, тағылымды тарих екенін бүгінгі тәуелсіздікке қолы жеткен ұрпағы білуі керек.

«Жаңа тәуелсіз заманасында көптеген қаһармандар тарихқа оралды, өлгендеріміз тірілді, есік алдында елеусіз қалғандар төрге шықты. Алайда осы бір ұлы дүрмекке оларды жүзге бөлу, тайпалық принцип ұстау сияқты бей-берекетсіз жағдайлар кездеседі. Шын мәнінде, ұлылар бір тайпаның, бір жүздің маңдайына сыймайды, олар ұлттың ұлылары, халық перзенттері, тарих қайраткерлері» (Қозыбаев, 1994: 92), – дейді тарихшы Манаш Қозыбаев. Расында, дүбірге толы XIX ғ. ұлын құлға, қызын күнге айналдырып, елдің тоз-тозын шығара тонап, мал-жанын алдына салып айдап, жерді бөліп алуға тырысқан сыртқы жаудың пәрменіне төтеп беріп, азулылармен алысқан халық батырлары – тарихи тұлғалар.

Ел басына күн туған кездерде, батырлық пен батылдықты, ерлік пен өрлікті, қайсарлық пен қаталдықты қатар ұстап, туған жерінің азаттығын аңсаған, Хиуа мен Қоқан хандықтарына, патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қас қақпай қаруын сілтеген, жетпіс жыл бойы аттан түспей, ел бостандығы үшін күрескен батыр Жанқожа Нұрмұхамедұлының есімі халық жадында сақталып, оның тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күресі қазақ тарихында айрықша орын алады.

Жанқожа батыр 1774 ж. қазіргі Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Арықбалық ауылында дүниеге келген. Арғы әкесі Киікбай Әбілхайыр ханның тұсында әрі батыр, әрі би, өткір тілді адам болған. 1847 ж. Елекей сұлтан Қасымұлының Жанқожа батырға: «Менің атам Әбілқайыр хан болып тұрғанда, сенің атаң Киікбай әрі батыр, әрі би еді. Ол екеуі бірігіп, Сыр бойында көшіп жүрген қарақалпақтарды Хиуаға, Торғай мен Ырғыз бойына дейін жаулап келген қалмақтарды Қытай жеріне қуып салып еді», – деп жазған хатына қарағанда Жанқожаның бойындағы батырлық қасиеттің арғы тегінен дарығанын аңғарасың.

Батыр – тұлға. Халық батырларын жырларында дәріптеген ақындар мен жыраулар жұрт тыныштығын бұзған жауға қасарыса соққы беріп, ел бірлігін сақтап, ел тірегіне айналған қаһармандарға құрметпен қарауды болашақ ұрпаққа аманат етіп тапсырған. Батырлар жайында жазылған жырлар олардың биік тұлғасын, өр мінезін асқақтатып, халық үшін жанын берген, ұлт үшін аянбаған қаһармандық келбетін сипаттауының маңызы осында.

Білектілік пен жүректілік қанында бар бала Жанқожа жас кезінде өте сұсты, жанарынан жалын атып тұратын, ашуланғанда екі көзі қызарып, үнемі білегіне іліп жүретін кішкене айбалтасын шырқобелек айналдырып ысқырады екен. Бала кезінен-ақ батырлық мінезді таныта білген Жанқожа он бес жасында жасаған әділетсіздігі үшін Кіші жүз Шектілердің Құрманай, Құттық руларын басқаратын Қылышбайды айбалтамен бастан салып өтеді. Ал, 17 жасында Қоқан ханына арқа сүйеген қарақалпақ басшысы Тықы батырдың Жаңадария бойында қаласын бұзып, өзін жекпе-жекте өлтіреді. Бұдан кейінгі жетпіс жылдай ғұмырында Жанқожа батыр елінің бостандығы үшін жанын бере шайқасты. Оның дәлелі сол, бір жағынан, тарихшылардың жорық жолдарынан жазылған

тарихи деректері болса, екінші жағынан, Сыр еліне есімі мәшһүр ақын-шайырлар елі үшін төсін оққа тосқан батырын өз шығармаларына тиек еткен және жанында жүрген қарулас достары батырының батырлығын, ерлігін, азаматтығын халқына паш етіп көрсетуде артына еш өшпестей дүниелер – көлемді де оқиғалы тарихи жырлар қалдырған.

Жанқожаның ерлігін насихаттайтын жырлардың басында Мұсабай жыраудың «Жанқожа батырдың толғауы» тұрғанын ғалымдар мойындайды. Өздерінің батыр туралы жырларды талдаған еңбектерінде де ең әуелі осы жырды арқау етеді. Тек бұл Жанқожа батыр туралы тарихи жырлардың алғашқысы емес, Веселовскийдің жинағында берілген «Жанқожа батырдың толғауы» қазақ халқының ұлт-азаттық, бостандық жолындағы бұқаралық күресі сипатталған тарихи жырлардың ішінде алғаш баспа бетінде жарияланған нұсқаның бірі болғандықтан, оның орны ерекше» (Субханбердина, Сейфуллина, 1996: 13). «Жанқожа батыр толғауы» осылай жүз жыл әріде, өткен ғасырдың аяғында, нақты айтсақ, 1894 ж. Н.И. Веселовский баспа бетінде жарыққа шығарды. Бұл тарихи жырды Мұсабай жыраудан И.В. Аничков жазып алған.

Тарихи жырға тоқталмастан бұрын жырдың дүниеге келгенінен бастап қағаз бетіне түсіп таралуына септігін тигізген жоғарыда аты аталған үш есімнің кім екенін айтып өтелік. Мұсабай жырау Аманқұлұлы 1820 ж. Қазалы ауданы, Қазалыдан жеті-сегіз шақырымдай жердегі «Табанкөл» деген елді мекенде дүниеге келіп, 1909 ж. туған жерінде қайтыс болған. Жанқожа батырдың отаршылдыққа қарсы көтерілісі 1856–1857 жж. болса, Мұсабай жырау көп ұзамай тарихи жырды өмірге әкелді. Батыр ағасы туралы тарихи деректерге қанық, сол тарихи ортаның қақ ортасында жүрген жыраудың туған жерін жаудың табанында қалдырмай, туған елінің азаттығы үшін күрескен, халықтың қорғаушысы атанған батыр Жанқожа жайлы тарихи жыр жазуы заңды да.

Мұсабай үлгісі – Жанқожа батыр жайында жазылған тарихи жырдың алғашқысы. Жырды Мұсабай жыраудың аузынан жазып алған Иван Васильевич Аничков – шығысты зерттеген ғалым. Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін бітірген. Түркістан мен Орынбордың ғылыми мекемелерінде қызмет істеп, этнографиялық және археологиялық еңбектер қалдырған. И.В. Аничков 1893 ж. Шөмекей еліндегі Кәрібай деген кісінің (қазірде сол маңда «Кәрібай тамы» деген жер-су аты бар) Қуандарияда өткен асына барғанда жыраудың аузынан жазып алып, бір жылдан соң Қазан университеті жанындағы археология және этнография қоғамының хабарларында жариялайды. «Күллі қазақтың аты шулы батырлары мен сахара қаһармандарының санатына толық жатқызған», «қазақ халқының тарихында мәңгі қалуға хақы бар» Жанқожаның батырлығына бас иіп, «Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы» атты тарихи очерк те жазды. Ол 1894 ж. Қазан университетінде жарық көрді. И.В. Аничковтың өзі де «Жанқожа батыр хиссасын 1894 ж. 7 сәуірде Сырдария облысы, Қазалы қаласындағы Мұсабай жыраудан араб әрпімен жазылған қолжазба түрінде алдым дейді» (Жиреншин, 1971: 113). Хатқа түскен есім осыдан кейін «қазақшаланып» Мұсабай болып айтылып та, жазылып та келеді. Тек 2005 ж. жарық көрген «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалықта «Жанқожа батыр» жырына түсініктеме берілгенде «Мұсабай жырау» деп көрсетілген.

Үшінші есім Николай Иванович Веселовский де – белгілі шығыс зерттеушісі. Ғалым Жанқожа батыр жайында жазылған Мұсабай жырау үлгісінің қазақ тіліндегі нұсқасы мен орыс тіліндегі аудармасын 1894 ж. Санкт-Петербургте жарық көрген, «қазақ әдебиеті тарихынан мол дерек беретін жоғарыда атап өткен» «Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае» деген кітабына енгізеді.

Баспа жүзін көрген тарихи жырдың бұл алғашқы сатысы болатын. «Жанқожа батырдың толғауын» Сәкен Сейфуллин 1926 ж. «Жаңа мектеп» журналының бесінші санында қайта түсініктемелермен бастырады. Одан әрі тарихи жырлар төңірегінде

қалам тартып жүрген әдебиетші-ғалымдар Ә. Қоңыратбаев, С. Садырбаев, Б. Шалабаев, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, Н. Төреқұлов, Ғ. Ахмедов, Ж. Тілепов, Т. Қоңыратбаев Мұсабай жыраудың «Жанқожа батыр» толғауына соқпай өтпеген. Сонымен қатар Ұлттық Ғылым Академиясының қолжазбалар қорында Мұсабай жырау жырлаған бірнеше нұсқа бар.

Кеңестік дәуір Жанқожа батыр туралы айтуға кедергі келтірсе де, батыр туралы, оның ұлттық-азаттық көтерілісі жайлы тұңғыш зерттеуді Т. Шойынбаев жазды. «Восстание Сырдарьинских казахов» атты ғылыми еңбегі 1949 ж. жарық көрді. Бұл тұрғыда Е. Бекмаханов та алғашқы пікірін ашық білдірді. «Есет пен Жанқожаның күрестерінің мақсаты – патша басшылығы мен Қоқан, Хиуа хандықтарының қысымшылықтарына қарсы күрес», – деп жазғаны 1946 ж. еді. Ал, жырлар туралы Қызыл империя жақ аштырмады. Десек те батыр жайында жыр-дастандар жазыла берді. Оған Ғылым Академиясына жинақталған қолжазбалар дәлел бола алады. Жеке кітап болмаса да, жырларға тоқталып өткен мақалалар жарияланып тұрды. Мысал ретінде 1979 ж. жарық көрген «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» жинағына енген Н. Төреқұловтың батыр жайлы зерттеу мақаласын айта аламыз. Алайда бұл еңбектер толыққанды емес еді, тіпті кей еңбектерде Кеңестік саясаттың ықпалы көрініп тұрды. Ғылым Академиясына тапсырылған тарихи жырларға да «қызыл қаламның» сиясы тиді.

Жанқожа батыр жайлы тарихи жырлардың ішінде Мұсабай жыраудың толғауына зерттеушілер тоқталмай өтпейді. Жазушы Сәбит Мұқановтан бастап Ә. Қоңыратбаев, С. Садырбаев, Б. Шалабаев, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, қазіргі зерттеуші ғалымдар – Н. Төреқұлов, Ғ. Ахмедов, Ж. Тілепов, Т. Қоңыратбаевқа дейін Мұсабай жыры зерттеу нысанына айналған. Әсіресе, Ж. Тілепов «Елім деп еңіреп туған ерлер жыры», «Тарих пен әдебиет» атты еңбектерінде жыраудың әрбір шумағынан тарихи дерекпен астасқан батыр өмір сүрген заманның тынысын ашып көрсетіп, жан-жақты талдаған. Кей тұста оқырман тікелей қабылдау үшін тарихи деректерді сол қалпынша тізбектей баяндап, поэзияның ішкі иіріміне бағынбай, ырғақ пен ұйқастан ауытқыған тұстарының бар болуына қарамай, батырдың тұлғасын сомдап, тарихи бейнесін айшықтауда, қоғамдық-саяси жағдайларға баға беруде Мұсабай жырау аянып қалмаған. Жырды оқығанда мына жайтты ескерген жөн. Көркемдікпен қабат еркін баяндауға ұласқан, деректілікке иек артқан тарихи жырдың әрбір тармағына, әрбір шумағына көз жүгіртпей, көңіл тоқтатып, әрбір түйінді ойды тарихи деректермен ұштастыра өрбіткенде ғана тарихи шығарманың мазмұны айқындалып, Жанқожаның болмыс-бітімімен, мінез-құлқымен астасқан батырлық тұлғасын аша аламыз.

Жырда жарты ғасырға жуық тарихи оқиға ғана беріліп, XIX ғ. 60-жылдарына дейінгі қалыптасқан қазақ жеріндегі хал-ахуал, жер, ел үшін Жанқожаның ұлттық-азаттық күресі қара өлең ұйқасымен жырланады. XIX ғ. аяғында дүниеге келген жыр-толғауда қара өлең ұйқасының құрылысы сақталған.

Тарихи жырда елдік пен ерлік, тәуелсіздік пен бостандық тақырыбы өзек етілген. Ел тәуелсіздігі, жер бостандығы үшін ұлын құлға, қызын күңге айналдырғысы келген бодандық құрсауынан, отаршылдық қамытынан құтқарар тұста ел үшін жанын берер ер үлгісін көрсеткен Жанқожа батыр тұлғасы сомдалады.

Жырда Жанқожа қолының Бабажан бекпен соғысы баяндалады.

«Ауызын Жанқожаның алайын деп,

Қара сарт алып келді шекер, шайдан», – деп жырлайды Мұсабай жырау соғысуға себеп болған жайды баса көрсетіп.

Сыр бойындағы Бабажан бектің иелігінде Жанқожаның ағасы Ақмырза бағынып отырды. Ал, Жанқожа батыр ол кезде Қарақұм жағында, Елек өзенінің жағасын қыстап тұрды. Жұртына тісін батырған қорлығына көнбеген Ақмырза енді Жанқожадан көмек сұрайды. Бұдан хабардар болған Хиуа ханы қауіптеніп, Ақмырзаның қол-аяғын

байлатып, Сырдарияға тірілей лақтырғызады. Бірінен-бірі өткен зорлық пен қорлыққа шыдай алмаған Жанқожа батыр:

«Жазықсыз Ақмырзаны өлтірдің деп,
Көп қырды қайқы кірпік қара сартты.
Баласын Майқарадай ұстап алып.,
Алашты алты жүре аралатты».

«Қоқан, Хиуа, Бұқара хандықтарының осындай зорлық-зомбылықтарына қарсы Жетісу жерінде және Сыр бойында бірнеше шаруалар көтерілісі болған. Мәселен, 1858–1860, 1864 жж. батыр Сұраншы Ақынбекұлы басқарған Ұлы жүз қазақтарының, ал 1843–1845, 1856 жж. Жанқожа Нұрмұхамедұлы басқарған Кіші жүз қазақтарының қарулы көтерілістері болды... Елдің тәуелсіздік жолындағы күрестері біртіндеп бүкілхалықтық сипат алды» (Садырбаев, 1992: 41).

Бабажан бекінісіне бұзып-жарып кіріп, қысымшылықта отырған жұртына бостандық алып берген Жанқожа батырмен қатар Ақтан батырдың да есімі аталады. Тарихи деректер бойынша, әуелі бірінші қақпаны Ақтан батыр қирата кірсе, екіншісін Жанқожа батыр баса-көктеп алға ұмтылып, Хиуа әскерлерінің тас-талқанын шығарған. Бабажан бектің баласы Майқараны тұтқынға алып жұртына алып келгені жырда ашып айтылған. Бұл кез – 1843 ж. басы. Қазақстан тарихында Жанқожа батырдың Хиуа хандығымен күресі тайға таңба басқандай жазылған.

«Қазаққа сарт та қылды үлкендікті,
Көрмедік Жәкең барда еш кемдікті.
Қаласын Бабажанның бұзып алып,

Қазаққа алып берді бір теңдікті», – деп, Мұсабай жырау Жанқожа батырдың отаншылдық тұлғасына баға берген.

Жанқожа батырдың 1847 ж. 20 тамызда Райым бекінісінің бастығы подполковник Ерофеевке Хиуа феодалдарының қазақтарға шабуылы туралы жазған хатынан кейін-ақ орыс әскерлерінен көмек кешіккен жоқ. Өз мөрін басып Хиуа феодалдарының шабуылы туралы Ерофеевке жазған Жанқожа батырдың хатынан оның өз халқына жанашырлықпен қарап, сол жолда жауларымен күресуде патшалық Ресейден көмек сұрауға мәжбүр болған. Оның үстіне 1847 ж. жаз мезгіліндегі Арал-Қазалы маңындағы халықтың басына түскен ауыртпалық тарихи дерек ретінде хатта сақталған. Хаттың мазмұнынан екі жайтты аңғаруға болады. Біріншісі, хиуалықтардың озбырлығынан зәбір шеккен Сыр бойының халқы, екіншісі, халқына жаны ашып, қалай болғанда да құтқарудың жолын іздеген Жанқожа батырдың дипломатиялық қарым-қатынасты ұстануы.

Мұсабай жырау жырлаған тарихи жырдың соңы Жанқожа батырдың өлімімен аяқталады. Батырдың өліміне себепкер болған – отаршыл Ресейдің салқын саясаты мен патшаның қолшоқпарына айналған қазақ сұлтандарының алауыздығы. Күннен-күнге қазақ жеріне орныға бастаған патшалық Ресейдің 1853 ж. Сырдария шебі пайда болды. Өз иелігіне алғаннан соң Сыр қазақтарына ауыр алым-салықтар сала бастайды. Тұрмысы төмендеп, жай-күйі нашарлаған жергілікті тұрғындардың отарлаудың бұл әрекетіне іштей қайнаған ыза-кегі бұрқ етті. Оның арты ел бостандығы үшін Жанқожа батыр бастаған көтеріліске ұласты.

«Жанқожа Қазалыны қамалаған,
Орыстың азы-көбін шамалаған...
Жанқожа Қазалыда ту ұстаған,

Бастары мұсылманның қуыстанған» (Нұрмаханов, 2007: 38), – деп жырлайды жырау Жанқожаны көтерілістің басшысы ретінде сипаттап.

Халық батыры халқы үшін жанын қиды. Мұсабай жырау жырдың соңында:

«Жанқожа шыққан жалғыз батыр еді,
Бұл қазақ жықты ортадан алтын туын...
Есіл ер қапияда кетті қолдан,

Енді батыр қазаққа Жанқожадай табылмайды» (Нұрмаханов, 2007: 40), – деп, Жанқожа батырдың өз қазағының қолынан қаза тапқанына жүрегі езіле жырлайды. Тарихи деректілікпен қоса жырдың авторы батырды «алтын туға» балап, метафора үлгісін көрсетіп, тарихи шығарманың көркемдік бояуын да әрлей түскен. Жырдың тағы бір жерінде Жанқожа бейнесін аша түсу үшін батырды «лашын сұңқарға» балауы сәтті шыққан.

Жанқожа батыр жайлы жазылған жырдың алғашқысын дүниеге әкелген Мұсабай жырау туралы Әуелбек Қоңыратбаев: «XIX ғасыр оқиғаларынан алынған... халық поэзиясы таза тарихи сипатта көрінеді. Кейде тарихи-реалистік арна басым түсіп жатады. Жанқожа қозғалысын Мұсабай жырау тарихи желіде алып, эпикалық дәстүрде қайта жырлап шыққан» (Қоңыратбаев, 1991: 284), – десе, Берік Жүсіпов: «Мұсабай жыраудан жазылып алынған сюжетті ұзақ толғаудың орны бөлек екенін ерекше атап айтқан жөн. И.В. Аничков өз еңбегінде ел арасында ауызша тарап жүрген аңыз-әңгімелердің «..ең көбін батыр туралы әңгіме-аңызды төгіп-шашпай сақтай білген, оның ең жақын туысқаны боп келетін, барлық айтушылардың әртүрлі нұсқаларын түгелге жуық жинаған, Майдан аталығынан тараған атақты Мұсабай жыраудан есіттім» – дейді. Бұл да Мұсабай сияқты эпик жыршының эпикалық білімі мен жад қуатының өте жоғары болғандығын айғақтайтын құнды мәлімет» (Сұлтанов, 2006: 122), – деп тарихи жырдың авторына жоғары баға беру арқылы жырдың барынша шынайылығын айта отырып, құндылығын баса көрсетеді.

Ұлт-азаттық қозғалысқа түрткі болған тарихи жағдай мен елдің есінде мәңгілік қалар тарихи тұлғалар жайында жазылған тарихи жырлардың маңыздылығы сол, олар халық батырларына баға берер тұста бұлтартпас дерек бола алады. Ал, қазақ әдебиеті тұрғысынан қарағанда, тарихи жырлар – әдеби-көркем, саяси да тарихи шығармалар. Мұсабай жырау жырлаған «Жанқожа батыр» толғауы – осы айтылған талаптарға жауап бере алатын құнды туынды.

Жанқожа батыр бастаған көтеріліске байланысты тарихи шығармалардың ішінде ауыз әдебиеті үлгілері саналатын жоқтау, толғау секілді шағын өлеңдері шоғыры да мол. Батырдың жырауы Төремұраттың Кенесары ханға барғанын сипаттайтын жыр мен осы сапарында хан жырауы Доғалақпен қағысуы, халық толғауына айналған «Жанқожаны жоқтау», Қарасақал Ерімбеттің шағын өлеңдері арқылы тұрмыс-салт жырларының өмір шындығын бүркелемей, тарихта өткен жағдайлармен астастыра суреттелгенін көреміз. Ал Төремұрат жыраудың батыр бастаған Кіші жүз қолына жігер беріп айтқан толғауы («Созақты алсақ осыдан...») тарихи оқиғалардың мазмұнын толықтыра түскен. Және мұндай толғаулар аты шулы батырлардың жанында жүретін рухани серіктерінің жүрегінен жыр жолдары болып ағытылуы заңдылық. Оның үстіне жорық үстінде туған жырлардың тұла бойынан поэтикалық үндестікті аңғаруға болады. Мәселен, Махамбеттің әйгілі «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңіндегі сарбаздарын күреске шақырған шумақтардағы ой тұтастығы, патриоттық пафос Төремұраттың толғауында да кездеседі:

«Екі жүзді семсердің
Балдағы қолда қалғанша,
Ат басындай сом жүрек
От болып қаулап жанғанша.
Тыным алып ас ішпей,
Ат бауырынан қан кешпей,
Ел бетін көрмес күн бүгін!

Созақты алсақ осыдан,
 Қоқанның туын құлаттық.
 Сүйекті туған ерлерге,
 Табылмас бұндай азаттық» (Нұрмаханов, 2007: 84).

Төремұрат жыраудың тарихи өлең-жырларында өзге батырлардың есімдері де айтылмай қалмайды. Бекбауыл, Ақтан, Беласар, Көпжасар, Бажақ, Айдарқұл, Сатыпалды, Жұмабай, Шағырай, Сәдір, Дабыл, Қыстаубай сынды Жанқожаның сенімді серіктері қай жорықта болмасын, жеңіс туының желбіреуіне септігін тигізген. Төремұрат жыраудың Жанқожаның қолына жігер бергенде:

«Ақтан батыр ат қояр,
 Дұшпанды көрсе ұйлықпай.
 Хаққа сиын Беласар,
 Беліне садақ жарасар.
 Шағырай, Сәдір, ер Дабыл,
 Тоқым тыққан Қыстаубай,
 Іс көрсетер күн бүгін, – деп оларға сенім арта келе:
 Жанқожадай ер шығып,

Беріп тұр Құдай тілекті» (Нұрмаханов, 2007: 282), – деп, Жанқожаның тұлғасын айрықша көрсетеді.

Төремұрат, Мұсабай жыраулар – Жанқожа батырдың замандастары, қарулас достары, сенімді серіктері. Батырдың екі серігі де сауатты адам болған. Мұсабай әуелі ауыл молдасынан тіл сындырып, кейіннен орыс тілін меңгеріп алса, Төремұрат жырау Бұқара қаласынан оқып, білім алған. Жанқожа туралы толық мағлұмат білетін қос жырау – батыр туралы алғаш жырлаушылар екені тарихи жырлардың шындыққа сай екендігін дәлелдей түседі. Оның үстіне Төремұрат жыраудың баласы Ыбырайым жырау да әкесінің жырларын кейінгі ұрпаққа жеткізіп, XX ғ. 30-жылдарына дейін жырлап келген. Өкініштісі сол, жырлардың түпнұсқалары 30-жылдардағы репрессиядан соң өртеліп кеткен. Алайда бізге одан кейінгі айтушылар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушылар арқылы жетіп отыр.

Жанқожа жайындағы тарихи өлеңдердің жанрлық ерекшелігіне назар аударар болсақ, Мұсабайдың толғауы тарихилық жағынан тарихи жырдың құнын арттырса, Төремұраттың толғауында дидактикалық поэзияның сілемдері ішінара байқалады. Дидактикалық поэзияны үгіт-насихаттық, өсиет сарын сипатында түзілген, поэзиялық жанрда жазылған шығармалар екенін ескерсек, бір жағы сарбаздарды күреске шақырған азаматтық үнінде лирикалық сипат орын алса, бір жағы, үгіт-насихаттық салмақ бар. Осы жағына келгенде, тарихи өлеңдердің лирикалық-дидактикалық тұтастықта жырланғанын аңғаруға болады. Бұның бәрі Жанқожа батыр туралы шығармалардың идеялық бірлікте жырланғанын, поэзияның қатаң талабына жауап бере алатын характерде ашып көрсетілгенін дәлелдейді.

«Расында, ұлт-азаттық көтерілістердің, олардың қаһармандарының халық поэзиясында бейнеленуі сәтті шыққан. Әдебиеттегі Исатай-Махамбет образдары, Бекет батыр жөніндегі дастан, Жанқожа батыр жөніндегі жырлар – қазақ әдебиетіндегі күрделі, аса маңызды шығармалар. Бұлар біздің әдебиеттегі демократиялық жырдың бір асылдары болып табылады». (Бекхожин, 2002).

Еділдің бойы ен тоғай -
 Ел қондырсам деп едім.
 Жағалай жатқан сол елге,
 Мал толтырсам деп едім,

- деп, қазақ халқын Ресей патшалығының қол астынан бөліп алып, еліне тәуелсіздік алып

беруді мұрат тұтқан Исатай-Махамбеттің арманы 1836–1838 жж. қозғалысынан көрінсе,
Әділдікті жақтаған.

Халқын қорғап сақтаған.

Белгілі дұшпан болмаса,

Бекерге қылыш шаппаған Жанқожа батырдың тәуелсіздік жолындағы 1842–1845 және 1856–1857 жж. отаршылдыққа қарсы күресінен халық тілегін жүзеге асырудағы арманын аңғаруға әбден болады.

Тарих сахнасында Жанқожа батырдың тағы бір көрінетін тұсы – 1856–1857 жж. патшалық Ресейдің отаршыл саясатына қарсы шыққан ұлт-азаттық көтерілісі. Қазақ жерінің әр аймағында Махамбет Өтемісұлы, Исатай Тайманұлы, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістер қазақтың басын біріктіріп, бостандықты ту етіп, озбырлыққа қарсы қарсылықтарды ұйымдастырған. Ал, патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы шыққан қазақ батырларының ішінде Сыр бойындағы қалжыраған халықтың азаттығы жолында жасы сексеннен асса да, аттан түспей, ел бақыты үшін күрескен халық батыры Жанқожаның орны бөлек. XIX ғ. өзінде-ақ орыс ориенталисі И.В. Аничков Жанқожа батыр жайында: «Біз Орта Азиядағы түркі тайпаларының бас бостандығы мен тәуелсіздігі үшін шыбын жанын шүберекке түйген Кенесары, Көтібарұлы Есет, Садық және басқалар тәрізді атақты Жанқожа әулиені күллі қазақтың аты шулы батырлары мен дала қаһармандарының санатына толық жатқыза аламыз», – деп, баға берсе, XX ғ. басында М. Тынышбаев: «Барлық үш орданың ең бір атақты батыры және биі қазақтың бостандығы үшін күрескен Жанқожа батыр (Әлім, Шекті) орыстарды да, хиуалықтарды да, қоқандықтарды да, хандарды да мойындаған емес», – деп жазып кеткен. Оның үстіне «Кіші жүздің тарихы қанмен жазылған» деп баға берген Халел Досмұхамедовтің: «Патша өкіметінің құрығынан құтылу үшін Кіші жүздің істеген істерінің біз бірқатарын ғана білеміз. Бұлардың ішінде көпке әсер беріп, бүтін жұртын қорғағандары мыналар: 1785–1800 жж. Байұлы Сырым батырдың көтерілісі. Екінші, 1830–1845 жж. Байұлы Беріш руынан шыққан Тайманұлы Исатай мен Өтемісұлы Махамбеттің көтерілісі. Үшіншісі, 1850–1860 жж. Әлімұлы Шекті руынан шыққан Нұрмұхамедұлы Жанқожа мен Көтібарұлы Есеттің көтерілісі», – дегенін ешкім жоққа шығара алмайды.

Бұл – Жанқожа батырдың қаһармандық бет-бейнесіне, тұлғалық қасиетіне берілген шынайы баға. Ал, өз ортасынан шыққан батырды халқы ол өлгенде қабырғалары қайыса жоқтауы, ол жоқтаудың кейіннен халық толғауына айналуы Жанқожа рухын биіктете түседі.

Жақынсынбай, жатсынбай,

Қамқоршы болды қазаққа,

«Бәрің, – деп, – менің жақыным».

Қорғады нашар пақырын...

Жауға түсіп ақыры,

Қаза тапты қапыда

Тобасы қанып қасының.

Халқы үшін қиып бір жанын,

Сұраусыз кетті-ау, асылым.

Атағың қалған өшпейді,

Ұрпаққа қалды дабылың, – деп бас ұрады елі. Империялық саясаттың әрі қазақ арасындағы алауыздықтың, кекшілдіктің құрбанына ұшыраған Жанқожа батырдың ақтық демі таусылғанымен, оның қазақ үшін, халық үшін қасық қаны қалғанша арпалысып өткен ерлігін елі ұмытқан жоқ.

Ғұмырында батылдық қасиетті бойына дарытып, әділдікті ту еткен қарапайым

тұрмысты батыр тұлғасы ол туралы білген сайын биіктеп барады. Сондықтан Жанқожа батырдың ерлігін тану тарихтың еншісінде болса, тарихи жырлардағы қаһармандық бейнесін айшықтау – қазақ әдебиетінің үлесінде. Ал, әдебиеттің бір тармағы саналатын тарихи өлең-жырлар, соның ішінде Жанқожа батыр туралы жазылған тарихи жырлар мен дастандар – көлемі жағынан да, тарихи деректі әрі көркемдік тұрғыдан да бағалауға тұрарлық құнды дүниелер.

Әдебиеттер

Қозыбаев, 1994 – Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. Алматы. Қазақстан, 1994: 192 б.

Субханбердина, Сейфуллина, 1996 – Субханбердина Ү., Сейфуллина Д. Қазақ кітабының шежіресі. Алматы, Рауан, 1996: 13 б.

Жиреншин, 1971: 113 – Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. Алматы. Қазақстан, 1971: 113 б.

Садырбаев, 1992 – Садырбаев С. Халық әдебиетінің тарихи негіздері. Алматы. Қазақ университеті, 1992: 41 б.

Нұрмаханов, 2007 – Жанқожа батыр туралы жырлар, құраст. Н. Нұрмаханов. Астана. Фолиант, 2007: 38, 40 б.

Қоңыратбаев, 1991 – Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы. Ана тілі, 1991: 284 б.

Сұлтанов, 2006 – Сұлтанов О. Жанқожа батыр. құраст. Б. Жүсіпов. Алматы, 2006: 122 б.
Бекхожин, 2002. – Бекхожин Қ. Кенесары мен Наурызбай. Егемен Қазақстан. 26 мамыр, 2002

References

Kozybaev M., 1994: 92 – Kozybaev M. Zhaudy shapтым tu bajlap, Almaty, Kazakstan, 1994, 192 b. [in Kazakh]

Subhanberdina Y., Seifullina D., 1996: 13 – Subhanberdina Y., Seifullina D., Kazak kitabynyn shezhiresi, Almaty, Rauan, 1996, 13 b. [in Kazakh]

Zhirenshin Ә., 1971: 113 – Zhirenshin A., Kazak kitaptary tarihyнан., Almaty, Kazakstan, 1971, 113 b. [in Kazakh]

Sadyrbaev S., 1992: 41 – Sadyrbaev S.k Halyk adebietinin tarihi negizderi, Almaty, Қазақ univesiteti, 1992, 41 b. [in Kazakh]

N. Nұrmahanov, 2007: 38 – Zhankozha batyr turaly zhyrlar, kurast. N. Nұrmahanov, Astana, Foliant, 2007 [in Kazakh]

Konyratbaev A., 1991: 284 – Konyratbaev A., Kazak fol'klorynұң tarihy, Almaty, Ana tili, 1991, 284 b. [in Kazakh]

Sultanov O., 2006: 122 – Sultanov O., Zhankozha batyr, kurast. B. Zhysipov, Almaty, 2006, 122 b. [in Kazakh]

Bekhozhin K., 2002. – Bekhozhin K., Kenesary men Nauryzbaj, Egemen Kazakstan, 2002, 26 мамыр [in Kazakh]

УДК / UDC 930.253

К 100-летию Р. Кошкарбаева: источники о подвиге и награде Героя

Евгения Викторовна Чиликова¹

¹Архив Президента Республики Казахстан, Казахстан, Алматы, старший научный сотрудник Центра изучения материалов политических репрессий XX века

Аннотация. В статье рассматриваются сюжеты о судьбе участника Великой Отечественной войны, офицера Красной армии на пути к получению награды за водружение боевого знамени над Рейхстагом 30 апреля 1945 г. Представление к званию Героя Советского Союза за боевые действия по штурму Рейхстага было направлено Военному совету 3-й Ударной армии 6 мая 1945 г. Военный совет и наградная комиссия Наркомата обороны СССР подтвердили лишь награждение орденом Красного Знамени. Спустя 54 года Рахимжану Кошкарбаеву посмертно присвоили звание «Халық Қаһарманы» – Народный герой Казахстана.

Ключевые слова: боевое знамя – «стяг Победы», Рейхстаг, «Халық Қаһарманы» – Народный Герой Казахстана

Р. Қошқарбаевтың 100 жылдығына: батырдың ерлігі мен марапаты туралы деректер

Евгения Викторовна Чиликова¹

¹Қазақстан Республикасы Президенті Архиві, Қазақстан, Алматы, XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу орталығының аға ғылыми қызметкері

Аннотация. Мақалада Ұлы Отан соғысына қатысушы, Қызыл Армия офицерінің 1945 ж. 30 сәуірде Рейхстагқа жауынгерлік туды тіккені үшін марапат алу жолындағы тағдырының қиыншылықтары туралы жазылған. Рейхстагты басып алудағы әскери қимылдары үшін Кеңес Одағының Батыры атағын беру туралы ұсыныс 1945 ж. 6 мамырда 3-ші шайқас армиясының Әскери кеңесіне жіберілді. Алайда Әскери Кеңес те, КСРО Қорғаныс халық комиссариаты да тек Қызыл Ту орденімен марапатталғанын растайтын қорытынды берді. 54 жылдан кейін Рақымжан Қошқарбаевқа қайтыс болғаннан кейін «Халық Қаһарманы» – Қазақстанның Халық Қаһарманы атағы берілді.

Түйін сөздер: жауынгерлік ту – «Жеңіс туы», Рейхстаг, «Халық Қаһарманы» – Қазақстанның Халық Қаһарманы.

To the 100th anniversary of R. Koshkarbayev: sources about heroic achievements and awards

Yevgeniya V. Chilikova¹

¹Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty, Senior research fellow at the Centre for Political Studies

Abstract. The subject of our discussion is the fate of a Red Army officer who participated in the Great Patriotic War and raised a battle banner over the Reichstag on April 30, 1945. The nomination to the title of Hero of the Soviet Union for combat operations against the Reichstag was sent to the Military Council of the 3rd Shock Army on May 6, 1945. However, neither the Military Council nor the Honorary Commission of the People's Commissariat of Defense of the USSR gave an opinion, confirming only the awarding of the Order of the Red Banner. After 54 years, Rakhimzhan Kosharbayev was posthumously awarded the title of «Halyk Khakharmani» - People's Hero of Kazakhstan.

Keywords: battle banner – «banner of Victory», Reichstag, «Halyk Khakharmani» – People's Hero of Kazakhstan

Рахимжан Кошкарбаев более полувека не мог добиться официального признания своих заслуг. Об этом вспоминать сегодня горько, не вспоминать нельзя. История эта давняя и запутанная. Но, оговорюсь сразу, она завершилась в мае 1999 г., когда Н.А. Назарбаев, Президент Республики Казахстан, подписал Указ о присвоении высшей степени отличия звания «Халық Қаһарманы» – Народного Героя Казахстана Рахимжану Кошкарбаеву за мужество и героизм, проявленные в Великой Отечественной войне (АП РК. Ф.5-Н. Оп.6. Д.40. Л.101.). Рахимжан, а вместе с ним и мы, его соотечественники, сумели сохранить достоинство, честь и славу воина-защитника. К сожалению, герой до этого дня не дожил.

В апреле 1945 г. лейтенант Рахимжан Кошкарбаев вместе с рядовым Григорием Булатовым были среди тех, чьи флаги «как маки заалели» на Рейхстаге. О мужестве и героизме Кошкарбаева и Булатова 5 мая 1945 г. одной из первых рассказала газета «Воин Родины» – орган Идрицкой стрелковой дивизии. В статье «Они подняли стяг победы» писали: «Лейтенанта Рахимжана Кошкарбаева знали, как самого храброго человека. Вот почему капитан Давыдов вызвал к себе в подвал именно его. [...] Завернутое в темную бумагу знамя лежало у сердца Кошкарбаева. [...] Офицер химическим карандашом крупными буквами вывел на полотнище «Лейтенант Кошкарбаев, красноармеец Булатов». Ниже поставил часть и подразделение. [...] Кошкарбаев посадил Булатова в окно, сказал: «Ставь, Булатов». Вместе они водрузили алый стяг над Рейхстагом» (АП РК. Ф.5-Н. Оп.1. Д.5133. Л.17.).

За совершённый подвиг командование полка представило лейтенанта Кошкарбаева и красноармейца Булатова к званию Героя Советского Союза, был подготовлен и подписан наградной лист, но Рахимжан награждён был только орденом Красного Знамени.

На информационном ресурсе Министерства обороны Российской Федерации открытого доступа, наполняемым имеющимися в военных архивах документами о ходе и итогах основных боевых операций, подвигах и наградах воинов Великой Отечественной – сайте «Подвиг народа» размещен наградной лист о представлении Кошкарбаева к званию Героя Советского Союза: «за боевые действия по штурму Рейхстага», подготовленный командиром 674 стрелкового полка 6 мая 1945 г. Представление было подтверждено командиром 150 стрелковой Идрицкой дивизии 14 и 27 мая 1945 г. – командиром 73 стрелкового корпуса» (АП РК. Ф.708. Оп.139. Д.2539. Л.11–12.; ЦАМО РФ. Ф.33. Оп.686196. Ед.хр.144.). Эти документы хранятся в Центральном архиве Министерства обороны Российской Федерации (ЦАМО РФ) в г. Подольске. Заключений военного совета 3-й Ударной армии и наградной комиссии Наркома обороны в архиве обнаружить не удалось. По мнению, бывшего командира 150-й штурмовой стрелковой дивизии В.М. Шатилова: «По всей вероятности, ходатайство военного командования о присвоении звания Героя Советского Союза Р. Кошкарбаеву было отклонено вследствие необоснованной репрессии его отца в 1937 г.».

В отдельных современных публикациях отмечается, что «казахский солдат не был удостоен никаких наград Советской армии», что противоречит фактам. На уже упомянутом сайте размещены документы о награждении Рахимжана Кошкарбаева орденами Отечественной войны I степени – за участие в боях 16 апреля 1945 г. (22 апреля 1945 г.), Красного Знамени – за участие в боях 30 апреля 1945 г. (8 июня 1945 г.) и медалями «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.» (9 мая 1945 г.), «За взятие Берлина» (6 июня 1945 г.) (ЦАМО РФ. Ф.33. Оп.690306. Ед.хр.2851.).

Спустя пять лет после окончания войны, не дождавшись известия о присуждении звания Героя, Рахимжан обратился в ЦК Компартии (большевиков) Казахстана за разъяснениями – почему в 1945 г. не дали хода представлению. К заявлению он приложил газетно-журнальные вырезки, характеризующие его боевые действия. По случайности ли, либо по чьей-то воле заявление исчезло в недрах партийных кабинетов. На его поиски ушло 4 года. В апреле 1954 г. особый сектор ЦК КП Казахстана, сотрудники которого хотели ознакомиться с документами, характеризующими боевые заслуги Кошкарбаева, обратился с запросом в республиканский партийный архив. Таковых в архиве не оказалось. Хотя маленькая зацепка нашлась: «В числе документов, отложившихся в группе жалоб секретной части ЦК КП (б) Казахстана, обнаружен отпуск письма Омарова И. (бывшего) секретаря ЦК КП (б) Казахстана, адресованного Военному министру СССР Василевскому А.М. от 15 февраля 1950 г., к которому, как можно установить из письма, были приложены документы Кошкарбаева Р.» (АП РК. Ф.811. Оп.9. д.64. Л.437.). В 1950-х вразумительного ответа Рахимжан так и не получил.

В 1948 г. были опубликованы воспоминания, письма, дневники участников боев за Берлин, собранные и обработанные литературной бригадой «в дни, когда в сердцах воинов еще не остыл жар битвы» (Штурм Берлина, 1948: 484). В разделе «Взятие Рейхстага» в тексте майора И. Зенкина. «На заседании парткомиссии» описывается прием в партию бойцов в перерывах между сражениями. «30 апреля во время штурма Рейхстага, [...] заседание происходило на командном пункте стрелкового полка [...] Пришел лейтенант Кошкарбаев. Он уже успел прославиться в уличных боях. «Желаю штурмовать Рейхстаг членом партии», – писал он в своем заявлении. К моменту его приема в партию он уже начал этот штурм. Он успел проникнуть в Рейхстаг и со своим взводом уничтожил там немало немцев. Его приняли в партию, а уже через несколько минут он опять сражался в Рейхстаге [...] В разгар заседания парткомиссии над куполом Рейхстага было поднято советское знамя. Мы увидели его из окна подвала, и сильное волнение охватило нас всех. Люди, которых мы только что приняли в партию, совершали великие подвиги» (Штурм Берлина, 1948: 422–423).

Спустя 22 года эта ситуация была преподнесена несколько иначе. Генерал-лейтенант В.М. Шатилов писал: «Хорошо я запомнил лейтенанта Рахимжана Кошкарбаева, который одним из первых ворвался в Рейхстаг через главный вход. Только за ночь до подвига он был принят в ряды Коммунистической партии. Это было удивительное заседание: парткомиссия собралась в подвале здания имперского Министерства внутренних дел, которое в те дни было всем нам известно под кратким названием «Дом Гимmlера». Комсомолец Кошкарбаев – он родился в 1924 г. – подал заявление, в котором писал: «Желаю штурмовать Рейхстаг коммунистом» (Новое время №15, 1970; АП РК. Ф.5-Н. Оп.1. Д.5133. Л.18.).

Несмотря на разницу в деталях – в день штурма или накануне был принят в партию Кошкарбаев, оба автора обращают внимание на бесстрашие и храбрость юного лейтенанта, что позволило ему быть в первых рядах.

Переломным моментом в деле Рахимжана стала встреча с Бауыржаном Момышулы в 1958 г. Прославившийся еще в боях за Москву в составе 8-й Гвардейской стрелковой дивизии

им. генерал-майора И. Панфилова полководец, выйдя в запас, собирал воспоминания фронтовиков для своих будущих книг. Одним из первых в Казахстане, узнав о подвиге соотечественника, Момышулы отметил: «Это исторический человек! [...] Взятие Берлина и то, какой ценой достался флаг над Рейхстагом, – это была суцая мясорубка! [...] Рахимжан побывал в аду и вышел живым из него! Водрузил Знамя Победы! Его биография написана огнем» (Мананникова, 2015). Б. Момышулы, возглавив Комиссию по военно-художественной литературе Союза писателей Казахстана, открыл казахстанцам молодого героя Рахимжана.

В 1961 г. на совещании участников Берлинской операции генерал-лейтенант В. Шатилов, бывший командир 150 стрелковой дивизии, в которой служил Кошкарбаев, поднимал вопрос о «восстановлении справедливости в отношении тех, кто в свое время был представлен к награде, но не получил ее». В числе семи воинов, представленных к званию Героя Советского Союза, он называл и имена Р. Кошкарбаева и Г. Булатова (ЦГА РК. Ф.2364. Оп.1. Д.731.).

Судя по мемуарам, партийное руководство Казахстана о подвиге соотечественника узнало от немецких журналистов. Вот как об этом вспоминает партийно-государственный деятель Бижамал Рамазановна Рамазанова (1927–2020) – секретарь Президиума Верховного Совета Казахской ССР (1963–1975 гг.), начальник Главного архивного управления при Совете Министров Казахской ССР (1975–1982 гг.): «В канун очередной годовщины Победы в Великой Отечественной войне [осенью 1964 г.], в Алма-Ату прибыла партийно-правительственная делегация из Германской Демократической Республики, которая была принята Динмухамедом Ахмедовичем Кунаевым (1912–1993) – первым секретарем ЦК Компартии Казахстана (1960–1962, 1964–1986 гг.). В ее составе была группа журналистов, возглавляемая редактором журнала «Фремшпрахен» Карлом Кокошко (АПРК. Ф.708. Оп.38. Д.39. Л.23–26.).



Фото 1. Участники Всесоюзной конференции ветеранов войны¹. Слева направо:
 2. С. Нурмагамбетов (1924–2013) – Герой Советского Союза (1945 г.),
 5. Б. Полевой (1908–1981) – прозаик и киносценарист, журналист, военный корреспондент
 7. А. Маресьев (1916–2001) – военный летчик-истребитель, Герой Советского Союза (1943 г.).
 8. Р. Кошкарбаев (1924–1988) – Халық қахарманы (1999 г.).
 9. [А. Карсыбаева] – военный врач, г. Москва, [1950–1960-е гг.]. Личный архив А. Нурмагамбетовой

После традиционных приветствий, Димеке поинтересовался целью приезда. Немецкие товарищи ответили прямо: «Мы хотели бы встретиться с вашим героем, первым водрузившим флаг над Рейхстагом». Димаш Ахметович заметил, что герои

¹1-я состоялась в сентябре 1956 г. [Электронный ресурс]. URL: Ветеранское движение в СССР (Алла Данилина) / Проза.ру (proza.ru). Дата обращения 02.05.2024.

известны: это А. Егоров и М. Кантария. Гости сказали, что им из своих источников доподлинно известно, что на самом деле настоящими героями являются Рахимжан Кошкарбаев и Григорий Булатов, что именем Рахимжана Кошкарбаева названа школа № 5 в Кепенике под Берлином, его имя присвоено бригаде на судостроительной верфи, что они долго искали героев и хотели бы поблагодарить их от имени немецкого народа, вручить сувениры. В 1965 и 1970 гг. Р. Кошкарбаев был приглашен в Берлин.

Д.А. Кунаев заверил, что они встретятся на следующий день, а сегодня пусть ознакомятся с достопримечательностями города.

Динмухамед Ахмедович, выяснив, что Кошкарбаев работает директором Центральной бани, решил, что неудобно приглашать гостей из Германии в баню, где трудится герой войны. Кошкарбаева в срочном порядке назначили директором только открывшейся гостиницы «Алма-Ата». При встрече с Рахимжаном Кунаев, немного переговорив о войне, «начал ему пенять, мол, почему нам ничего не рассказывал» (Рамазанова, 2017).

По другим сведениям Р. Кошкарбаев приступил к обязанностям директора гостиницы «Алма-Ата» в 1967 г. (Сулейменов, 2016). Судя по данному сюжету, история Р. Кошкарбаева со временем начала обрастать мифами. Б.Р. Рамазанова упомянула в воспоминаниях деталь, также подтверждающую безрассудную храбрость Рахимжана. Ее супруг, Шапагат Альбазарович (1923–2015), призванный в 1942 г., был ранен на подступах к Сталинграду. Отправлен на лечение, потом в пехотное училище в г. Фрунзе (нынешний Бишкек), где и познакомился с Рахимжаном. Мужчины дружили семьями, поэтому Бижамал Рамазановна из первых уст могла слышать рассказ о том, как будущий герой при отъезде на фронт прощался с семьей (Мананникова, 2015: 234–235). Шапагат тогда не одобрил идею Рахимжана, запланировавшего корректировку маршрута, сказав, что по законам военного времени такое самовольство может быть расценено как дезертирство, подлежащее жесткому наказанию. Но решительный Кошкарбаев, выросший в детдоме, все-таки съездил в Акмолинск и увиделся с родными. К своей части он присоединился уже в Москве. Их направляли в действующую армию в Западную Белоруссию².

После встречи казахстанского руководства с немецкими журналистами Комиссия по военно-художественной литературе Союза писателей Казахстана собрала публикации очевидцев, выступавших с воспоминаниями в СМИ. О Кошкарбаеве писали многие и много. В 1945 г. это были военные журналисты, позднее известные писатели, военачальники, сослуживцы. Писатель Борис Горбатов в статье, помещенной в «Литературной газете» 18 декабря 1948 г. говорил: «Какой беркут может сравниться с казахом Кошкарбаевым, который на моих глазах вместе с другими товарищами водрузили Знамя Победы над Рейхстагом». Р. Кармен в беседе с корреспондентом «Казахстанской правды», опубликованной 8 мая 1949 г. говорил: «У меня сохранились кадры, отображающие доблестного воина [Кошкарбаева] в тот момент, когда он прикреплял красный флаг на Рейхстаге»³ (Мананникова,

²30 сентября 1944 г. в Бишкеке Рахимжана разыскал отец, вернувшийся из 7-ми летнего заключения. Он рассказал сыну, что был осужден за «сокрытие своего происхождения байского отпрыска», что его дед Кудайкул действительно был состоятельным человеком, но от его богатства сыну Мусе не осталось ничего. Донос на Кошкарбаева сочинили завистливые сородичи. Вероятнее всего, Рахимжан перед отправкой мечтал еще раз встретиться с отцом после многолетней разлуки.

³Существует мнение, что некоторые фотографии с участием водрузивших флаг солдат являются постановочными. Цитирую по исследованию Кул-Мухаммеда М.: «Первое фотоизображение панорамы лежащего в руинах Берлина было сделано фотокором «Правды» В. Теминым 1 мая с борта облетевшего город самолета По-2. Из-за слишком большого расстояния съемки в редакции так и не сумели различить на снимках установленное на куполе знамя. Поэтому флаг на фотокарточке пришлось дорисовывать ретушерам. В спешке рисовальщики не соблюли пропорции, и знамя оказалось невероятно большого размера, что впоследствии стало предметом серьезных разбирательств. Облетевшая весь мир и ставшая хрестоматийной фотография «Знамя Победы над Рейхстагом» принадлежит авторству известного фотокора Е. Халдея и тоже была сделана вне боевой обстановки, 2 мая, когда акт о полной и безоговорочной капитуляции был уже подписан. В действительности это фото не имеет никакого отношения к Знамени Победы, а запечатленные

2015: 251–252; АП РК. Ф.5-Н. Оп.1. Д.5133. Л.22.).

В бытность свою заместителем редактора областной газеты «Жетісу» изучал проблему Какимжан Казыбаев (Лениншил жас, 1958; Сулейменов, 2016; Простор № 5, 1961), его преемник Жанболат Аупбаев, а также писатели Габит Мусрепов, Габиден Мустафин, Абдильда Тажибаев и др.

25 февраля 1964 г. «Литературная газета» писала: «В течение трех лет редакция 5-го тома (История Великой Отечественной войны, 1963) решала очень сложную задачу...». Речь шла об изучении и описании сражений конца войны, в том числе Берлинской операции, а точнее лишь одного заключительного эпизода этой операции – водружения Знамени Победы. «...В период культа личности Сталина имена, однажды названные им, исключали возможность называть и других людей, также участвовавших в том или ином событии. Даже тогда, когда было очевидно, что допущена неточность. Так получилось с бойцами и офицерами, особо отличившимися при водружении Знамени Победы над Рейхстагом...» Во всех статьях, брошюрах, книгах того периода назывались только старший лейтенант Самсонов, сержант Егоров и рядовой Кантария. Авторы писем в редакцию «Истории» требовали восстановления полной картины, называя при этом прежде неведомых участников подвига. Историки решили тщательно изучить подробности дела. В Москву из разных районов страны были приглашены участники боев за Рейхстаг. И тогда выяснилось, что водружение Знамени Победы было актом массового героизма советских воинов. «...В Рейхстаг почти одновременно ворвались бойцы батальонов Неустроева, Самсонова, Давыдова... И каждый из воинов был охвачен жадной подвига. В этот же час над Рейхстагом взвились флаги лейтенанта Кошкарбаева и рядового Булатова из 674 стрелкового полка...» Так описан ход штурма Рейхстага в энциклопедическом томе на основании анализа и сопоставления фактов, документов и личных воспоминаний.

В 1965 г. военное издательство Министерства обороны СССР выпустило сборник рассказов корреспондента одной из дивизионных газет Василия Субботина «Как кончаются войны», написанный по фактам, происшедшим с писателем. О подвиге Рахимжана Субботин написал эссе «С флагом». Интересны примечания автора к этому эссе: «...Тут следует сказать еще раз, откуда он появился этот флаг, и что он представлял собой. В одном каком-то разрушенном, пустом доме, перед Рейхстагом еще, разорвали красную перину... Все перины у немцев шиты из толстого крепкого темно-красного тика... Это полотнище было такое длинное и тяжелое, что даже здесь, на сравнительно большой высоте оно слабо развевалось. Вот и было решено укоротить его. Не помню, кому первому пришло в голову, но оторвали мы от него порядочно ... Каждый взял себе хоть немного на память» (Субботин, 1965).

В 1965 г. на заседании Президиума ЦК Компартии Казахстана вопрос решили положительно. Было принято постановление, в котором республиканская власть обращалась к центральной с просьбой о присвоении звания «Героя» Кошкарбаеву и Булатову. Д.А. Кунаев представлял просьбу о награждении Кошкарбаева и Булатова в ЦК КПСС лично Л.И. Брежневу. Ответа в очередной раз не последовало.

